



**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ  
НОСА АНМЕТ YESEVİ ULUSLARARASI  
TÜRK-KAZAK ÜNİVERSİTESİ**



**ТҮРКОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ  
TÜRKOLOJİ ARAŞTIRMA MERKEZİ**

**ЖАЗ /YAZ - МАУСЫМ/HAZİRAN 2026 САН/SAYI: 126  
SUMMER / ЛЕТО – JUNE / ИЮНЬ 2026 ISSUE/ЧИСЛО: 126**



ТҮРКОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ  
ИНСТИТУТЫ  
TÜRKOLOJİ ARAŞTIRMA MERKEZİ

**Үіл:** 2026

**Үайын Түрү:** 3 Айлық, Ачық Еришimli,  
Улусларарасы

**Үайын Дили:** Түркче, Казакча, Русча,  
Їнгилizce

**ISSN:** 1727-060X

**e-ISSN:** 2664-3162

**Баш Editör**

Доç. Dr. Halil ÇETİN

**Editör Yardımcısı**

Bağdat YERTAYEVA

**Dil Editörleri**

Казакча: Karlygash KHAVAY

Түркче: Alpaslan KARABAĞ

Русча: Dr. Madina MOLDASHEVA

Їнгилizce: Prof. Dr. Servet ÇELİK

**Sekreteryа**

Gülнага Rahmatullayeva

**Телефон:** 8 (72533) 3-16-78; 6-36-  
36/1245

**Web:** <https://dergipark.org.tr/tr/pub/ayt>

**E-mail:** [turkology.institute@ayu.edu.kz](mailto:turkology.institute@ayu.edu.kz)

**Baskı:** Ahmet Yesevi Üniversitesi

«Turan» Matbaası



ТҮРКОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ  
ИНСТИТУТЫ  
TÜRKOLOJİ ARAŞTIRMA MERKEZİ

**Жылы:** 2026

**Басылым түрі:** 3 айлық, Ашық  
Қолжетімділік, Халықаралық

**Басылым тілі:** Түрік, Казак, Орыс,  
Ағылшын

**ISSN:** 1727-060X

**e-ISSN:** 2664-3162

**Бас редактор**

Док. доц. Халил ЧЕТИН

**Редактордың Орынбасары**

Бағдат ЕРТАЕВА

**Тілдік редакторлар**

Казакша: Қарлығаш ХАВАЙ

Түрік тілі: Алпаслан ҚАРАБАҒ

Орыс тілі: Dr. Мадина МОЛДАШЕВА

Ағылшын тілі: Ф.ғ.д., проф. Сервет  
ЧЕЛИК

**Хатшылық**

Гульнага Рахматуллаева

**Телефон:** 8 (72533) 3-16-78; 6-36-  
36/1245

**Веб-сайт:**

<https://dergipark.org.tr/tr/pub/ayt>

**E-mail:** [turkology.institute@ayu.edu.kz](mailto:turkology.institute@ayu.edu.kz)

**Басылым:** Ахмет Ясауи университеті  
«Тұран» баспаханасы

**Year:** 2026  
**Publication Type:** 3 Months, Open Access, International

**Publication Language:** Turkish, Kazakh, Russian, English

**ISSN:** 1727-060X

**e-ISSN:** 2664-3162

**Editor-in-Chief**

Doç. Dr. Halil ÇETİN

**Assistant Editor**

Bagdat YERTAYEVA

**Language Editors**

Kazakh: Karlygash KHAVAY

Turkish: Alpaslan KARABAĞ

Russian: Dr. Madina MOLDAŞEVA

English: Prof. Dr. Servet ÇELİK

**Secretariat**

Gülnara RAHMATULLAYEVA

**Phone:** 8 (72533) 3-16-78; 6-36-36/1245

**Web:** <https://dergipark.org.tr/tr/pub/ayt>

**E-mail:** [turkology.institute@ayu.edu.kz](mailto:turkology.institute@ayu.edu.kz)

**Print:** Ahmet Yesevi University  
«Turan» Press

**Год:** 2026

**Тип издания:** 3 месяца, открытый доступ, международный

**Язык публикации:** Турецкий, Казахский, Русский, Английский

**ISSN:** 1727-060X

**e-ISSN:** 2664-3162

**Главный редактор**

Док. доц. Халил ЧЕТИН

**Заместитель редактора**

Багдат ЕРТАЕВА

**Языковые редакторы**

Казахский: Карлыгаш ХАВАЙ

Турецкий: Алпаслан КАРАБАГ

Русский: Док. Мадина МОЛДАШЕВА

Английский: Ф.ғ.д., проф. Сервет ЧЕЛИК

**Секретариат**

Гульнара РАХМАТУЛЛАЕВА

**Телефон:** 8 (72533) 3-16-78; 6-36-36/1245

**Веб-сайт:**

<https://dergipark.org.tr/tr/pub/ayt>

**E-mail:** [turkology.institute@ayu.edu.kz](mailto:turkology.institute@ayu.edu.kz)

**Издание:** Университет Ахмета Есеви  
Типография «Туран»



## YAYIN KURULU

**Док., проф. Метин Экижи**

Эге университети, Туркия  
metin.ekici@ege.edu.tr

**Док., проф. Юнус Коç**

Хаджеттепе университети, Туркия  
yunusk@hacettepe.edu.tr

**Док., проф. Ахмет Канлидере**

Мармара университети, Туркия  
ahkanlidere@hotmail.com

**Док., проф. Шерубай Курманбайұлы**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университети, Қазақстан  
sherubaykurmanbaiuly@gmail.com

**Док., проф. Нуреттин Демир**

Хаджеттепе университети, Туркия  
demirn@hacettepe.edu.tr

**Док., доц. Ильхаме Гесебова**

Әзәрбайжан ғылым академиясы, Әзәрбайжан  
ilhame92@mail.ru

**Док., доц. Феруза Джуманиязова**

Өзбекстан ғылым академиясы, Өзбекстан  
jumaniyazov84@gmail.com

**Док. Зухра Алтмышова**

Қырғыз-түрік Манас университети,  
Қырғызстан

**Док. Мұстафа Неркиз**

Ахмет Ясауи университети, Қазақстан  
mustafa.nerkiz@ayu.edu.kz

**Док., проф. Метин Экижи**

Эгейский университет, Турция  
metin.ekici@ege.edu.tr

**Док., проф. Юнус Коç**

Университет Хаджеттепе, Турция  
yunusk@hacettepe.edu.tr

**Док., проф. Ахмет Канлидере**

Университет Мармара, Турция  
ahkanlidere@hotmail.com

**Док., проф. Шерубай Курманбаюлы**

Евразийский национальный университет  
имени Л. Н. Гумилева, Казахстан  
sherubaykurmanbaiuly@gmail.com

**Док., проф. Нуреттин Демир**

Университет Хаджеттепе, Турция  
demirn@hacettepe.edu.tr

**Док., доц. Ильхаме Гесебова**

Азербайджанская Академия  
Наук, Азербайджан  
ilhame92@mail.ru

**Prof. Dr. Metin Ekici**

Ege Üniversitesi, Türkiye  
metin.ekici@ege.edu.tr

**Prof. Dr. Yunus Koç**

Hacettepe Üniversitesi, Türkiye  
yunusk@hacettepe.edu.tr

**Prof. Dr. Ahmet Kanlıdere**

Ahmet Yesevi Üniversitesi, Kazakistan  
ahkanlidere@hotmail.com

**Prof. Dr. Şerubay Kurmanbayulu**

L. N. Gumilev Avrasya Devlet Üniversitesi,  
Kazakistan  
sherubaykurmanbaiuly@gmail.com

**Prof. Dr. Nurettin Demir**

Hacettepe Üniversitesi, Türkiye  
demirn@hacettepe.edu.tr

**Doç. Dr. İlhamе Gesebova**

Azerbaycan Bilimler Akademisi, Azerbaycan  
ilhame92@mail.ru

**Doç. Dr. Feruza Djumaniyazova**

Özbekistan Bilimler Akademisi, Özbekistan  
Jumaniyazov84@gmail.com

**Dr. Zukhra Altmyshova**

Kırgızistan-Türkiye Manas Üniversite,  
Kırgızistan

**Dr. Mustafa Nerkiz**

Ahmet Yesevi Üniversitesi, Kazakistan  
mustafa.nerkiz@ayu.edu.kz

**Prof. Dr. Metin Ekici**

Ege University, Turkey  
metin.ekici@ege.edu.tr

**Prof. Dr. Yunus Koç**

Hacettepe University, Turkey  
yunusk@hacettepe.edu.tr

**Prof. Dr. Ahmet Kanlıdere**

Marmara University, Turkey  
ahkanlidere@hotmail.com

**Prof. Dr. Şerubay Kurmanbayulu**

L. N. Gumilev Eurasian State University,  
Kazakhstan  
sherubaykurmanbaiuly@gmail.com

**Prof. Dr. Nurettin Demir**

Hacettepe University, Turkey  
demirn@hacettepe.edu.tr

**Assoc. Prof. Dr. İlhamе Gesebova**

Azerbaijan Academy of Sciences, Azerbaijan  
ilhame92@mail.ru

## YAYIN KURULU

**Док., доц. Феруза Джуманиязова**  
Академия наук Узбекистана, Узбекистан  
jumaniyazov84@gmail.com  
**Док. Зухра Альтмышова**  
Кыргызско-Тюркский университет  
«Манас», Кыргызстан  
**Док. Мустафа Неркиз**  
Университет Ахмета Есеви, Казахстан  
mustafa.nerkiz@ayu.edu.kz

**Assoc. Prof. Dr. Feruza Djumaniyazova**  
Uzbekistan Academy of Sciences, Uzbekistan  
jumaniyazov84@gmail.com  
**Dr. Zukhra Altmyshova**  
Kyrgyzstan-Türkiye Manas University,  
Kyrgyzstan  
**Dr. Mustafa Nerkiz**  
Ahmet Yesevi University, Kazakhstan  
mustafa.nerkiz@ayu.edu.kz

## BİLİM KURULU

**Док., проф. Юксел Челик**  
Мармара университети, Түркия  
yuksel.celik@marmara.edu.tr

**Док., проф. Өзкул Чобаноғлу**  
Хаджеттепе университети, Түркия  
ozkul@hacettepe.edu.tr

**Док., проф. Нергиз Бирай**  
Памуккале университети, Түркия  
nergisb@gmail.com

**Док., проф. Тәттігүл Қартаева,**  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университеті, Қазақстан  
kartaeva@mail.ru

**Док., проф. Дария Жигульская,**  
Ресей мемлекеттік гуманитарлық  
университеті, Ресей  
dvzhigulskaaya@gmail.com

**Док., проф. Г.Гонжа Гөкалп Алпаслан**  
Хаджеттепе университети, Түркия  
ggonca@hacettepe.edu.tr

**Док., проф. Гүлден Сағол Йүксеккая**  
Мармара университети, Түркия  
guldensagol@marmara.edu.tr

**Док., проф. Ибрахим Теллиоглу**  
Ондокуз Майыс университети, Түркия  
telliogluibrahim@gmail.com

**Док., проф. Илияс Кемалоглу**  
Мармара университети, Түркия  
ilyaskamal78@mail.ru

**Док., проф. Гузелие Гилазова**  
Казан мемлекеттік өнер институты, Ресей  
guzhaz@mail.ru

**Док., проф. Джулибой Елтазаров**  
Халықаралық «Жібек жолы» туризм және  
мәдени мұра университети, Өзбекстан  
juliboy2@gmail.com

**Док., проф. Орзигүл Хамроева**  
Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен  
әдебиеті университети, Өзбекстан  
hamroyeva@navoiy-uni.uz

**Док., проф. Гүлжанат Құрманғалиева**  
**Ержиласун**  
Анкара Хажы Байрам Вели университети,  
Түркия  
guljanatke@gmail.com

**Док., проф. Елчин Ибрахимов**  
Қарабақ университети, Әзірбайжан  
elchin.ibrahimov@karabakh.edu.az

**Док., доц. Тахир Аширов**  
Түркменстан ғылым академиясы,  
Түркменстан  
tahirashirov@gmail.com

**Prof. Dr. Yüksel Çelik**  
Marmara Üniversitesi, Türkiye  
yuksel.celik@marmara.edu.tr

**Prof. Dr. Özkul Çobanoğlu**  
Hacettepe Üniversitesi, Türkiye  
ozkul@hacettepe.edu.tr

**Prof. Dr. Nergis Biray**  
Pamukkale Üniversitesi, Türkiye  
nergisb@gmail.com

**Prof. Dr. Tattigül Kartayeva,**  
Al Farabi Kazak Milli Üniversitesi,  
Kazakistan  
kartaeva@mail.ru

**Prof. Dr. Daria Zhigulskaaya,**  
Rusya Devlet Beşeri Bilimler Üniversitesi,  
Rusya  
dvzhigulskaaya@gmail.com

**Prof. Dr. G. Gonca Gökalp Alpaslan**  
Hacettepe Üniversitesi, Türkiye  
ggonca@hacettepe.edu.tr

**Prof. Dr. Gülden Sağol Yüksekkeya**  
Marmara Üniversitesi, Türkiye  
guldensagol@marmara.edu.tr

**Prof. Dr. İbrahim Tellioglu**  
Ondokuz Mayıs Üniversitesi, Türkiye  
telliogluibrahim@gmail.com

**Prof. Dr. İlyas Kemaloglu**  
Marmara Üniversitesi, Türkiye  
ilyaskamal78@mail.ru

**Prof. Dr. Güzeliye Gilazova**  
Kazan Devlet Kültür Enstitüsü, Rusya  
guzhaz@mail.ru

**Prof. Dr. Juliboy Eltazarov**  
Uluslararası “İpek Yolu” Turizm ve Kültürel  
Miras Üniversitesi, Özbekistan  
juliboy2@gmail.com

**Prof. Dr. Orzigul Hamroyeva**  
Taşkent Devlet Özbek Dili Ve Edebiyatı  
Üniversitesi, Özbekistan  
hamroyeva@navoiy-uni.uz

**Prof. Dr. Güljanat Kurmangaliyeva**  
**Ercilasun**  
Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi,  
Türkiye  
guljanatke@gmail.com

**Prof. Dr. Elçin İbrahimov**  
Karabağ Üniversitesi, Azerbaycan  
elchin.ibrahimov@karabakh.edu.az

**Doç. Dr. Tahir Aşirov**  
Türkmenistan Bilimler Akademisi,  
Türkmenistan  
tahirashirov@gmail.com

## BİLİM KURULU

**Док., доц. Ақбота Ахметбекова**  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университеті, Қазақстан  
aaxbota@gmail.com  
**Док., доц. Миляуша Хабутдинова,**  
Казан федералды университеті, Татарстан  
mileuscha@mail.ru  
**Док., доц. Талғат Молдабай**  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университеті, Қазақстан  
talgatmoldabay@mail.ru

**Prof. Dr. Yüksel Çelik**  
Marmara University, Turkey  
yuksel.celik@marmara.edu.tr  
**Prof. Dr. Özkul Çobanoğlu**  
Hacettepe University, Turkey  
ozkul@hacettepe.edu.tr  
**Prof. Dr. Nergis Biray**  
Pamukkale University, Turkey  
nergisb@gmail.com  
**Prof. Dr. Tattgül Kartayeva,**  
El Farabi Kazakh State University,  
Kazakhstan  
kartaeva@mail.ru  
**Prof. Dr. Daria Zhigulskaya,**  
Russian State University for the Humanities,  
Russia  
dvzhigulskaya@gmail.com  
**Prof. Dr. G. Gonca Gökalp Alpaslan**  
Hacettepe University, Turkey  
ggonca@hacettepe.edu.tr  
**Prof. Dr. Gülden Sağol Yüksekkaya**  
Marmara University, Turkey  
guldensagol@marmara.edu.tr  
**Prof. Dr. İbrahim Tellioglu**  
Ondokuz Mayıs University, Turkey  
telliogluibrahim@gmail.com  
**Prof. Dr. İlyas Kemaloglu**  
Marmara University, Turkey  
ilyaskamal78@mail.ru  
**Prof. Dr. Güzeliye Gilazova**  
Kazan State Institute of Culture, Russia  
guzhaz@mail.ru  
**Prof. Dr. Juliboy Eltazarov**  
International “Silk Road” University of  
Tourism and Cultural Heritage, Uzbekistan  
juliboy2@gmail.com  
**Prof. Dr. Orzigul Hamroyeva**  
Tashkent State University of Uzbek

**Doç. Dr. Akbota Akhmetbekova**  
Al Farabi Kazak Milli Üniversitesi,  
Kazakistan  
aaxbota@gmail.com  
**Doç. Dr. Milyausha Khabutdinova,**  
Kazan Federal Üniversitesi, Tataristan  
mileuscha@mail.ru  
**Doç. Dr. Talgat Moldabay**  
L. N. Gumilev Avrasya Milli Üniversitesi,  
Kazakistan  
talgatmoldabay@mail.ru

**Док., проф. Юксел Челик**  
Университет Мармара, Турция  
yuksel.celik@marmara.edu.tr  
**Док., проф. Озкул Чобаноглу**  
Университет Хаджеттепе, Турция  
ozkul@hacettepe.edu.tr  
**Док., проф. Нергиз Бирай**  
Университет Памуккале, Турция  
nergisb@gmail.com  
**Док., проф. Таттигул Картаева**  
Казахский национальный университет  
имени Аль-Фараби, Казахстан  
kartaeva@mail.ru  
**Док., проф. Дария Жигульская,**  
Российский государственный  
гуманитарный университет, Россия  
dvzhigulskaya@gmail.com  
**Док., проф. Г.Гонжа Гокалп Алпаслан**  
Университет Хаджеттепе, Турция  
ggonca@hacettepe.edu.tr  
**Док., проф. Гулден Сагол Йуксеккая**  
Университет Мармара, Турция  
guldensagol@marmara.edu.tr  
**Док., проф. Ибрагим Теллиоглу**  
Университет Ондокуз Майис, Турция  
telliogluibrahim@gmail.com  
**Док., проф. Илияс Кемалоглу**  
Университет Мармара, Турция  
ilyaskamal78@mail.ru  
**Док., проф. Гузелие Гилагова**  
Казанский государственный институт  
культуры, Россия  
guzhaz@mail.ru  
**Док., проф. Джулибой Елтазаров**  
Международный университет туризма и  
культурного наследия «Шелковый путь»,  
Узбекистан  
juliboy2@gmail.com  
**Док., проф. Орзигуль Хамроева**  
Ташкентский государственный университет

## BİLİM KURULU

Language and Literature, Uzbekistan  
hamroyeva@navoiy-uni.uz

**Prof. Dr. Güljanat Kurmangaliyeva**  
**Ercilasun**

Ankara Hacı Bayram Veli University,  
Turkey

guljanatke@gmail.com

**Prof. Dr. Elçin İbrahimov**

Karabakh University, Azerbaijan

elchin.ibrahimov@karabakh.edu.az

**Assoc. Prof. Tahir Aşirov**

Turkmenistan Academy of Sciences,  
Turkmenistan

tahirashirov@gmail.com

**Assoc. Prof. Akbota Akhmetbekova**

Al Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan

aaxbota@gmail.com

**Assoc. Prof. Milyausha Khabutdinova,**

Kazan Federal University, Tatarstan

mileuscha@mail.ru

**Assoc. Prof. Talgat Moldabay**

L. N. Gumilev Eurasian State University,  
Kazakhstan

узбекского языка и литературы, Узбекистан  
hamroyeva@navoiy-uni.uz

**Док., проф. Гулжанат Курмангалиева**  
**Ерджиласун**

Университет Анкара Хаджи Байрам Вели,  
Турция

guljanatke@gmail.com

**Док., проф. Елчин Ибрагимов**

Карабахский университет, Азербайджан

elchin.ibrahimov@karabakh.edu.az

**Док., доц. Тахир Аширов**

Академия наук Туркменистана,  
Туркменистан

tahirashirov@gmail.com

**Док., доц. Акбота Ахметбекова**

Казахский национальный университет  
имени аль-Фараби, Казахстан

aaxbota@gmail.com

**Док., доц. Миляуша Хабутдинова,**

Казанский федеральный университет,  
Татарстан

mileuscha@mail.ru

**Док., доц. Талгат Молдабай**

Евразийский государственный  
университет имени Л. Н. Гумилева,  
Казахстан

## BİLİM KURULU

## DİZİN

## INDEX

Journal of Türkologia – халықаралық ғылыми журнал. Ол жылына төрт рет: желтоқсан, наурыз, маусым және қыркүйек айында шығады. Журнал халықаралық индекстер мен дерекқорларда индекстеледі. Журнал Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің 2025 жылдың 30 желтоқсандағы № 2169 бұйрығымен Филология ғылымдары бағыты бойынша Комитет ұсынатын басылымдар тізіміне енгізілді.

Türkoloji Dergisi, uluslararası hakemli bir dergidir. Aralık, Mart, Haziran, Eylül olmak üzere yılda dört defa yayımlanır. Uluslararası indeks ve veri tabanlarında taranmaktadır. Dergi, 30 Aralık 2025 tarihli ve 2169 sayılı karar ile Kazakistan Cumhuriyeti Bilim ve Yükseköğretim Bakanlığı Bilim ve Yükseköğretim Alanında Kalite Güvencesi Komitesi tarafından Filoloji Bilimleri alanında Komite tarafından önerilen bilimsel yayınlar listesine dâhil edilmiştir.

Журнал ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымы және ақпараттық агенттігінде тіркелген. Куәлік № 55-97-Ж 18.ІІ.2005ж. Халықаралық рецензияланатын журнал.

Dergi, Kazakistan Cumhuriyeti Yatırımlar ve Kalkınma Bakanlığı İletişim, Enformasyon ve Bilgi Komitesi'nin süreli yayın ve haber ajansında 55-97-J 18.02.2005 numaraya kayıtlıdır. Uluslararası hakemli bir dergidir.

Журнал тюркологии – международный рецензируемый журнал. Он выходит четыре раза в год: декабрь, март, июнь и сентябрь. Он сканируется в международных индексах и базах данных. Журнал был включен в список изданий, рекомендованных Комитетом в области филологических наук приказом № 2169 Комитета по обеспечению качества в науке и высшем образовании Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан от 30 декабря 2025 года.

Journal of Türkologia is an international peer-reviewed journal. It is published four times a year: in December, March, June, and September. It is scanned in international indexes and databases. The journal was included in the list of scientific publications recommended by the Committee in the field of Philological Sciences by Order No. 2169 dated 30 December 2025 of the Committee for Quality Assurance in Science and Higher Education under the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

Журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства инвестиций и развития РК как периодическое печатное издание и информационное агентство. Свидетельство № 55-97-Ж от 18.ІІ.2005 г. Международный рецензируемый журнал.

The journal is registered with the Communications, Informatization, and Information Committee of the Ministry of Investments and Development of the Republic of Kazakhstan as a periodic printed publication and news agency. Certificate No. 55-97-Ж from 18.II.2005 is an international peer-reviewed journal.



EBSCO

MODERN LANGUAGE ASSOCIATION

INDEX COPERNICUS INTERNATIONAL

asos



ROOTINDEXING

Academic Resource Index



**МАЗМУНЫ / İÇİNDEKİLER  
CONTENTS / СОДЕРЖАНИЕ**

**МАҚАЛА / MAKALE  
ARTICLE / СТАТЬЯ**

**ҒҰМАР ҚАРАШ ЖӘНЕ XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ  
GUMAR KARASH AND THE KAZAKH LITERARY LANGUAGE AT THE  
BEGINNING OF THE TWENTIETH CENTURY .....1-38**

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ ПОСТ-  
ПОСТМОДЕРНИЗМ АЯСЫНДА  
NATIONAL INTEGRATION IN MODERN KAZAKH PROSE IN THE  
CONTEXT OF POST-POSTMODERNISM.....39-62**

**ДЕКОЛОНИАЛЬНЫЙ ДИСКУРС В КНИГЕ НАЗИДАНИЙ АБАЯ  
DECOLONIAL DISCOURSE IN ABAI'S BOOK OF EDIFICATION.....63-94**

**CONTEMPORARY KAZAKH AND KYRGYZ LITERARY NARRATIVES:  
THE UTILITARIAN FUNCTION OF ETHNO-FOLKLORIC PLOTS  
ҚАЗІРГІ ЗАМАҢҒЫ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ ӘДЕБИ НАРРАТИВТЕРІ:  
ЭТНО-ФОЛЬКЛОРЛЫҚ СЮЖЕТТЕРДІҢ  
УТИЛИТАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ .....95-116**

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ  
СОПЫЛЫҚ ҰҒЫМДАР  
THE FUNDAMENTAL SUFI CONCEPTS IN THE WORLDVIEW OF KHOJA  
AKHMET YASSAWI.....117-152**

**KANI DEDIĞÜM ERENLER: “ATALAR SÖZİ”NİN DEDE KORKUT’U  
ÜZERİNE BİR DEĞERLENDİRME  
WHERE NOW ARE THE NOBLE HEROES I KEPT PRAISING: REASSESSING  
THE IMAGE OF DEDE KORKUT IN “ATALAR SÖZİ”.....153-192**

**ERMENİ HARFLİ KIPÇAK TÜRKÇESİNDE DÜZ-DAR ÜNLÜ  
NÖBETLEŞMESİ ÜZERİNE  
ON THE ALTERNATION OF HIGH UNROUNDED VOWELS IN ARMENIAN-  
SCRIPT KIPCHAK TURKISH.....194-205**

## БАС РЕДАКТОРДАН

Құрметті түркітанушы ғалымдар, қадірлі оқырмандар!

Сіздердің назарларыңызға Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы «Түркология» журналының 126-санын ұсынамыз. Бұл санға түркітану ғылымының өзекті мәселелерін қамтитын, тіл білімі, әдебиеттану, фольклортану, рухани мұра және мәдениеттану бағыттарындағы тың зерттеулер енгізілді. Жинаққа енген мақалалар тарихи тәжірибе мен заманауи ғылыми парадигмаларды ұштастыра отырып, түркі дүниесінің рухани және зияткерлік мұрасын жаңа қырынан пайымдауға мүмкіндік береді.

Санның алғашқы мақаласы – «**Ғұмар Қараш және XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі**» зерттеуі XX ғасыр басындағы қазақ қоғамдық ойы мен ағартушылық қозғалысының көрнекті өкілі Ғұмар Қараштың шығармашылық мұрасын қазақ әдеби тілінің қалыптасуы мен даму үдерісі тұрғысынан қарастырады. Авторлар қайраткердің тілдік қолданысы мен әдеби-эстетикалық ұстанымдарын талдай отырып, ұлттық әдеби тілдің жаңғыру кезеңіндегі бағыт-бағдарын айқындайды. Мақала қазақ тілінің тарихи даму заңдылықтарын түсінуге және ұлттық тілдік сананың қалыптасу ерекшеліктерін зерделеуге маңызды үлес қосады.

«**Қазіргі қазақ прозасындағы ұлттық интеграция пост-постмодернизм аясында**» атты мақалада заманауи қазақ прозасындағы ұлттық бірегейлік пен қоғамдық тұтастық мәселелері пост-постмодернистік теориялық парадигма негізінде сараланады. Зерттеу қазіргі әдеби үдерістегі ұлттық интеграция феноменінің көркемдік бейнелену ерекшеліктерін талдап, жаһандану жағдайындағы мәдени сәйкестік пен қоғамдық құндылықтардың трансформациясын көрсетуімен ерекшеленеді. Мақала әдебиеттанудағы жаңа әдіснамалық ізденістерді тереңдете түсетін құнды еңбек болып табылады.

Келесі мақала – «**Деколониальный дискурс в книге назиданий Абая**» – Абайдың қара сөздерін деколониалдық теория тұрғысынан қарастырады. Зерттеуде ойшылдың адам, қоғам, білім және руханият туралы тұжырымдары отаршылдық тәжірибе мен мәдени тәуелділік мәселелері аясында талданады. Авторлар Абай мұрасының қазіргі гуманитарлық ғылымдардағы деколониалдық дискурсқа сәйкес келетін қырларын ашып көрсетіп, оның идеяларының бүгінгі қоғамдық-мәдени үдерістер үшін өзектілігін негіздейді.

**«Contemporary Kazakh and Kyrgyz Literary Narratives: The Utilitarian Function of Ethno-Folkloric Plots»** атты зерттеу қазіргі қазақ және қырғыз әдебиетіндегі этнофольклорлық сюжеттердің қызметін салыстырмалы тұрғыдан қарастырады. Мақалада дәстүрлі мәдени кодтардың, мифологиялық және фольклорлық мотивтердің заманауи көркем мәтіндегі трансформациясы талданып, олардың ұлттық жадыны сақтаудағы рөлі айқындалады. Бұл еңбек түркі халықтарының ортақ рухани мұрасын зерттеуде және салыстырмалы әдебиеттану бағытындағы ізденістерді дамытуда маңызды ғылыми мәнге ие.

**«Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымындағы негізгі сопылық ұғымдар»** мақаласы түркі-мұсылман өркениетінің көрнекті өкілі Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасын оның негізгі сопылық категориялары арқылы зерделейді. Зерттеуде хикмет дәстүрінің өзегін құрайтын мағрифат, хақиқат, рухани кемелдену, нәпсі тәрбиесі секілді ұғымдардың мәні мен мазмұны жүйелі түрде талданған. Мақала Ясауи ілімінің дүниетанымдық негіздерін терең түсінуге мүмкіндік беріп, түркі сопылық ойының ерекшеліктерін айқындай түседі.

Санға енген **«Kanı Dedigüm Erenler: “Atalar Sözi”nin Dede Korkut’u Üzerine Bir Değerlendirme»** атты мақалада түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасының маңызды тұлғасы Деде Қорқыт бейнесі «Аталар сөзі» мәтіні негізінде қайта пайымдалады. Автор тарихи-мәдени жадтың көркем мәтіндердегі көрінісін талдай отырып, Деде Қорқыт тұлғасының ұжымдық санадағы орны мен қызметін жаңа ғылыми тұрғыдан бағалайды. Зерттеу дәстүр мен мәдени сабақтастық мәселелерін түсіндіруге бағытталған маңызды ғылыми еңбек болып табылады.

Санның соңғы мақаласы – **«Ermeni Harfli Kıpçak Türkçesinde Düz-Dar Ünlü Nöbetleşmesi Üzerine»** – тарихи түркі тілдерінің фонетикалық жүйесін зерттеуге арналған. Ермені жазулы қыпшақ ескерткіштеріндегі дауысты дыбыстардың алмасу құбылыстарын талдау арқылы автор түркі тілдерінің тарихи даму ерекшеліктерін, олардың өзара байланысы мен эволюциялық заңдылықтарын анықтайды. Мақала тарихи тіл білімі мен түркітану саласындағы маңызды ғылыми мәселелерді нақты тілдік деректер негізінде қарастыруымен құнды.

Журналдың осы санында жарияланған мақалалар түркі дүниесінің тілдік, әдеби, мәдени және рухани мұрасын әртүрлі ғылыми қырынан зерделей отырып, заманауи гуманитарлық зерттеулердің өзекті бағыттарын қамтиды. Тарихи мұра мен қазіргі ғылыми ізденістердің сабақтастығын көрсететін бұл еңбектердің түркология ғылымының дамуына және халықаралық ғылыми қауымдастықтағы зерттеулердің тереңдеуіне өз үлесін қосатынына сенім білдіреміз.

Осы санның жарық көруіне үлес қосқан авторларға, рецензенттерге және редакциялық алқа мүшелеріне шынайы алғысымызды білдіреміз. Журналымыз алдағы уақытта да түркология ғылымының өзекті мәселелерін қамтып, ғылыми пікір алмасудың беделді алаңы болып қала береді деп сенеміз.

Құрметпен,

**Бас редактор**

**Док., доц. Халил ЧЕТИН**

## BAŞ EDİTÖRDEN

Değerli Türkoloji Araştırmacıları, Kıymetli Okuyucularımız,

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Dergisi'nin 126. sayısını sizlerle buluşturmaktan memnuniyet duyuyoruz. Bu sayımızda Türkoloji araştırmalarının farklı alanlarını kapsayan, tarihî ve çağdaş meseleleri disiplinlerarası bir bakış açısıyla ele alan yedi değerli çalışma yer almaktadır. Dil, edebiyat, düşünce tarihi, tasavvuf ve folklor araştırmalarını bir araya getiren bu çalışmalar, Türk dünyasının kültürel ve entelektüel mirasını yeni perspektiflerle değerlendirmektedir.

Sayımızın ilk makalesi olan **“Ғұмар Қараш және XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі”**, XX. yüzyıl başı Kazak aydınlanmasının önemli temsilcilerinden Ғұмар Қараш'ın dil anlayışını ve eserlerinin Kazak edebî dilinin oluşum sürecindeki yerini incelemektedir. Kazak toplumunun modernleşme döneminde dilin üstlendiği kültürel ve toplumsal işlevleri ortaya koyan çalışma, bir yandan dönemin dil politikalarına ışık tutarken diğer yandan millî kimlik inşasında edebî dilin rolünü değerlendirmektedir. Tarihî dil araştırmaları açısından önemli veriler sunan makale, Kazak yazı dilinin gelişim çizgisini anlamak bakımından dikkate değer bir katkı niteliğindedir.

**“Қазіргі қазақ прозасындағы ұлттық интеграция пост-постмодернизм аясында”** başlıklı çalışma, çağdaş Kazak nesrini post-postmodernizm kuramı çerçevesinde ele alarak ulusal entegrasyon kavramını edebî metinler üzerinden tartışmaktadır. Küreselleşme, kimlik, aidiyet ve toplumsal bütünleşme gibi günümüzün temel meselelerini Kazak edebiyatındaki anlatı stratejileri üzerinden inceleyen araştırma, çağdaş edebiyatın toplumsal dönüşümleri yansıtma ve yönlendirme gücüne dikkat çekmektedir. Bu yönüyle makale, yalnızca edebiyat incelemelerine değil, kültürel çalışmalar ve sosyal bilimlerin alanındaki tartışmalara da katkı sunmaktadır.

Sayımızda yer alan **“Деколониальный дискурс в книге назиданий Абая”** adlı çalışma, Kazak düşünce tarihinin en önemli isimlerinden Abay'ın “Kara Sözlere”ni dekolonyal teori bağlamında yeniden değerlendirmektedir. Eserde yer alan ahlaki, toplumsal ve kültürel eleştirileri sömürgecilik sonrası düşünce perspektifiyle ele alan makale, Abay'ın fikir dünyasının günümüz entelektüel tartışmalarıyla nasıl ilişkilendirilebileceğini göstermektedir. Böylece klasik bir metin, çağdaş kuramsal yaklaşımlar aracılığıyla yeniden okunmakta ve yeni anlam katmanları kazanmaktadır.

**“Contemporary Kazakh and Kyrgyz Literary Narratives: The Utilitarian Function of Ethno-Folkloric Plots”** başlıklı makale, çağdaş Kazak ve Kırgız edebiyatlarında etno-folklorik anlatıların üstlendiği işlevleri karşılaştırmalı olarak incelemektedir. Ortak kültürel hafızanın, sözlü gelenek unsurlarının ve folklorik motiflerin modern anlatılardaki dönüşümünü ele alan çalışma, Türk dünyası edebiyatları arasındaki kültürel sürekliliği ortaya koymaktadır. Geleneksel anlatı kalıplarının çağdaş edebî üretimde nasıl yeniden yorumlandığını göstermesi bakımından araştırma, karşılaştırmalı edebiyat ve folklor çalışmaları açısından önemli sonuçlar içermektedir.

**“Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымындағы негізгі сопылық ұғымдар”** adlı makale, Türk-İslam düşünce tarihinin en etkili şahsiyetlerinden biri olan Hoca Ahmet Yesevi’nin tasavvuf anlayışını temel kavramlar ekseninde incelemektedir. Hikmet geleneğinin şekillenmesinde belirleyici rol oynayan irfan, marifet, aşk, nefis terbiyesi ve insan-ı kâmil gibi kavramların sistematik biçimde ele alınması, Yesevi öğretisinin düşünsel temellerini daha iyi anlamamıza imkân vermektedir. Çalışma, yalnızca tasavvuf araştırmaları için değil, Türk kültür tarihinin manevi kaynaklarını inceleyen araştırmacılar için de önemli bir başvuru niteliğindedir.

Bu sayıda yer alan **“Kanı Dedigüm Erenler: ‘Atalar Sözi’nin Dede Korkut’u Üzerine Bir Değerlendirme”** başlıklı makale, Türk kültürünün en önemli anlatı kahramanlarından biri olan Dede Korkut’u farklı bir metinsel gelenek üzerinden yeniden değerlendirmektedir. “Atalar Sözi” metninde şekillenen Dede Korkut imgesini inceleyen çalışma, kültürel hafızanın farklı dönemlerde ve farklı metinlerde nasıl yeniden üretildiğini ortaya koymaktadır. Böylece Dede Korkut’un yalnızca tarihî bir figür değil, Türk dünyasının ortak kültürel bilincini temsil eden dinamik bir sembol olduğu vurgulanmaktadır.

Sayımızın son makalesi olan **“Ermeni Harfli Kıpçak Türkçesinde Düz-Dar Ünlü Nöbetleşmesi Üzerine”**, tarihî Türk lehçeleri araştırmalarına önemli katkılar sunmaktadır. Ermeni harfli Kıpçak Türkçesi metinlerinden hareketle ses değişimleri ve ünlü nöbetleşmeleri üzerinde duran çalışma, Türk dil tarihinin karanlıkta kalmış bazı yönlerini aydınlatmaktadır. Dil verilerine dayalı ayrıntılı incelemeler, tarihî lehçeler arasındaki ilişkilerin ve fonetik gelişim süreçlerinin daha iyi anlaşılmasına imkân sağlamaktadır.

Türkoloji Dergisi’nin 126. sayısında yer alan bu çalışmalar, Türk dünyasının dil, edebiyat, kültür ve düşünce mirasını farklı yönleriyle ele almakta; gelenek ile modernite arasında kurulan çok katmanlı ilişkileri görünür kılmaktadır. Tarihî metinlerden çağdaş anlatılara, dil araştırmalarından kültürel kuramlara uzanan geniş bir yelpazeyi kapsayan bu sayımızın, Türkoloji alanındaki bilimsel tartışmalara yeni açılımlar kazandıracağına inanıyoruz.

Bu sayının hazırlanmasına katkı sađlayan deđerli yazarlarımıza, hakemlerimize ve yayın kurulu üyelerimize teşekkür eder; dergimizin Türkoloji arařtırmalarına katkı sunmaya devam etmesini temenni ederiz.

Saygılarımızla,

**Baş Editör**  
**Doç. Dr. Halil ÇETİN**



**МАҚАЛА / ARTICLE**  
**MAKALE / СТАТЪЯ**

## ҒҰМАР ҚАРАШ ЖӘНЕ XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

Sherubay KURMANBAIULY\*

**Андатпа:** Мақалада XX ғасыр басындағы өмірден өткен ақын, қоғам қайраткері, қазақ білімпазы Ғұмар Қараш шығармаларының тілі, сөз қолданыс ерекшеліктері қарастырылады. Ақын өлеңдері мен басқа да еңбектерінде кездесетін ерекше қолданыстағы зат есімдер, сын есімдер, етістіктер, үстеулер мен жергілікті сөздер қазіргі әдеби тілдегі нұсқаларымен салыстырыла талданады. Сонымен қатар автор қолданысындағы ерекше тіркестер, мақал-мәтелдер мен теңеулер де талданады. Ғұмар Қараш шығармаларындағы қазіргі тілде қолданылмайтын немесе өте сирек қолданылатын көне, өнімсіз қосымшалар анықталады. Ақын еңбектеріндегі үшбу, ләкін, халбұқи, уа, һәм, олар сияқты кітаби тіл элементтерінің қолданысы көрсетіліп, туысқан түрік тілдерінің әсері, лексикалық бірліктер мен грамматикалық тұлғалар туралы сөз болады. Қалам иесінің қолданған мақал-мәтелдері мен теңеулері, оның шығармаларындағы қазіргі әдеби тілде ұшыраса бермейтін ерекше тіркестер айқындалып, олардың мағыналары түсіндіріледі. XX ғасыр басындағы қазақ тілі дамуының кезеңдік келбеті, ақын тілінің ерекшеліктермен байланыстырыла сипатталады. Қарымды қаламгер, белгілі ақын Ғ.Қараш белсенді шығармашылық қызметі, әдеби мұрасы арқылы өткен ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің, жазба әдеби тілінің дамуына үлес қосқан тұлға деген тұжырым жасалады.

**Кілт сөздер:** Ғұмар Қараш, Әдеби тіл, XX ғасыр басы, Кітаби тіл, Тілдік ерекшеліктер

---

Araştırma Makalesi / Künye: Kurmanbaiuly, S. “Ғұмар Қараш Және XX Ғасыр Басындағы Қазақ Әдеби Тілі”. Türkoloji, 126 (Haziran 2026), s. 1-38.

\* Prof. Dr., Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, e-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com, ORCID: 0000-0002-4587-4452

## **GUMAR KARASH AND THE KAZAKH LITERARY LANGUAGE AT THE BEGINNING OF THE TWENTIETH CENTURY**

**Abstract:** The article examines the language and stylistic features of the works of Gumar Karash, a poet, public figure, and prominent Kazakh intellectual of the early twentieth century. The study analyzes distinctive lexical usages in his poetry and other writings, including nouns, adjectives, verbs, adverbs, and regionalisms, comparing them with their counterparts in the contemporary Kazakh literary language. Special attention is devoted to the author's unique phraseological constructions, proverbs, and similes. The research identifies archaic and non-productive affixes occurring in Karash's works that are no longer used or are only rarely attested in modern usage. The employment of bookish language elements such as *ushbu*, *lakin*, *halbuki*, *ua*, *ham*, and similar forms is examined, and the influence of related Turkic languages is discussed with reference to both lexical items and grammatical forms. Furthermore, the proverbs, similes, and distinctive expressions found in the author's works—many of which are uncommon in present-day literary language—are identified and their semantic features explained. The developmental stage of the Kazakh language at the beginning of the twentieth century is characterized through an analysis of the linguistic features of Karash's texts. The study concludes that Gumar Karash, as a prolific writer and influential poet, made a significant contribution to the development of early twentieth-century Kazakh literature and the formation of the written literary language through his active creative work and rich literary legacy.

**Keywords:** Gumar Karash, Kazakh literary language, Early twentieth century, Bookish language, Linguistic features.

### **Kіріспе**

XX ғасыр басындағы тілдік ерекшеліктер мен Алаш қайраткерлерінің тілі ғылыми айналымға 1980 жылдардың аяғынан бастап жүйелі түрде ене бастады. Бұған дейін саяси-идеологиялық себептерге байланысты Алаш мұрасын жан-жақты зерттеу мүмкіндігі шектеулі болды. Тәуелсіздік қарсаңында және одан кейінгі жылдары Алаш қозғалысы өкілдерінің әдеби, тарихи және тілдік мұрасы қайта қарастырылып, ғылыми тұрғыдан зерделене бастады. Соған қарамастан, XX ғасыр басындағы жазба әдеби тілдің сипаты, оның стильдік тармақталуы мен жеке қаламгерлер тілінің ерекшеліктері толық әрі кешенді түрде зерттелді деу қиын.

Қазақ әдеби тілінің XV-XIX ғасырлардағы даму тарихы І. Кеңесбаев, С. Аманжолов, М. Балақаев, Т. Қордабаев, Р. Сыздық, Ә. Құрышжанұлы, Қ. Өмірәлиев, Ш. Сарыбаев, С. Исаев, Е. Жанпейісов, Б. Әбілқасымов және басқа да ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылды. 1960 жылдары жарық көрген «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері» атты жинақта да тіл тарихына қатысты құнды деректер берілді. Кейінгі кезеңде әдеби тіл тарихы мәселелері Е. Жұбанов, Б. Момынова, Ғ. Қалиев, Г. Боранбаева, Г. Хамзина еңбектерінде жалғасын тапты.

Ал XX ғасырдың басы мен 1930-жылдар аралығындағы әдеби тілдің дамуы, стильдік тармақтарының қалыптасуы Ә. Қайдар, Р. Сыздықова, С. Исаев, Ә. Айтбаев, Б. Әбілқасымов, Е. Жанпейісов еңбектерінде әр қырынан сөз болды. Терминологиялық жүйенің қалыптасуы мен алаш оқығандарының терминжасам ұстанымдары Ш. Құрманбайұлы зерттеулерінде арнайы талданды. Сонымен бірге Ж. Жақыпов, О. Жұбаева, М. Жүсіпов, Ш. Мәжітаева, Ш. Біләлов және басқа зерттеушілер алаш қайраткерлері шығармаларын лексикалық, грамматикалық, стильдік тұрғыдан қарастырды. Алаш басылымдарының тілі мен тарихи деректері Қ. Сақ, О. Жұбаева еңбектерінде жинақталып, ғылыми жобалар аясында жүйеленді. Сонымен қатар XX ғасыр басындағы қаламгерлер тіліне қатысты бірқатар кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. Дегенмен алаш қайраткерлерінің жеке тілдік ерекшеліктері мен олардың функционалдық стильдерді қалыптастырудағы рөлі арнайы, кешенді түрде толық ашылды деуге әлі ертелеу. Көп жағдайда жекелеген грамматикалық тұлғалар мен лексикалық ерекшеліктер аталып өткенімен, олардың тарихи негізі, көне түрік қабатымен сабақтастығы, аймақтық қолданыстармен байланысы жүйелі түрде талдана қойған жоқ.

XX ғасырдың алғашқы жартысындағы тілтанымдық зерттеулерде революцияға дейінгі жазба мұралардың тілі көбіне «қойыртпақ», «шұбар», «жалпы халықтық тілден алшақ» деген сипатта бағаланып, араб-парсы, шағатай дәстүріне тән элементтер әдеби тілдің табиғи даму арнасынан тыс құбылыс ретінде қарастырылды. Кітаби тіл дәстүрі «ескі жазба үлгі», «жаргондық қабат» ретінде танылып, оны әдеби тілдің ілгерілеуіне кедергі келтірген құбылыс деп түсіндіру басым болды (Сарыбаев, 1963, 7-б.). Мұндай көзқарас шағатай жазба дәстүрінің қазақ жазба тіліне ықпалын арнайы, жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік бермеді. Нәтижесінде XX ғасыр басындағы қаламгерлер тіліндегі кітаби элементтер көбіне «қалдық құбылыс», «идеологиялық

тұрғыдан ескірген қабат» ретінде сипатталып, олардың тарихи-лингвистикалық негізі, түркі жазба дәстүрімен сабақтастығы терең талданбады. Ал шын мәнінде, араб-парсы, шағатай әдеби тілі элементтері қазақ жазба тілінің белгілі бір кезеңдегі функционалдық-стильдік қабатын құрап, сол дәуірдегі ресми-діни, публицистикалық, эпистолярлық мәтіндердің тілдік нормасын айқындаған. Кеңестік кезеңде әдеби тілді «тазарту», «кітаби қоспалардан арылту» ұстанымы мемлекеттік деңгейде жүргізілген тіл саясатының құрамдас бөлігі болды. Соның салдарынан *һәм, ләкін, ұшбу, милләт, гамал, хауіф, тәржімә* тәрізді қолданыстар тілдік эволюцияның заңды кезеңдік көрінісі ретінде емес, нормадан тыс элементтер ретінде бағаланды. Бұл үрдіс жазба тілдің тарихи көпқабаттылығын тұтастай қарастыруға белгілі бір дәрежеде кедергі келтірді. Осы тұрғыдан алғанда, XX ғасыр басындағы қаламгерлер тілін, соның ішінде Ғұмар Қараш шығармаларын зерттеу тек жекелеген грамматикалық немесе лексикалық ерекшеліктерді сипаттаумен шектелмеуі тиіс. Олардың тіліндегі кітаби дәстүр элементтері, шағатайлық қабат, аймақтық қолданыстар мен көне түркілік тұлғалар қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихындағы сабақтастық пен көпарналы дамудың айғағы ретінде қарастырылуы қажет.

Кітаби тіл дәстүрінен толық арылған қазақтың ұлттық әдеби тілі XIX ғасырдың екінші жартысында біржола қалыптасты деу ғылыми тұрғыдан толық дәл бола бермейді. Өйткені XX ғасырдың басында да бірқатар қаламгерлер шығармаларында түркі жазба дәстүрінің, соның ішінде шағатайлық қабаттың жекелеген элементтері сақталып, функционалдық тұрғыдан қолданылып отырды. Бұл құбылыс жазба тілдің тарихи сабақтастығын және оның көпқабатты табиғатын аңғартады.

Жаңа жазба әдеби тілдің қалыптасуында әрі ұлттық әдеби тілдің жаңа сапалық деңгейге көтерілуінде Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы бастаған алаш қайраткерлерінің еңбегі айрықша болды. Олар жалпыхалықтық тіл негізінде жазу принципін орнықтырып қана қоймай, публицистикалық, ғылыми және көркем стильдердің жіктелуіне жол ашып, әдеби тілдің нормалану үдерісін жеделдетті. Соның өзінде олардың тілінен кітаби тілдің ерекшеліктерін кездестіре аламыз. Солардың бірі – XX ғасыр басындағы көрнекті ақын, қоғам қайраткері, ағартушы Ғұмар Қараш. Оның шығармалары сол дәуірдегі қазақ тілінің даму деңгейін, стильдік қабаттарын, кітаби тіл элементтерінің қолданылуын, жергілікті тіл ерекшеліктерін және көне түркілік тұлғалардың сақталуын айқын

көрсететін маңызды тілдік дерек көзі болып табылады. Ғұмар Қараш тілінде халықтық сөйлеу дәстүрі, жазба әдеби нормалар мен түрік тілдеріне ортақ әдеби элементтер өзара ұштасып жатады.

Жан-жақты білім иесі, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Ғұмар Қараш шығармаларының тілін зерттеу – тек жеке қаламгердің тілдік ерекшелігін анықтау үшін ғана емес, ол өмір сүрген кезеңдегі ұлттық тілдің даму бағытын, нормалану үдерісін айқындау үшін де маңызды. Осы мақалада қаламгер мұрасы бойынша жиналған тілдік деректер тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде талданып, оның сөз қолданысы мен грамматикалық ерекшеліктері қазіргі әдеби тіл нормаларымен салыстырыла қарастырылады. Сонымен бірге ақын тіліндегі құбылыстар арқылы XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілінің кезеңдік келбеті мен стильдік жіктелу алғышарттары айқындалады.

### **Зерттеу әдістері мен материалдар**

Зерттеудің негізгі материалы ретінде Ғұмар Қараштың 2018 жылы жарық көрген үш томдық шығармалар жинағы, сондай-ақ ақынның Қазан, Уфа қалаларында басылған еңбектері мен кейінгі жылдары жарияланған толықтырылған басылымдары алынды. Сонымен қатар қаламгердің публицистикалық мақалалары, өлеңдері мен прозалық мәтіндері тұтас қамтылып, олардан тілдік деректер іріктеу әдісі арқылы жинақталды. Зерттеу барысында мәтіндерден көне тұлғалар, кітаби тіл элементтері, шағатай жазба дәстүріне тән грамматикалық көрсеткіштер, жергілікті (батыс аймаққа тән) қолданыстар, өнімсіз жұрнақтар мен ерекше тіркестер жүйелі түрде сұрыпталып, картотекалық негізде топтастырылды.

Негізгі әдістер ретінде: тарихи-салыстырмалы әдіс – Ғ. Қараш қолданысындағы тұлғаларды көне түркі жазба ескерткіштері, орта ғасыр мұралары, XIX ғасыр әдеби тілі (Абай, Шәкәрім, ақын-жыраулар тілі) және қазіргі әдеби тіл нормаларымен салыстыру үшін; диахрондық талдау әдісі – XX ғасыр басындағы тілдік құбылыстардың тарихи сабақтастығын, эволюциялық өзгерісін айқындау үшін; сипаттамалы (дескриптивтік) әдіс – ақын шығармаларындағы лексикалық, грамматикалық, стильдік ерекшеліктерді жүйелі сипаттау үшін; құрылымдық-морфологиялық талдау – көне және өнімсіз қосымшалардың (-дүр, -тұғын, -ашак/-ешек, -улы/-улі, -лар/-лер т.б.) қызметін анықтау үшін; лингвостилистикалық талдау – ерекше тіркестер, мақал-мәтелдер, теңеулер мен фразеологиялық қолданыстардың стильдік жүктемесін ашу үшін қолданылды.

Зерттеу барысында Ғ. Қараш тіліндегі құбылыстар Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, тарихи грамматикалар мен әдеби тіл тарихына қатысты еңбектердегі деректермен салыстырылды. Сондай-ақ XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы мерзімді баспасөз материалдары мен сол кезеңдегі тілдік нормалану үдерісіне қатысты зерттеулер ескерілді. Материалдарды талдау нәтижесінде ақын тіліндегі кітаби дәстүр элементтері, шағатайлық қабат, жергілікті аймақтық ерекшеліктер мен жалпыхалықтық тіл негізіндегі қолданыстардың өзара ұштасуы анықталып, олардың XX ғасыр басындағы қазақ жазба әдеби тілінің кезеңдік келбетін сипаттаудағы маңызы айқындалды.

### Талдау мен нәтижелер

#### Етістіктер қолданысы

Гұмар Қараш шығармаларындағы етістіктер қолданысының ерекшеліктеріне де тоқталмай өтуге болмайды.

*Есім-* Бүгінгі әдеби тілде «есті» тұлғасында қолданылатын етістік Ғ. Қарашта «есіт» түрінде қолданылады. Мысалы: «*Есіткеніменен, жасағысы келгеніменен, қалай етіп жасаудың мәнісін білмейтін қара халық қалай жасасын?*» «Әр жерде азаматың бас көтерсін, *Есімін* бостандықтың үнін, қазақ!» (Қараш, 2018, 170-б.).

Көне түрік жазба ескерткіштерінде *ешид-/ешит-*; орта ғасыр жазба мұраларында *ешит-/ишит-/ишид-* формаларында қолданылған. Бірқатар түрік тілдерінде осы нұсқада кездеседі. Абай да *есім-* деп қолданады:

Жамандық тұрмас күттіріп, Ел *есітті*, қыз білді» (Асқа, тойға баратұғын).

«Мен дағы көп *есіттім* жастың назын, Қол жетпеске қол созар бар ма ылажың?» (Ғабидоллаға).

Абайға дейін жеткен, кейбір оңтүстік говорларда сақталған етістіктің осы көне формасын Ғ.Қараш та қолданған.

*Есім-* формасы XX ғасыр басындағы әдеби тілге тән ерекшеліктердің бірі, оны келесі мысалдардан көреміз:

Тырна *есімін* мына сөзді, жаман састы / Етпес деп Қасқыр олай, ойламас-ты. (Ахмет, Қасқыр мен тырна).

Тыңдасаң, *есітесің* жаныңменен / Сар дала күңіренеді сарынменен (Мағжан, Қорқыт).

Қазақ емлесінің негізі дыбыс жүйесінше болу керек де, дыбыс-дыбыстың бәрі де айтылған, *есітілген* күйінде жазылу керек... Бірнеше түбірдің біріккенінен бір мағыналы сөздер де *есітілген* күйінде тұтас жазылады (Жұбаева, 2013, 29-б).

Етістіктің осы көне тұлғасының метатезаға ұшырауының нәтижесінде қазіргі әдеби тілдегі *есіті-* қалыптасқан.

*Қыл-* Көне түрік тілінде, орта ғасыр ескерткіштерінде негізінен қыпшақ тілдерінде, XVIII-XIX ғасырларда ақын-жыраулар мен Абай тілінде «қыл-» етістігі жиі қолданылды (Құрманбайұлы, 2020, 80-б.). XX ғасыр басында «қыл-» етістігінің қолданысы сиреп, «ет-» көмекші етістігі белсенді қолданыла бастағанына қарамастан, Ғ. Қарашта «қыл-» жиі қолданылады. Мысалы: Бір нөмірде мәшһүр философ Жамалидин Әл-Афғани хазіреттің Мысырда оқыған бір хұтбасын мұталаға *қылдым* (2018, 76-б.). Не *қылмақ* керек, қиындықсыз рахат табылмайды (2018, 141-б.). Әдебиетін олардың ана тілі орнына таратуға ыждаһат *қылды* (2018, 187-б.). Мединеде болған қазақ шәкірттері жиналып, бұл туралы бірнеше мәрте кеңес *қылды* (2018, 195-б.). Бұлар комиссия мен халық арасында алыпсатарлық *қылды* (2018, 217-б.).

Мысалдар көрсетіп отырғанындай, «қыл-» етістігі ақын тілінде *қылды*, *қылдым*, *қылмақ*, *қылысты* сияқты бірнеше формада қолданылады. Көне түріктер тілінде, одан кейін орта ғасыр ескерткіштерінде, беріде қазақтың ақын-жыраулары тілінде қолданып келген «есіт-» және «қыл» етістіктерін XIX ғасырдың аяғына қарай Қазақстанның шығысында Абайдың, батысында Ғұмардың қолданылуы тілдегі ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан сабақтастықтың бір көрінісі.

*Мұт.* Қазіргі әдеби тілдегі «ұмыт» етістігі Ғ. Қарашта «мұт» түрінде қолданылады. Мысалдар: «Адаммен адам күні» деген сөздің Мәнісін есте тұтып, *мұтпағаның* (2018, 27-б.), «Бір күні Қауысбай қалаға келіп, шәй-су алып, қаладан шығып бара жатқанда есіне түседі: бір керек заттың бірін алуға *мұтқан* екен. «Бұл әншейін екеуміздің арамздағы есеб-хисабды *мұтылмас* үшін осы бір қағазға иазыб едім», – дейді (2018, 128-129-б.).

Бұған дейін бұл етістіктің Шәкәрімде қолданылғаны және оның көне нұсқа екені айтылған еді (Құрманбайұлы & Әділов, 2024, 54-б.).

Шәкәрім:

Өлген соң елім мұтсын деп,

Атымды қойдым – «Мұтылған» (Шәкәрім, Мұтылғанның өмірі).

Шәкірімде бұл етістіктің *мұтпай*, *мұтсын*, *мұтылған*, *мұтылтқан* сияқты бірнеше формалары кездесе, Гұмар Қарашта – *мұтқан*, *мұтпаған*, *мұтылмас* формалары қолданылады. XX ғасыр басына дейін жеткен көне форма Шәкәрім мен Ғ.Қараштан кейінгі әдебиет өкілдерінен ұшыраса беремейді.

*Жұмыстану*. Ол айтады: «игілік деген – бәрінен бегірек әдет, сол үшін де оны *жұмыстану*, жаттығу жолыменен меңгертуге болады» дейді (2018, 279-б.). Автор бұл етістікті жалпы әдеби тілдегі «жұмыс істеу» орнына қолданады. «Жұмыстану» етістігі қазіргі уақытта да елімізді батыс өңірлерінде Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстарында жиі қолданылатын жергілікті ерекшелік. Мысалы: «Біздің міндет сол заңдарды, өзгерісті халыққа түсіндіру, рухани деңгейінің көтерілуіне *жұмыстану*, білім беру саласындағы жаңа инновацияларды жетілдіру» (Иманғалиев, 2016).

Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде етістіктің «жұмыстау» формасы көрсетіледі. *Жұмыстау* (Гур., Маңғ.; Көкш.: Руз., Зер., Қ.ту; МХР) жұмыс істеу. Ол пекарнайда жұмыстайды (Гур., Маңғ.). Бекішев жолдас 1945 жылы 2000 га жерді трактормен *жұмыстауға* міндеттеме алып отыр (Көкш., Руз.). Аймағымыз көлемінде дайындалып отырған әр түрлі шикізаттың сапасын жақсарту үшін төмендегі жайлар ды еске алып *жұмыстасақ* тиімді болар еді (Ж. өмір). Комиссия белгілі жоспармен *жұмыстай* бастады (Ж.өмір). Біз 3 айдың 25-інен адам дәрігер бөлімшесін осында жұмыстатамыз (Ж. өмір) (Қалиев жб., 2005, 273-б.).

Осы қолданыстардағы жұмыс+та, жұмыс+та+й, жұмыс+та+й+ды, жұмыс+та+у, жұмыс+та+са+қ формалары сияқты, «жұмыстану» да жұмыс-та+n+у түрінде туындаған. Яғни говорларда қолданылатын «жұмыс» зат есімінен туындаған «жұмыста» етістігінен өрбіп отыр.

*Шалттау*. «Кей мезгілде адам фікірі көпке дейін бір ананы, бір мынаны істеуге кірісіп жүрсе де, біріне де көңіл тоқтап, бақырай алмайды, ақырында бір жұмысқа тірелгенде көңілі жай тауып, *шалттап*, «Менім іздеп жүргенім осы еді» дейтін шекке келеді (2018, 281-б.).

Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде «шалт», «шалтты» сын есімнің Атырау, Маңғыстау Ресейдің Саратов облыстарында қолданылатыны көрсетіледі: *Шалт* (Гур., Тең.; Рес., Саратов) шат, қуаныш, көңілі

көтеріңкі. Ол бүгін көп алып, көңілі шалт көрінеді (Гур., Тең.). Бастыққа барсам шалт екен жақсы қарсы алды (Рес, Саратов.). *Шалтты* (Гур., Маңғ.) көңілді, шат, қуанышты. Шалтты сайлау (Гур., Маңғ.) (Қалиев жб., 2005, 731). Ғұмар Қараш қолданысындағы «шалттау» етістігі осы сын есімнен (*шалт+та+у*) туындаған.

*Орнас-*. Қаламгер еңбектерінде кездесетін ерекше қолданыстың бірі «орнас-» етістігі.

«Неге сол жақсы хәм кең жерлерге *орнасып* қалуға талап етпейді. Енді қазақ жеріне *орнасам* десе, оған әр екі тарафында обшестуасынан рұхсат керек. Онан басқа *орнаса* алмайды. Қазақ қазақтан жер қызғану жол емес, аның үшін бәрібір кететін жер, онан да қазақ елі *орнасып* қалсын (2018, 173-б.). Кейбір замандарда кейбір себептермен ондай орынсыз *орнасулар* көп болған: қағыба Алланың төрінде пұт сенімдердің де бірнеше замандар *орнасып* тұрғандығы есіңізде бар шығар (2018, 209-б.).

Автор шығармаларында кездесетін «орнасу» қазіргі «орнығу», «орналасу» мағынасында қолданылған. Бұл «орна-» етістігіне -с ортақ етіс жұрнағы (орна+с) тіке жалғану арқылы жасалған етістік. Ал жоғарыдағы мысалдардағы *орнасып*, *орнаса*, *орнасу*, *орнасам* тұлғаларындағы етістік формаларының барлығы да осы жергілікті «орнас» қолданысынынан туындағаны көрініп тұр.

*Жеттігу*. «...Адамшылықтың *жеттігуіне*, мінездің тазалығына ұлығ себеп» (2018, 281-б.). Түсіндірме сөздікте: «Жеттік= ет. сөйл. Жетіл» (Уәли жб., 2013, 508-б.) деп көрсетіліп, сөйлеу тіліне тән қолданыс деген стильдік белгі қойылады. Солай дегенмен Ғ. Қараш қолданысы бұл етістіктің батыс аймағында қолданғанынан хабардар етеді.

*Қайғырту*. «Бұлай болғанда, не де болса, қазақ өз жеріне өзі ие болып, мужикті келтірмеу жолын *қайғырту* керек» (2018, 182-б.). Бұл сөйлемде автор «қайғырту» етістігін «қайтару» (жолынан қайтару), «бөгеу» (*жолын бөгеу*), «тайдыру» (*жолынан тайдыру*) мағынасында қолданған.

*Өрші*. Ғ. Қараш шығармаларындағы «өрші» етістігінің қолданысы да назар аудартады. «Әдебиеті жоқ ұлттың өнері өршімейді» (2018, 273-б.). «Біз ана тілімізді оқып білсек, соның арқасында ұлтымыздың білім-өнерін алға жібереміз, өршітеміз» (2018, 274-б.) – деп жазады, қалам иесі.

Қазіргі тілде «өнері өршімейді» немесе «білім-өнерді өршітеміз» түрінде қолданылмайды. Контексте қарасақ, бұл сөзді автор «даму», «дамыту» мағынасында қолданғаны аңғарылады. Бүгінгі уақытта өмір сүріп жатқан жазушы немесе кез келген тіл тұтынушысы «өнері өркендемейді», «өнері дамымайды», «өнер-білімді дамытамыз» немесе «өнер-білімді өркендетеміз» деп жазған, айтқан болар еді. Әдеби тіл сөздігінде бұл сөздің бірнеше мағынасы көрсетіледі: ӨРШІ ет. 1. Қалыпты жағдайдан қарқыны арту, үдей түсу, күшею. 2. Өріс алып, жан-жаққа жайылу, қаулай түсу. 3. хим. Химиялық реакция жылдамдығының өзгеруі. 4. ауыс. Алға басу, шарықтау. 5. ауыс. Асқыну, ушығу (Уәли жб., 2013, 1038-б.).

«Өршінің» Ғ. Қараштағы қолданысы төртінші «алға басу, шарықтату» деген ауыспалы мағынасына біршама жақын келеді.

*Жылаулап.* Болмаса күнде бір ел қырғын тауып, *Жылаулап* бастан-аяқ жүреміз бе? (Алашқа).

Ақынның бұл өлеңіндегі «жылау» сөзі «жоқтау», «жоқтау айту» мағынасында қолданылған. Олай дейтініміз «жылау» сөзі Түрікменстан мен еліміздің батыс өңірінің бірқатар облыстарында «жоқтау» мағынасында жұмсалады. *Жылау* (Гур., Маңғ.; Қ.орда, Арал; Түрікм.: Ашх., Таш., Мары, Тедж., Байр.) «жоқтау». Беріште Абыл деген өлгенде оған *жылау* шығарыпты (Гу., Маңғ.). (Қалиев жб., 2005, 278-б.).

«Жоқтау» мағынасында жұмсалып тұрғанын өлеңнің бірінші жолы да растайды. Өлеңнің бірінші жолында күнде бір ел (ауыл, ру) қырылғаны туралы айтылса, екінші тармақта «Бәріміз жоқтау айтып жүреміз бе?» деп тұр.

*Қытпа.*

«Жомарттық» ашық жүзді шытпағаның, Мұқтаждан қол қайырың *қытпағаның*. (Жомарттық).

Ақын өлеңдерінде ұшырасатын «қытпа» етістігі де қазіргі әдеби тілде қолданыла бермейді, жекелеген авторларда ғана кездеседі. Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде: «*Қыту* (Қ.орда, Арал) қысу, шамалау, мөлшерлеу. Малға шөп аз жылы шөпті *қытып* бермесе болмайды (Қ.орда, Арал). Ат жалын *қытып* ұстаған жұмырығы да балғадай (Т. Ахт., Дала.). Өзіне айтқызсаң аузын қу шөппен сүрткенмен құдай оны бақтан да көп *қыта* қоймаған (Ө. Кекіл., Үркер). Дұғайды сыйламағаны, тындамағаны алдына астан, шөміштеп *қытатын* болды (Ж. Нәжім., Кішк.) – деген мысалдар беріледі. Аймақтық сөздікте өлеңнің екінші тармағындағы «қытпа» етістігі Түрікменстанның

бірқатар облыстары мен Қазақстанның батыс өңірінде қолданылатыны тіркелген болса, әдеби тіл сөздігінде «қысу, сығу» мағыналарында жергілікті жерде қолданылатын етістік» (Уәли жб, 2013, 876-б.) – деген түсіндірме беріледі. Аймақтық сөздіктегі түсіндірме де, мысалдар да етістіктің «қысу, шамалау, мөлшерлеу, шектеу» мағынасында қолданатынын дәлелдейді. Онымен қоса мысалдар көсемше (қыт+ып, қыт+а) және есімше (қыт+атын) тұлғалы етістіктер «қыт» түбір етістігінен өрбігенін көрсетеді.

*Қарсылау.* «Қарсылау» Атырау, Маңғыстау облыстары аймағында негізінен «қарсы алу, қабылдау» мағынасында қолданылатын жергілікті ерекшелік екені белгілі. Мысалы: «Есентайды ақасы пойыздан түсісімен *қарсылапты* (Гур., Есб.). Қыз бен күйеу баланы аналар былай қарсылады» (Ж. Нәжім., Кішк.). (Қалиев жб, 2005, 396-б.).

Алайда Ғ. Қараштын: *Қарсылаған* дұспан жауын қуған ел,

Емес пе едің, жұртым, саған не болды!? (Саған не болды?) – деген өлеңіндегі «қарсылаған» етістігі «қарсыласқан», «қасарысқан» мағынасында қолданылғаны байқалады. Оған аймақтық сөздікте Атырау облысының Есбол ауданында «қарсыласу» мағынасында да қолданылады деп көрсетілуі де дәлел бола алады. *Қарсыланған жоқ* (Гур., Есб.) қарсыласқан жоқ. Мен не десем де ол *қарсыланған жоқ* (Гур., Есб.). (Қалиев жб., 2005, 396-б.).

### Сын есімдер қолданысы

*Ойтаң.* Көлеңке *ойтаң* көп еді, Белдең қалың шөп еді, Ақ ордалар қондырып, Отыруға дөп еді. (Әлай ма, алаш).

Ақын өлеңіндегі «ойтаң» сөзі де жергілікті ерекшелік. Еліміздің батыс өңірі мен Түрікменстан облыстарында әдеби тілдегі «ойпаң» сын есімі мағынасында қолданылады. Ойтаң (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Байр., Таи., Көнеур., Тахта, Тедж., Мары; Орал) *ойпаң жер*. Шағыл (қ.) арасындағы *ойтаң-ойтаң* жерлерде түлейлік (қ.) кездесіп қалып отырады (Түрікм., Байр.). (Қалиев жб., 2005, 534).

*Биасыл.* Мақсатымды етем деп, Мұратыма жетем деп, *Биасылға* бас ұрды (Замананың адамы).

Білгенімді жасырман, *Биасылға* бас ұрман (2018, 222-б.);

*Биасылдар* паңсынып, Сөйлер сөзі пұл болды (Елдің жайын қозғасақ).

Ақын өлеңдерінде біршама жиі кездесетін «биасыл» сөзі бір қарағанда *би* + *асыл* сөздерінің қосылуынан жасалып, «асыл текті

билер» деген мағынада қолданылғандай көрінуі мүмкін. Алайда «биасыл» сөзі керісінше, «асыл текті емес», «тегі асылға жатпайды», «тексіз» мағынасында қолданылған деп пайымдауға болады. Оған себеп, бірінші – сөздің контекстегі мағынасы, екінші – «би» сөзалды қосымшасының, әдеби тілдегі және батыс говорларындағы қолданысы. Мәтіннен «тегі нашарға, қасиетсізге бас ұрмаймын», «тегі нашарлар паң сияктанып, солардың сөзі пұл болды» (Мөңке бидің: «Сибр пұл болады» дегені сияқты) деген мағына аңғарылып тұр. Сонымен қатар диалектологиялық сөздікте парсы тілінен енген кірме қосымша (префикс) саналатын *бей-* Атырау, Маңғыстау облыстары мен Қарақалпақстанда *би-* түрінде қолданылатыны көрсетеді: *биқұт* (Гур., Маңғ.) бейқам, қаннен қаперсіз. *Биқұт* отыған елміз (Гур, Маңғ.). *биабырай* (Қарақ.) абыройсыз. Жалқау адамға *биабырай* болайын десе лезде гой! (Қарақ.). *бижағдай* (Қарақ.) жағдайсыз. Бір *бижағдай* іс болыпты (Қарақ.). (Қалиев жб., 2005, 144).

*Нән.* Тайдай тулап секірген, Балықтары *нән* еді (Әлай ма, алаш?). «Үлкен, әрі, дәу» және «мықты, күшті» деген ауыспалы мағына беретін «нән» сөзі де негізінен батыс говорларында қолданылады. *Нән* (Түрікм.: Қрасн., Бекд., Қиян., Таш., Ашх., Тедж.; Жамб., Тал.; Гур.; Орал, Жән.; Қарақ.; Ақт., Ойыл; Қ.орда: Сыр., Жал., Қарм., Арал) үлкен, көлемді. Тонау *нән* түйетауықты қарашы (Түрікм., Таш.). Қажымұқан *нән* кісі деседі (Қ.орда, Жал.). Кешегі күреске түскен жігіт *нән* екен (Орал, Жән.). Қарсы алдынан *нән* сүңгуір (қ.) кездесе кетті, қос ауызды ала сала басып салғанымда ұшып түсті (Ақт., Ойыл). Былтырлары біздің колхозда бір *нән* өгіз бар еді (Қарақ.). Құж-құж болып өңкиген тастардың бірінен бірі *нән*... (Ғ. Сл., Домб.). Сол төске білектей жуан темірді жастап қойып, шеберлеп *нән* балтамен ыңқ-ыңқ соғады (Ө. Нұрп., Курл.). Суда жүзгеи *нән* балық, Шағала құсқа жем болар (Махамбет, Өленд.). (Қалиев жб., 2005, 527-б.).

Осы деректерді есепке ала келгенде «биасыл» сөзінің құрамындағы «би» (дауды дәстүрге сай шешетін қазы, сот, шешен) дербес мағыналы сөз емес, «Сөздің басында қолданылатын, дербестігі жоқ, «емес» немесе сыз/-сіз тұлғаларымен мәндес сөз бөлшегі, *бей-* қосымшасының бір нұсқасы» (Уәли жб., 2013, 232-б.) деген тоқтам жасауға болады.

### Үстеулер қолданысы

*Оқтасында.* Асыл сөзді күңіреніп, *Оқтасында* толғасаң, Жел шайқаған теңіздей, Толқып жүрек қозғалар (Замана жайынан).

Мәтіндегі мағынасына қарап, бұл өлең жолындағы «оқтасында» сөзі жалпы әдеби тілдегі «анда-санда, кейде» (Уәли жб., 2013, 84). мағынасында жұмсалатын «оқта-текте» қос сөзімен мәндес үстеу деп пайымдауға болады. Бұл үстеудің батыспен іргелес Қармақшы аумағында қолданылатын нұсқасы Ғ.Қараштағы «оқтасында»-ға дыбысталу жағынан өте жақын екені байқалады. «оқта-санда (Қ.орда, Қарм.) оқта текте. Оқта-санда болмаса қасқыр әзір білінбейді ғой». (Қалиев жб., 2005, 536-б.).

*Кештігұрым.* Келемін *кештігұрым* елге қарап, Қалмайды бір қарлығаш алдымды орап. (Қарлығашпен сөйлескенім). Бұл әдеби тілдегі «кешқұрым» (кешкітұрым) үстеуінің жергілікті қолданысы. Маңғыстауда туған қазақтың көрнекті қаламгері Ә.Кекілбаев «Бәсеке» повестінде: «*Кешкіқұрым* бала мінгізіп, ауылдың алдыдағы қоныр жалға алып кетеді» (1989, 235-б.) – деп жазады. Бұл үстеудің Батыс Қазақстан облысында қолданылатын тағы бір жергілікті нұсқасы анықталған: *кешкітұрғым* (Орал, Қазт.) *кешке таман. Кешкітұрғым* мына жаққа шығып келейік (Қалиев жб., 2005, 326).

Сонда бір ғана «кешқұрым» үстеуінің Батыс өңірінде қолданылатын *кештігұрым//кешкіқұрым//кешкітұрғым* сияқты үш түрлі жергілікті нұсқасы анықталып отыр.

### Ерекше тіркестер қолданысы

Ғ. Қараш еңбектерінде қазіргі әдеби тілде қолданыла бермейтін ерекше тіркестер бар. Олардың көпшілігінің мағынасы бүгінгі оқырманға түсініксіз болуы мүмкін. Енді бірқатарының мағынасын контекст арқылы түсінуге болғанмен қазіргі қолданыста кездесе бермейді. Олардың қатарына: *алқаға салу, аудара қарап, ақтара сұрау, бақырай алмау, болуға отыр, ғұмыр сүру, елек етпеу, жар шақыру, иглан ету//иглан қылу, отырақ ел, отырақ болу, орыстыққа айналдыру, өрнек алу, сымшып шыға келу, сымшып құру, тесе тексеру, тұрыстық ету, түптеп тексеру, уақ ұлттар, үстеріне алу, халық соғысы, шашық отыру* сияқты тіркестер кіреді. Төменде осы тіркестердің қазіргі қолданыстағы мағынасы жақша ішінде, ал ХХ ғасыр басындағы қолданысы Ғ. Қараш еңбектерінен алынған мысалдар арқылы беріліп отыр.

*Алқаға салу (талқыға салу).* Бұ туралы аз ғана үмітімен де *алқаға салып*, оқушылардың ортасына тастаймын (2018, 179-б.).

*Аудара қарап, ақтара сұрау* (жақсы біліп, жетік меңгеру). Адам істейтін жұмысын *аудара қарап, ақтара сұрамай*, көз жұмып істегендіктен, көбінесе өзіне, ия басқаларға зиян етеді (2018, 281-б.).

*Бойын ұсынар* (бойсұну, бойсұнар). Бұ сөзге мойын қояр, *бойын ұсынар*, Ақтарып тарихтың жүзін көрген. (2018, 216-б.)

*Болуға отыр* (болғалы отыр). Енді үшіншісі туралы сөз *болуға отыр* (2018, 277-б.).

Ғұмыр сүру (өмір сүру). Жарымен жақсы тату *ғұмыр сүріп*, Басында бар дәулеті бұлдыларға; Иттейін ырылдасып *ғұмыр сүріп*, Не қайыр табатыны құдай білсін?; Бұлайша әйел алып *ғұмыр сүру*, аюандық, адамиға лайық емес; Білуге өнері артық болғаннан соң, Дүнияда рахатлықпен *ғұмыр сүрген*. (Тумыш).

*Елек етпеу* (елемеу, ескермеу). Көп кісі бұны баста *елек етілмейтін* кішкене ғана жұбаныш іс деп ойлайды... ...Жалғаса-жалғаса ажарсыз түске кіретінін *елек етпейді* (2018, 281-б.).

*Жар шақыру* (*жар салу*). Білім жарысына бәйге тігемін деп *жар шақырарлық* кісі қазақта да бар екен-ау дедік (2018, 200-б.).

*Иглан ету*//*Иглан қылу* (жариялау, мәлімдеу, хабарлау). Қазандағы 2-ші жалпымұсылман сиезінде Досмұхамедов пен Танашев қазақтардың уақытша Орынбор мүфтилігіне қосылғанын ресми түрде *иглан қылған*. Татар қарындастарымыз топырақты мұхарет *иглан етіп*, шектерін созып отыр (2018, 220-241-б.).

*Кіндік комитет* (орталық комитет). Мәскеудегі қазақ комиссариаты арқылы *кіндік комитеттің* көзі жетті (2018, 250-б.).

ХХ ғасыр басында *кіндік* сөзі белсенді термин ретінде қолданылған:

Былтыр өткен латыншылардың тұңғыш кәңперенсесінде емле әңгіме болды, шешуі білім ордасы мен *кіндік* жаңа әліп кәмитетіне тапсырылды (Елдес, Емле кеңесінің қортындысы).

Қазақ жаңа әліп *кіндік* кімійтеті «Учительская газете» басқармасы мен білім басқармасы жанындағы кәмесійлермен білім қатынас жасауға айналды (Телжан, Орыс емлесі мен әліппесін өзгерту мәселесі) (Жұбаева, 2013, 197-б.).

Жұмыс бір, тек мидағы түсінетін *кіндік* басқа (Аймауытұлы, Ана тілінің оқыту әдісі) (Жұбаева, 2013, 487-б.).

*Кіндік* сөзінің ығысып, орнына *орталықтың* белсенді сөзге айналғаны жөнінде Ш. Сарыбаев былай деп жазады:

1920 жылдары «орталық» пен «кіндік» сөздері орыстың «центр» деген сөзінің баламасы ретінде екеуі жарысып,

қатар қолданылып жүрді. Мысалы: Наркомхоз жанындағы кіндік өрт сөндіру басқармасы; кітапкіндік (книгоцентр) т. б. 30 жылдардан бастап орталық сөзі «кіндікті» ығыстырып тастап, өзі әдеби тілде норма болып қалыптасты (Сарыбаев, 1963, 9-б.).

*Қайырлы сағат.* «Көш жүре түзелер», қайырлы сағат! Хайырлы сағат! (2018, 276-б.). Әдеби тілде, ақын-жазушылар тілінде *қайырлы таң, қайырлы күн, қайырлы кеш* тіркестері жиі қолданылғанымен *қайырлы сағат* тіркесі ұшыраса бермейді. Бұл сирек қолданыс, автор тіліне тән ерекшеліктердің бірі.

*Қиындық шегу* (азап шегу). Бұлардан құтылып, теңдікті ел болуға тек бір ғана жол бар – *қиындық шегіп* болса да, со жолға түспей, қазақтың көзі ашылмайды (2018, 180-б.).

*Құлағына асу* (құлақ қою, тыңдау, құлақ асу). Осындай дұрыс сөздерді де *құлағына асып*, басқа таршылық келіп, жер-судан айырылып жатқанның өзінде-ақ ұға алмай тұрғандық – өзі бір қыры кеткендік белгісі (2018, 183-б.).

*Мойын қою* (мойын бұру, көңіл бөлу). Әдепке осы күннен *мойын қойып*, Адамдық жақсылықты бастандар да; Бұ сөзге *мойын қояр, бойын ұсынар, Ақтарып тарихтың жүзін көрген* (2018, 18-б.)

*Ойкешті адам* (ойшыл, ой еңбегімен айналысатын). Бірқатар адамдар Отан, ұлт мәселесімен тек жоғары лауазымды және *ойкешті адамдар* айналысса болар деседі (2018, 45-б.).

*Отан тұту* (мекен ету, мекендеу). Бір жерді *отан тұтумен* адам баласы ғылым-өнер үйреніп, таусылмайтын азық табады (2018, 151-б.).

*Отырақ ел* (отырықшы ел). Осы күндегі орыс-татар секілді *отырақ елдердің* бәрі де әуелде көшпелі, мал бағып күнелткен халық болған...» (2018, 182-б.).

*Отырақ болу* (отырықшы болу). Бәлкі, *отырақ болып*, медресе-мектептер салып, тәртіп-тағылым көру арқасында тапқан, болған тарих турашы (2018, 183-б.).

*Орыстыққа айналдыру* (орыстандыру). ...Діндерін жойып, бүтіндей *орыстыққа айналдыру* сықылды ең нашар ғамалдары да болды (2018, 271-б.).

*Өрнек алу* (үлгі алу). Көз алдымызда тұрған башқұрт қарындастарымыздан *өрнек алуға* болады ғой дейді (2018, 184-б.).

А.Байтұрсынұлы тілінде бұл үлгі-өрнек қос сөзі түрінде қолданылады:

Ел аузындағы тіл дегенде нені *үлгі-өрнек* етіп аламыз? Әрине, осындай жоқтауларды, мақалдарды, жұмбақтарды, өлеңдерді, тағы-тағы осындайларды» (23 жоқтау).

*Сымшып шыға келу* (сымпып шыға келу, дымсыз қалу). Адам атаның таяғын қолына ұстап, *сымшып шыға келуі* қазекемнің басындағы бөркіндей анық (2018, 182-б.).

*Сымшып құру* (сымпып құру, сиреп, сұйылып барып, жоқ болу). ...Ақыры діни күнінен бірдей айырылып, *сымшып құру*, жоқ болудан басқа нәрсе тимейді (2018, 179-б.).

*Тесе тексеру* (*жете тексеру*). Терең ойлап, *тесе тексегенде* әр нәрседе болған секілді-ақ шарифаттың да рәсімі бар және рухы, мақсаты бар (2018, 202-б.).

*Тұрыстық ету* (сөзінде тұру, айтқанынан таймау). Ишанғали тура мінезді, айтқанына *тұрыстық етуші* бір адам еді (2018, 264-б.).

*Түптеп тексеру* (мұқият, жан-жақты тексеру). ...*Түптеп тексеруді* қосу керек. ...Бегіректе тіке әсер бермейінше түрлі өткелдер арқылы беруді туралы *түптеп тексеру* (2018, 283-б.).

*Уақ ұлттар* (аз ұлттар). Мінеки, залым патша үкіметі қолында айырма *уақ ұлттар* осылайша ойыншық болып жүрді (2018, 272-б.).

*Уақ* сөзі сол кезеңде «шағын, кішірек» деген мағынада жиі қолданылғаны байқалады:

Мұндай деректер оқу кітаптарынан, көркем әдебиеттен, балалар әдебиетінен, журналдан, *уақ кітапшалардан* табылады (Аймауытұлы, Ана тілінің оқыту әдісі) (Жұбаева, 2013, 488-б.).

1-басқышты бітірген бала тұрмысқа керек жерінде іркілмей оқи-жаза білу керек... *Уақ қат*, куалықтар, әдірстер жаза алсын (Телжан, Білім кеңесінің пұрағырамы және 1-басқышта ана тілі) (Жұбаева, 2013, 536-б.).

*Үстеріне алу* (мойнына алу, міндетіне алу). ... Жазушы, кеңсе расходтарын өз үстеріне алып келсе, мүфти қарамағында өз алдына қазақ бөлімін ашып, іске кірісуге болады (2018, 220-б.).

*Халық соғысы* (азамат соғысы). Енді соғыс Русияның өз арасына келіп орнап, *халық соғысы* (гр. война) деген соғыс болып отыр (2018, 242-б.).

*Хасыл ету* (алу, нәтижесін көру, орындау, мақсатына жету). Адам баласы қай жолға кірсе де, о жолда ұшырауы мүмкін болған пайда, зияндарға біліп, көзі жетіп кірсе, зияннан сақтанып, пайданы *хасыл етуге* артығырақ болады... (2018, 184-б.),

*Шашық отыру* (шашыраңқы отыру, бытыраңқы орналасу). ...Сонда ортақ ұстаған бір моллаға ауылдағы барлық бала оқып, тағлим алады, енді қазіргі халде, яғни *шашық отырғанда* үй басына бір молла керек. Әгар бұрынғысынша *шашық отырыб* қаламыз десе, ол күнде еркек-әйелге бірдей жан басына 12 десятинадан жер беріледі (2018, 126-б.).

*Ысбат етілді* (дәлелденді). ...Шешек екендей ектіріп, піскен адамға жұқпайтыны да *ысбат етілді* (2018, 69-б.).

*Ыспаттау, ыспат ету* XX ғасыр басындағы қаламгерлер тіліне тән негізгі ерекшеліктерге жатады:

Хасыл кәләм, менің ойым сөз жазылу керек айтылатұғын түрінше, яғни сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың әріпін жазу естілген дыбыстың әріпі жазылмай басқа әріп жазу керек болса, не үшін ол керекті ғылым наху я ғылым сарф жолыменен *ыспат етілсін* (Байтұрсынұлы, Жазу тәртібі).

Сөзіңізді *ыспаттау* үшін журнал деген сөзді көрсетесіз, бұл сөз қазақ сөзі емес, француз сөзі ғой (Байтұрсынұлы, Шаһзаман мырзаға) (Әбілқасымов, 1993).

Жау, сау, бау, мүйіз деген сөздер өзге түрік жұрттарында тағ, сағ, бағ, мүгіз болып айтылады. Сондықтан «у» мен «и»-дың асылы дауыссыз дыбыс екені *ыспатталады* дейді (Аймауытұлы, Емле, әріп жайынан) (Жұбаева, 2013, 123-б.).

Қазақша әліпбидің басқа әліпбилердің бәрінен де артық екенін түрікшілдер сиезінде әліпби жағынан ілім патуесі түрінде баяндама жасаған Жақыпұлы пұрапесір әлжебір өрнегі мен сексіз қылып ақ *ыспаттап* еді (Елдес, Қазақша әліпби мен латынша әліпби) (Жұбаева, 2013, 209-б.).

Жоғарыда талданған тіркестер бір жағынан автордың өзіндік сөз қолдану ерекшеліктерін көрсетсе, екінші жағынан XX ғасыр басындағы тілдің қалпынан хабардар етеді. Өткен ғасыр басындағы қолданыстарды олардың қазіргі нұсқаларымен салыстыру арқылы қалыптану, нормалану үдерісін көруге болады.

XX ғасыр басы (Ғ. Қараш)	XXI ғасырдың бірінші ширегі
<i>алқаға салу</i>	<i>талқылау, талқыға салу</i>
<i>иглан ету//иглан қылу,</i>	<i>жариялау, мәлімдеу, хабарлау</i>
<i>өрнек алу</i>	<i>үлгі алу</i>
<i>мойын қою, мойын қойдыру (140)</i>	<i>мойын бұру, көңіл бөлу</i>
<i>орыстыққа айналдыру</i>	<i>орыстандыру</i>
<i>уақ ұлттар</i>	<i>аз ұлттар</i>
<i>үстеріне алу,</i>	<i>міндетіне алу, мойнына алу</i>
<i>халық соғысы</i>	<i>азамат соғысы</i>

Бұлардан бөлек *фида қылу* – пида қылу, *ғарыз беру* – арыз беру, *хүкім салды* – үкім шығарды, *шеніменен шырылдау*, *шенімен шұрқырау* – шенінен, лауазымынан айрылам деп аянбау, елге қызмет ету сияқты қазіргіден өзгешелеу тіркестер де ұшырасып отырады.

Қаламгер шығармаларында: «... ғамал болып табылмайды», «..Ол адамға иман келтіріп, оның әміріне бой ұсыну болып табылмайды» (2018, 65-б.) деген қолданыстардың кездесуі, қазіргі тілде де бар бұл тіркестің XX ғасыр басында пайда болғанын көрсетеді.

### Тенеулер қолданысы

Ақын өлеңдерінде негізінен *-дай/дей -тай/тей және -дайын/-дейін* жұрнақтары арқылы жасалған. Мысалы: *Жортуылдай* жорытып, *Ор қояндай* орытып, *Жібектей* жалын тарарға (2018, 174-б.), *Кер маралдай* керілер, Қынама белі бұралып. Тұла бойын хош тұтар, Тоты құстай сыланып (Хан дегенді, қазағым). *Ағытқан қойдай* шулап ерген елді, Бұлтармай оң бағытқа бастар күнің; (Алаш азаматтарына),

Күмістей таза сулары Өзен, сала бар еді. Тайдай тулап секірген, Балықтары нән еді. (Әлай ма, алаш?). Атқан оқтай сөзі өткір, Жүрекке барып жетеді. Айнадай жаны жарқырап, Дат қонып, кір жұкпаған. Ақсақ қойдай шүмендеп Жүре алмай жұртта қалыппыз. Бас алдырмас қайтадан Енген нұрдай кебеден (Елдің жайын қозғасақ). Мұздай болат киініп, Аруаққа сиынып, (Ғ...-ға) және т.б.

Ғ. Қараштың өлеңдерінде бұлардан өзге де *ағаштай өсіп, ақсақ қойдай, ағытқан қойдай, бәйшешектей шоқтанып, газезілдей залым, жұрдай болып, жүйріктей жаратылған, қояндай орытып, кер маралдай керілер, киіктей тағы, қойдай шұбап артынан, ноқаттай орын алмайды, омырауы даладай, тоты құстай сыланып, түлкідей құйрық атып, тышқандай түртіп, жапырақтай сілкінген, жас қамыстай бой тартып, тағы құстай, хан ұлындай, шағаладай шаңқан боз, шиеттей қатын-бала, шыбындай жан, кірпігін қаққандай, мәңгі суын тапқандай, қопарып түптеп атқандай, екі пұлға сатқандай, олжаға батқандай, тойын жасап жатқандай, табақ тартқандай, құша жатқандай, мақпалдайын көгеріп, үркердейін тортанып* сияқты теңеулер қолданылады. Бұларды басым бөлігі халық тілінде, ақын-жыраулар шығармаларында жиі кездесетін дәстүрлі теңеулер.

#### Мақалдар қолданысы

Гұмар Қараш еңбектерінде мақал-мәтел тым жиі кездесе бермейді. Соған қарамастан олардың қолданысында кейбір ерекшеліктер бар. Оны төмендегі салыстырмалы кестеден көруге болады:

Гұмар Қараштағы қолданысы	Қазіргі қолданысы
Алтау ала болғанда Ауыздан жемін кетіреді. Төртеу түгел болғанда, Төбеден жерге келтіреді	Алтау ала болса, Ауыздағы кетеді; Төртеу түгел болса, Төбедегі келеді.
Көш жүре бара түзеледі	Көш жүре түзеледі
Тойдың болғанынан болады дегені қызық	Тойдың болғанынан, Боладысы қызық

Бірінші бағандағы XX ғасыр басында қолданылған мақал-мәтелдер бүгінгіден біршама ерекшеленеді. Олардың құрамында бүгінгі нұсқаларымен салыстырғанда бірқатар өзгешеліктер бар. Мақал-мәтел сыңарларында *жемін, жерге, бара, дегені* сияқты кейінгі нұсқасында кездеспейтін, бүгінгі уақыт тұрғысынан қарағанда басы артық сөздер сақталған. Етістік формалары да басқа. Ал екінші бағандағы қазіргі нұсқалары едәуір ықшамдалғаны, айтуға, қолдануға барынша икемделіп, қырналғаны байқалып тұр. Бұл деректер мақал-мәтелдердің де әдеби дамуымен бірге жетіліп, нормалану үдерісінен өтетінін көрсетеді. Етістіктер *бол+ған+да → бол+са, кет+ір+ер → кет+е+ді, кел+тір+ер → кел+е+ді, жүз+ер → жүз+е+ді, бол+а+ды → бол+а+ды+сы* түрінде өзгеріске ұшыраған. Соның нәтижесінде мақал-мәтелдер айтуға мейлінше икемделіп, жұмырлана түскен.

Ал XX ғасыр басында Ғұмар Қараш еңбектерінде қолданылған «Адам күні адаммен», «Талаптыға нұр жауар», Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» мақал-мәтелдері қазір де сол қалпында өзгеріссіз қолданылады. Сондай-ақ Ғұмар Қараш қолданысында «Жатып өлгенше, атып өл» («Жатып өлгенше, атып өл» деген қазақтың мақалы бар (2018, 142-б.) сияқты өте сирек кездесетін мақал да ұшырасады.

### Қосымшалар қолданысы

Ғ. Қараш шығармаларында қазіргі әдеби тілде қолданыла бермейтін бірқатар көне қосымшалар, өнімсіз жұрнақтар кездеседі.

*-ажақ/-ежек/-ашақ/-ешек.* Ғ. Қараш еңбектерінде осы формамен келетін етістіктер кездеседі. Мысалы: Оның керектігі турасында *жазылашақ* сөздердің бәрін де бұл орында жазып бітіру мүмкін емес. «Дұрыстық жолы» жаңа тұрмыстың қазақ үшін пайдалы екендігі туралы һәр уақыт өзінің дұрыстығын айтып, халықты адастырмай түсіндіріп *тұражақ.* «Дұрыстық жолы» қазақ ішінде өнер-білімнің таралуына, шаруашылықтың жаңа негізге құрылып, ілгерілеуіне жәрдем *етежақ.* ...Ол кезде адам баласы адамша *тұражақ...* 12-13 йанурада Орман школасында «Бірінші қазақ полкі» хұрметіне қазақ тілінде спектакль *қойылашақ.* Соңында музыка һәм әдебиет бөлімі де *болажақ.* ...Қашан халықтың ұлы-қызы бірдей оқып, мағрифат хасыл етсе, бұл надандықтан келген гадеттер өз-өзінен *бітешек.* Ойыннан түскен бүтін кірім қазақ жастарының халық ағарту ұйымы – «жігерге» *берілесек.* ...Оқушыларға *ұқтырашақмыз.* ...жауап *болашақ* (2018, 61-253-б.).

Есімшенің қалдық формасы ретінде сақталған бұл жұрнақтың Батыс Қазақстанның көп жерлерінде осы шақ мағынасында қазірдің өзінде жиі қолданылатынын, бұлардың шығу төркіні *-шақ/-шек* болуға тиіс екендігін қазақ ғалымдары өткен ғасырдың 60-жылдарында атап көрсеткен (Қазақ тілінің грамматикасы, 1967, 180-б.). Одан бері де жарты ғасыр уақыт өтті. Бұл форма батыс өңірінде әлі қолданыста бар.

Бұл жерде бір ғана мәселе күмән туғызады. Ол – осы форма арқылы беріліп тұрған шақтық мағына. Ғ. Қараш еңбектерінен жинақталған жоғарыдағы тілдік деректерге қарасақ бұл форма келер шақтық (ауыспалы немесе мақсатты келер шақ) мағына беріп тұрғанға ұқсайды. Осындағы *жазылашақ (жазылмақшы, жазылуға тиіс), тұражақ (тұрмақ, тұрады), етежақ (етпек, етеді), қойылашақ (қойылмақ, қойылады), болажақ (болмақ, болады), бітешек (бітпек, бітер, бітеді), берілешек (берілмек, беріледі), ұқтырашақмыз (ұқтырмақпыз, ұқтырамыз)* есімшелері кәдімгі мақсатты келер шақтың *-мақ/-мек (-бақ/-бек, -пақ/-пек)* жұрнақтары арқылы берілетін мағынасына жуықтап тұрғандай көрінеді.

Сондай-ақ тек жергілікті ауқымда емес, қазіргі әдеби тілде қолданылатын етістіктен осы *-ашақ/-ешек (-шақ/-шек)*, формасы арқылы туындаған *берешек, келешек, көрешек, болашақ* іспетті зат есімдер де «берілуге тиіс қарыз», «алдағы, келер уақыт», «көресі, алда көретін қиындық», «алдағы өмір» деген мағына беретіні де осындай ойға жетелейді. «Мұндай өнерсіз, жалқау халықтар ақырында *көрешегі* өз алдына, дүниеде-ақ бек ащы жаза тартады» (2018, 65-б.).

Э. Тенишев: «*-ажақ* келер шақ есімшесінің оғыз тілдер тобына және құмық тіліне тән, қыпшақ тілдерінде ол негізінен Орта Азияның оңтүстік бөлігіндегі өзбек, қарақалпақ және қазақ тілінің батыс диалектілері мен ноғай, башқұрт, татар тілдеріне тараған» (Тенишев, 1988, 465-б.), дейді. Ғалым бұл есімше формасының қазақ тілінің батыс диалектілерінде қолданатынын да, келер шақ мағынасын беретінін де дұрыс атап көрсеткен деп білеміз.

Ғұмар Қараштың: «Дүниеде не арзан?» деп сұраушыға «біздің қазақ жігіттерінің ғұмыры» деп жауап берілсе, бек дұрыс жауап *болашық* (2018, 66-б.) деген сөйлемінде *-ашық* формасы да кездеседі. Егер бұл баспадан кеткен қате болмаса, сөйлеу тілінде мұндай форманың да болғанынан хабардар етеді.

Бұндай жұрнақ XX ғасыр басындағы қаламгерлерге тән (әсіресе Батыс өңірінен), сол кезеңдегі БАҚ беттерінен бірнеше мысал келтірсек:

Бұлай болмаған дәйекші дәйекші емес, таяқша *болашақ*. Һәм де осы күнде дыбыстарымыздың қай бірісінің қалыңдық, жіңішкелік белгілері бек жақсы ретке салынған... Жоқ мырза «вау» еш уақытта «у» болмас. Белгі әр заман «в» орнына тұрып, волыс, Варшау, вагон сықылды сөздерде *жазылашақ*.

А.Б. мырзаға *айташақ* сөзімді осы жерде тоқтаттым. Мен бұ жолы өзімнің қабыл еткен жаңағы хәріптерім, белгілерімменен жазбадым (Әбілқасымов, 1993).

Онан соң қазақтың төл сөзі мен шеттен кірген жаңа *кірешек* сөздерге бір ақ түрлі емле ұсталады: шет сөздер де дыбыс жүйесі мен қазақ тілінің заңына көндіріліп жазылатын болды (Жұбаева, 2013, 26-б.).

-*дур*. Көне түрік тілінен бері қолданылып келген бұл қосымша XX ғасыр басына дейін белсенді қолданылды. Ескі жазба тілде жазылған шығармаларда жиі ұшырасады. Абай тіліне де тән ерекшелік. Ғ.Қарашта да бар. Мысалы: Бұл әлек болу, мәнқарсыз болу деген нәрселер – Алла тағала тарапынан әуелден бері жолыменен жүрмеген миләттерге (халықтарға) беріліп келе жатқан ғәділ бір *жаза-дур*». Тіл, әдебиет бір миләттың жаны Һәм *рухы-дур*. ...еш айырмасы *жоқ-дур*. Тіл, әдебиет – дүниедегі барлық бақыт, шаттықтың, ғылым-өнердің, дін уа мәдениеттің асылы, *ауырлығы-дур* (2018, 186-б.).

-*дур* қосымшасы негізінен XIX ғасырда аяғынан бастап азырақ қолданылып, XX ғасыр басына қарай азая бастағанға ұқсайды (өйткені 1920 жылдан кейінгі БАҚ-та сирек кездеседі):

Жаз Һәм ғайры өзге өлеңдерінің ішінде бөтен халықтың сөздері араласпаған, басқа да бұл өлеңдерінің ішіндегі сөздері қазақша тілдердің, өлеңдердің Һәм жырлардың үлгісі *дур*... Қазақтың тілі жыл жыл сайын төмендеп бара жатыр, бұл қазақтың тілін көтеріп, молайтып, ілгері бастырмаққа *хажет дур*.

Бұл да аз болсын, көп болсын оқуға қиындық келтіргендіктен усул тағлымға (педагогика) оншама қолайлы болып жетпейді. Өйткені, біздің қаріп түзетуден бірінші мақсатымыз үйрену, үйрету жолын *жеңілейту дур*... Бұл емленің түзік болуы үшін ең керекті бір *қағида дур*... (Әбілқасымов, 1993).

-*тұғын*. Жоғарыда айтылған тіршілік таласының ғылым-өнерден құр қалғандарға *көрсететұғыны* осы. *Айтатұғыным* Ахмет Жанталин сөзіне қарсы, әуелі бір жолы тойдың соңынан иірім-иірім жуыптап жауап *болашақ*. ...Халқын аяп, шеніменен *шырылдайтұғын*

азаматтардың шырылдап, шырқырап *түсіндіретұғын* міндеттері осындай. Жатып *оқитұғын* медресе жоқ... Алыс жерден келген, оңды тәрбие жүрмеген, жөн-жосық білмеуін, таныс адамы жоқ, тіл *білмейтұғын* қазақтың баласы бір жылғадейін *тұратұғын* орын таба алмай, тентіреп *жүретұғын* болды (2018, 194-б.).

«Тұғын» жұрнақты дағдылы есімше Ғ.Қарашта тым жиі кездеспесе де қолданылады. Оған жоғарыдағы мысалдар дәлел. Бірақ -тын/-тін формасы әлдеқайда басым. XIX ғасырдың екінші жартысында Абай есімшенің -тұғын формасын жиі қолданса (Құрманбайұлы & Әділов, 2020, 22-б.). Ғ. Қараш мұрасынан XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарына қарай -тын/-тін формалы есімшенің белсенді қолданысқа көшкенін көруге болады.

Бірақ осы күнгі «-тын»-ға дейін XX ғасыр басында 1920 жылдарға дейін «тұғын»нан өзгерген «тұн» формасы қолданылғаны аңғарылады, оған сол кезеңде жазылған мақалалардан алынған үзінділер дәлел бола алады:

Тіл құрал ережесінде *баратұн*, *алатұн* деп жазу керек, үйткені бұл етістіктердің түбірі тұғыннан өзгерген деп арғы шыққан заузатын қазып барып дәлелдеуші еді. Ал осы күнде «тұн»ды бастап, «*тын*» деп жазып барады. Тегінде осы соңғысы мақұл (Жұбаева, 2013, 92-б.).

«Тын» жұрнағы естілуінше «тын» болып жазылады, мысал *баратын* (*баратұн* емес) (Жұбаева, 2013, 139-б.).

«Тұн»ды «тұғұн»нан шығарып, *баратұн*, *алатұн* қып жазу дұрыс емес, естілуінше *баратын*, *алатын* боп жазылу керек (Жұбаева, 2013, 149-б.).

Келесі мақаладағы үзіндіден «тұғын» жұрнақты форманың 1920 жылдардың аяғында мүлдем жойылып бара жатқаны анық жазылады:

Осы күнде тілімізде «оқитұғұн, баратұғұн» деген сөз түрлері жоғалып бара жатыр десек де болғандай, қай жерлерде мүлде айтылмайды да, сондақтан сөздің өзі спайланып, жұмырланып, соңғы буынын қысқартып келе жатқанда, ұзыннан айырылмай жазамыз деудің мәнісі де жоқ еді. Ұзынын тастап, қысқасын алғанда сөздің түбірі де, мағынасы да өзгермейді. Осы қысқа көрсеткен таяныштарымызға сүйеніп «тұн»ның «тын» болып жазылуын қуаттаймыз (Жұбаева, 2013, 157-б.).

*Аның үшін* (*оның үшін*). Көне түрік жазба ескерткіштеріндегі *онуң ичин*, *аның ичин* тұлғасы Ғұмар Қарашта да дәл Абайдағыдай «аның үшін» түрінде қолданылады. Ертеден келе жатқан ескі форма XIX

ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында өмір сүрген әдебиет өкілдерінің тілінен көрініс тауып, беріге дейін жеткен. Мысалы, Ғ.Қарашта мынадай сөйлемдер бар: «...Әр халықта түрлі ғылымдарды өз тіліне тәржіме етіп, өзінше оқуға тырысады, *аның үшін* ол балаларға жеңіл түсінімдірек келеді». *Аның үшін* бұ халықтар жоғарыдағы айтылған гөнерлерден қашпай, пайдаланды. «Енді бізге бұрынғы күн жоқ, бұрынғыша мал бағып ұзақ жасай алмаймыз, *аның үшін* бұрынғыдай жер де жоқ». ... *Аның үшін* шәй-су үйде бар еді. *Аның үшін* мұндай болады деген Қауысбайдың ойында жоқ еді. «*Аның үшін* писерім үйде жоқ еді» – дейді. ... *Аның үшін* бұлар өздері болды да өтті. *Аның үшін* олардың заманы басқа. *Аның үшін* әлгі жерге орналастыратын мәктемелердің қолдары тие қоймайтын көрінеді. *Аның үшін* надандық пен сәбилік екеуі бір дәрежеде (2018, 119-170-б.).

XX ғасыр басында «аның үшін»нен өзгерген «оның үшін» тұлғасы да қолданылды:

*Оның үшін* ұзын «и» дауысты дыбыстардың соңынан (шолақ) жарты дауысты болып оқылады деген ереже болмақ... (Жұбаева, 2013, 222-б.).

Сөз айыратын күндердегі уақыт босқа кетпес үшін, оқушылардың қолын қарындаш ұштап жазып сызуға дағдыландыра беру керек. *Оның үшін* еркінше әркім тілеген сүретін сала берсін (Шонанұлы Т., Ересектерді сауаттандыру әдісі) (Жұбаева, 2013, 400-б.).

Бала әңгімені тек оқытушыға айтқан сыйақтанбай, барлық кіласқа тіреп айтсын. *Оның үшін* бала ортаға шығып, кіласқа қарап тұрып айтқаны дұрыс, баланың көңілін көтеру үшін азырақ қостап қойуға да болады (Жұбаева, 2013, 540-б.).

Қазір бұл форма қолданыстан шығып, оны «ол үшін» алмастырды.

Тағы бір назар аударатын нәрсе Ғ. Қарашта дәл осы «аның үшін» үлгісіндегі *сенің үшін*, *сіздің үшін*, *бізің үшін*, *бұның үшін* формалары да кездеседі. Мысалы: «Біз *сенің үшін* айтамыз... Мәселе тек осы ғана болғанда, *бұның үшін* сөз жасыру керек емес. *Бұның үшін* шөлдемелік. Ұлтымыздың қалам иелеріне, жігерлі азаматтарға өте мұқтаж бір заманда Меңдіхановтың арамыздан жоқ болуы – *бізің үшін* зор қайғылы іс (2018, 256-б.). Білемісіз қазағым, *Сіздің үшін* жерлердің Неше күндік нәсіп дүр (2018, 246-б.) және т.б.

Бұдан Ғ. Қараш тілінде жіктеу, сілтеу есімдіктері мен *үшін* шылауының тіркесуі арқылы жасалған бұл құрылымның бірнеше

нұсқасының қолданатынын көруге болады. Қазіргі тілде бұл форма қолданылмайды немесе жекелеген авторлар тілінде өте сирек кездесуі мүмкін. Мәселен, Мұқағали Мақатаев өлеңінде: «Бақыт, байлық – барлығы *менің үшін*, Сенің бір кеп мойныма асылғаның» (М. Мақатаев. Бесік басында) – деген жолдар бар. Осындағы «менің үшін» сол сирек қолданыс қатарына жатады. Мұны ақын 11 буынды өлең құрылымын сақтау үшін қолдануы да, ескі үлгіні мақсатты түрде пайдалануы да мүмкін.

*улы//улі*. Сөйтіп, бес миллион жер қазақ пайдасынан *шығулы*. Сол заман бізге де көптен *келулі*... Басшылардан үлгі көрмеген соң қара халық бағытынан *адасулы*.... (2018, 110-б.). Бұл жақтағы алдын алып, өзіміз отырықшы боламыз деген қазақтар араларына орыс кіргізбей, тәуір жерлерін өздері алып *қалулы*. Енді бұрынша отырамыз деген қазақтар тәуір жерлерінен айрылып *қалулы* (2018, 164-б.). Ақ малтасын езіп ішіп, алаңсыз отырған біздің қазақ жұртын революция тасқыны келіп басқанда неш нәрсеге әзірленбеген, қартаң тарихтың қалай аяқ салатынын болжамаған сорлы қалай етерін, қайда кетерін білмей, сасқалақтап *қалулы*. ...Көбісі қосақ арасында бос кетіп, құр далада құрбан *болулы*...деген бағытқа *түсулі*. ...Көп жәрдемін *тигізулі* (2018, 257-б.).

*улы/-улі* тұлғалы етістік Батыс говорларында қолданылатынын Н. Ильминскийден бастап, Ғ. Қалиев, С. Омарбеков, Ә. Нұрмағамбетов сияқты диалектолог ғалымдардың барлығы атап көрсеткен. Мәселен, Ә. Нұрмағамбетов: «-Улы/-улі тұлғалы етістік, батыс диалектіндегі говорларда, әдеби тілдегі өткен шақ көсемше тұлғалары -ған/-ген және үнемді көсемше -ып/-іп пен тиісті жіктік жалғауы арқылы жасалатын ашық райдың ежелгі өткен шағы орнына жұмсалады (Нұрмағамбетов, 1986, 92-б.), – деп жазады. Сондықтан Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданының тумасы Ғ. Қараш тілінде бұл тұлғаның жиі ұшырасуы табиғи нәрсе.

Батыс Қазақстанның тағы бір тумасы Сарыбайұлы Шамғали тілінде де -улі жұрнағы қолданылады:

Қазақ бұрынғы уақытта орыс тілін бір керексініп оқыған болса, бұл күнде онанда көрі *керексініңкіреулі*. Өйткені орыс тілі «октебр тілі болып қадыры артып бара жатыр (Жұбаева, 2013, 419-б.).

*-лар/-лер*. ...Адебиетсіз халық басқа (мәдени) *халықлармен* тізе қосып, қатар жасай алмайтынына *көзлері* жетіп, дердке дәрмен ізлеуге *кіріскенлерінің* бірінші белгісі. ...*Кітабларды* оқыған халықтың.... «Өнерлі өрге жүзер» деп *қартларымыз* да осындайды айтқан (2018,

112-б.). Бұл 55 үйде 491 еркек жанлары бар екен. «...Шәкірлерге сауал беріп көріңіз, қазақтар!» деп еске салуы бойынша бірнеше сауалдарды беріп көрдік. Бұнда шәкірд қызларға бұлайша сауал бердік. Бұлардың хызметтері бек көп көрінеді (2018, 164-б.).

Ғ. Қараштың осы сөйлемдеріндегі халықлар, көзлер, кіріскенлер, кітаблар, қартлар, жанлар, шәкірлер, қызлар, хызметлер сөздеріне көптің жалғауының тек -лар/-лер нұсқасы ғана жалғанған. Қазір III жақ көпше түрде жіктелген етістікке көптік жалғауы жалғанбайды. Көптік мағына нөлдік форма арқылы беріледі. Мысалы: *Олар іздеді, олар тапты*. Ал Ғ. Қараштың: «...Сол аурудан нешік сақланудың ғылажын да таптылар – шешек екендей ектіріп, піскен адамға жұқпайтыны да ысбат етілді» (2018, 69-б.) – деген сөйлемінде көптік жалғауы жалғанған. Автор «тапты» емес, «таптылар» деп жазып отыр. Бұл түрік жазба ескерткіштері мен тілдеріне, шағатай әдеби тіліне тән үлгі. Көптік жалғауының бір ғана -лар(-лер) нұсқасының қолданылуы да шағатай тіліне тән сипаттың бірі. Түрік халықтарының ортақ жазба әдеби тілі қызметін атқарған шағатай тілінің әсері XIX ғасыр әдебиетінің ең ірі өкілі Абайдан да байқалады. Ал мұсылманша білім алып, ескі әдеби тілді жақсы меңгерген, іргелес жатқан татар, башқұрт халықтарының діни, әдеби қауымымен тығыз араласқан, «Қарлығаш» (Қазан, 1911), «Бала тұлпар» (Уфа, 1911), «Тумыш» (Уфа, 1911) «Тұрымтай» (Уфа, 1918) сияқты бірнеше кітабы Қазан мен Уфада басылған Гұмар Қараш еңбектерінде кітаби тіл элементтерінің болмауы мүмкін емес еді. Ғ. Қараштың кейінгі жылдары жарық көрген еңбектерін жинақтаушылар мен шығарушылар автордың түпнұсқасын қазіргі жазуға бейімдеп, көптеген өзгерістер енгізген. Түпнұсқа бастапқы қалпында жарияланса, шағатай жазба әдеби тілінің элементтері онда бұдан да көбірек көрініс береріне күмән келтірмеуге болады.

### Септік жалғауларының қолданысы

*Барыс септік: -ға/-ге*. Қазіргі әдеби тілде есімшенің -галы/-гелі жұрнағы жалғанатын жерде барыс септіктің -ға (-ге) жұрнағы жалғанады. Мысалы: *Өзіңізге мағлұм, қазақ жері өлшеніб, артығы алынуга жатыр* (2018, 126-б.). Енді үшіншісі туралы сөз *болуға отыр* (2018, 279-б.). Бүгінгі тілде *болуға отыр – болғалы отыр, алынуга жатыр – алынғалы жатыр* деп жұмсалады. Сол сияқты «Әлі көп халық орналасқан жоқ, сөйлесуге енді уақыт» деген сөйлемде есімшенің -атын/-етін жұрнағы орнына да барыс септіктің -ға/-ге жұрнағы жалғанады. Одан өзге де: «Керек заттың бірін *алуға\_мұтқан* екен». Кируанштайн хош алып, етпен *шайға* тағы сыйлады» (2018, 129-б.)

сияқты сөйлемдерде барыс жалғауы табыс, көмектес септік жалғауы орнына жұмсалады.

*Бізін.* Жіктеу есімдігінің I жақ көпше түріне (біз-ге) ілік септік жалғауы қазіргіше «біздің» емес «бізін» түрінде жалғанғанады. Мысалы: «*Бізін* қазақтың қарттары да тіршілік етудің қиын екенін сезген». «Сөйтіп, халық *бізін* дүниаға келуімізге себеп болды» (2018, 133-б.). Ақ малтасын езіп ішіп, алаңсыз отырған *бізін* қазақ жұртын революция тасқыны келіп басқанда һеш нәрсеге әзірленбеген, қартаң тарихтың қалай аяқ салатынын болжамаған сорлы қалай етерін, қайда кетерін білмей, сасқалақтап қалулы (2018, 257-б.). Дәл осы форма *бізін тарафымыздан, бізін еліміз, бізін келешек, бізін қазақ* түрінде мәтінде жиі кездесіп отырады.

Мұндай қолданыс XX ғасыр басындағы қаламгерлер (Батыс Қазақстан-Орал) тіліне тән:

*Бізін* ат күшті болғанмен шабан. Ахмет бай кісі, ләкин сараң (Әбілқасымов, 1993, 151-б.).

Сондай-ақ жіктеу есімдігінің I жақ көпше түрі *бізнің, бізім, бізікі* сияқты формалары кездеседі. Мысалы: «Кедейліктің бір тума-аданастары – қорлық-зорлық, ауру-науқас – бұлар да *бізнің* қазақ ішіне мекен етті: шума (чума) – кезік сықылды аурулар қазақ ішіне жайылды». «...*Бізнің* қара халық түгіл, ғылым иесі жасларымыздың да көбісі төрт жағы құбыла болып, заманымыздың түрінен бейхабар, ғұмырын ойын-күлкімен өткізіп жүр» (2018, 110-б.). «Бұ айырмалар *бізім* фікірімізше керексіз һәм заралы...». *Бізікі*, әйтеуір, күш келгенше артынан қалмай, осының соңына түсе беру (2018, 174-б.).

Сондай-ақ бірінші мысалдағы «тума-аданас» қос сөзінің құрамындағы «аданас» сөзі де батыс говорларында «бауыр, ағайынды, туыстас» мағынасында қолданылады. Аданас (Орал: Орда, Жән., Казт.; Рес, Волг.) туысқан. Қалада менің екі *аданасым* жұмыс жасайды (Орал, Казт.). Санатай, Сағындық дейтін адамдар *аданас* екен. Екеуі бір әкеден туыпты (Орал, Орда). (Қалиев жб., 2005, 20).

*Табыс септік: -ны/-ні.* Қазіргі әдеби тілде табыс септіктің -ды/-ді, -н жұрнағы жалғанатын тұстарда -ны/-ні жалғанады. Мысалы: Сен бұлай қор болғанша жер болсаңшы, «Қазақстанға» *фікірлеріңізні* жаза көріңіз. Өздерінен соңғы болашақ *ұрфақтарыны* қайғыртып, ғылым-өнер жолына салмады. Бұл жақтағы алдын алып, өзіміз отырықшы боламыз деген қазақтар араларына орыс кіргізбей, тәуір *жерлеріні* айрылып қалулы (2018, 164-б.).

Екінші сөйлемдегі «ұрфактарыны» сөзінде табыс септік жалғауы -н емес, -ны жалғанып тұр. Сонымен қатар Ғ. Қарашта осы сөздің және *фікір, фақыр, фида* сияқты өзге де сөздердің «ф» арқылы жазылуы да ескі жазба тілге тән сипат. Бірақ мұнда шағатай әдеби тілдегі кейбір түркі сөздерінің *йафрақ, йіфек, тофрақ* секілді жазылғанындай кітаби тіл дәстүріне сәйкес ұрфақ деп берілгені аңғарылады.

*Шығыс септік: -дан/-ден.* Амандасып, айрылар жерде «қазақ баласына менден сәлем – дәулет менікі емес, миллатікі» деген сөзін айтып, көзіне жас алды (2018, 158-б.). Бала ананың құрсағында әуелі қан болады, *андан соң* тән болады, *андан соң* барып жан болады (2018, 133-б.). Бұл сөйлемдерде қазіргідей *-нан/-нен* емес, *-дан/-ден* қолданылады. Ғ. Қараштағы *менден сәлем – менен сәлем, андан соң – онан соң, онан кейін* түрінде әдеби нормаға айналды.

*Көмектес септік: -бенен/-менен.* Барғанда беретін ет *бенен* шәй – ол қақпанның тіліне байланған қызыл жем (2018, 172-б.). ...*мәденилікменен* құдаласып...(2018, 180-б.). Қазір *етбенен – ет пен*, ал *мәденилікменен – мәденилікпен* түрінде қолданылған болар еді.

### Жазба тіл элементтері, түрік тілдері әсері

XX ғасыр басындағы әдеби тілді арнайы зерттеген ғалымдар «Араб, парсы, түрік, татар, өзбек тілдерінің лексикалық элементтері XX ғасырдың басындағы ақын-жазушылардың шығармаларында біраз кездеседі» және «Кітаби тілдің лексикасынан сақталып, жиі қолданылатын грамматикалық тұлғаларға *һәм, илән, ләкін, хақында* шылауларын, *үшбу* (бұл) есімдігін жатқызуға болады» (Әбілқасымов, 2000, 115-б.) деген пікір айтады.

Ғұмар Қарашта ғалымдар атап көрсеткен тілдердің лексикалық элементтері мен грамматикалық тұлғалардың барлығы да бар. Оған қазақ білімпазының еңбектерінен алынған төмендегі мысалдар дәлел бола алады:

*Үшбу.* Қазақ әдеби тілінде «осы», «бұл» түрінде жұмсалатын есімдікті Ғұмар *үшбу* формасында қолданған: *Үшбу* 1912 жылы жузада шыққан «Айқапта» Ахмет Жанталин деген азаматтың «Күнелтуіміз турасында» деп бастап жазған бір сөзін оқыдық (2018, 179-б.).

Ғ. Қараштағы «үшбу» шағатай әдеби тілінің элементі. Бұл сөз көне ұйғыр жазулы ескерткіші Оғыз қаған дастанында *ошбу* «осы, бұл»: йолда *ошбу* айғыр ат көзден йітү қачты кетті «жолда бұл айғыр көзден ғайып болды» кездеседі. Қазіргі түрік, өзбек, қарайым тілдерінде *міне, осы, бұл, мынау* мағынасында қолданылады. Шағатай жазба

ескерткіштерінде *ушбу/ушбу* «міне, осы» мағынасында қолданылғаны белгілі.

*Ләкин. Ләкин* арасында жаңа сөздер де көп. *Ләкин* ескі сөздерді жазған жазуы, сіздің біраз низами бітісуі бізді көңілге ұнап бітпейді (2018, 177-б.).

*Уа.* Сол сияқты әдебиеті болмаған миллатта өзінің басына келген қайғы, қасіреттеріңді шаттық *уа* қуаныштарды бір-біріне айтып, ұқтыру ғазиз болар. Басқа сүйектес *уа* жыныастарды өзінің қайғы *уа* шаттықтарыңды ортақтастыруға күші жетпес. ...Екі миллатты бір миллат жайына келтірген себептердің ең зорысы да тіл *уа* әдебиеттер (2018, 187-б.). Шағатай жазба әдеби тілінде, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы кейбір авторлар тілінде «және» мағынасында қолданылған.

*Һәм. Һәм* бұлардың бұ күнде жаз уақытында көшіп барып, бұрынғыдай жайлайтын жерлері де жоқ, «Көксілдер», иаки бұрынғы мырза ауылы һәм ноғайлы батырлары *уа* ғейри мағыналы жырлар. Тіл, әдебиет бір миллат үшін әліпте керек (2018, 186-б.). «Һәм» ескі кітаби тіл элементі және, немесе мағыналарында қолданылған. Қазір көбінесе көркем әдебиет тілінде сирек те болса қолданылады.

*Олар.* Әдебиеті болмаған бір миллат арасында таралып, тамыр жаюы асыл мүмкін көгілдір әдебиетсіз миллат құқығы діннен хамда, ғылым, мағарифтан мақұрым *олар*. (2018, 187-б.).

Көне түрік жазба ескерткіштерінде *бол-* етістігі орта ғасырлардан бастап негізінен оғыз тілдерінде *ол-* түрінде қолданылған. Қазір де оғыз тілерінде және қырым татарлары тілінде *ол-* етістігі қолданылады. Б. Әбілқасымов XVIII-XIX ғасырдағы қазақша кеңсе қағаздары тілінде «ол-» етістігі оғыз тілдеріндегі формада *хайран олдым, кіріфтар олынмыш* түрінде қолданылғанын айтады (Әбілқасымов, 1988, 19-б.).

Сонымен қатар алаш оқымыстысының тілінде мына сөйлемдер де назар аудартады: *Хұрмәтлу* басқарушы төмендегі *язғанымызға* газетіміздан орын өтінеміз. *Құрметлі* бауырым Хамидолла! Машақаттанып, шығынданып газет *йазып* жатқан. Дін *қардашымыз* ноғай тілінде 20-дан артығырақ газет бар...». Міне, мағлұматты патшалардың алты-жеті миллион қазақ есімі дін *қардашларының* бар екенін білмеушілігі ғайып болса, біздің өзімізді бұл уақытқа шейін бірқатар жұрт екенімізді білдіре алмауымыз онан жаман қорлық, айып болса керек (2018, 194-б.).

Ғ. Қараш тіліндегі *хұрмәтлу (құрметті), йазып, язган (жазып, жазган), қардаш (бауыр, туған)* сөздерінің қолданысы да түрік халықтарына ортақ жазба әдеби тілдің, туысқан халықтар тілдерінің бір-біріне әсерін көрсетеді.

Сол сияқты сөйлем басында үтірмен ажыратылатын *халбұки, бәлкі, бәлки, мінекей, мәгер, шүңки, натаки* сияқты қазіргі тілде қолданылмайтын (*халбұки, натаки*) немесе өзгеше (*егер, бәлкім*) нұсқада қолданылатын қыстырма сөздер де ұшырасып отырады. Бұл да қаламгер тіліне тән ерекшеліктер.

### Қорытынды

Белгілі әдебиетші ғалым Есмағамбет Ысмайылов: «Ғұмар Қараш – Абайдан кейінгі дәуірдегі XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде іргелі орын алатын ірі классик ақын, қазақтың жазба, көркем әдебиетін дамытуда, әдебиет, тілін қалыптастыруда Ғұмардың тарихи еңбегі ерекше. Ғұмар – үлкен суретші, шебер, көркемсөздің ұстасы» (Алматы ақшамы, 1990) – деп ақын мұрасы мен оның ұлт әдебиеті мен тілін дамытуға қосқан үлесіне жоғары баға береді.

Ғұмар Қараштың соңына қалдырған әдеби мұрасы, публицистикалық еңбектері оның XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, көсемсөз шебері екенін айғақтайды. Қазақ білімпазының тіл байлығын, сөз қолданысын, стильдік ерекшеліктерін зерттеу, қаламгер мұрасына тілдік талдау жасау ғана емес, XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілінің кезеңдік келбетін, осыдан жүз жыл бұрынғы қалпын, одан бергі уақыттағы дамуы мен өзгерістерін анықтау тұрғысынан да маңызды. Мәселен, Ғ. Қарашта: *халықлар, көзлер, кітаблар, қартлар, шәкірділер, қызлар, хызметлер* сөздеріне көптің жалғауының тек *-лар/-лер* нұсқасы ғана жалғануы, көне түрік тілінен бері қолданылып келген *-дүр (жаза-дүр, жоқ-дүр рухы-дүр)* қосымшасының, *үшбу, уа, һәм, ләкин* шағатай жазба әдеби тіліне тән элементтердің қолданылуы бір жағынан автордың тіл ерекшелігі болса, екінші жағынан XX ғасыр басындағы ескі жазба әдеби тіл мен туысқан түрік тілдерінің өзара байланысының да тілдегі көрінісі. *Бол-* етістігінің оғыз тілдеріндегі *ол- олар* (мақұрым *олар*) формасында қолданылу да сол қатарға жатады.

Ал *шалттау, орнасу, жеттігу, қайғырту, қарсылау, жылаулау, жұмыстану, өрші, қытпа* етістіктері мен *ойтаң, биасыл, нән* сын есімдері, *бізнің, бізім, бізікі* есімдіктері мен *оқтасында, кеіттігұрым* үстеулері, *шашық отыру* тіркесі іспетті батыс говорларына тән сөздер

мен сөз тіркестерінің қолданылуы автордың тіл ерекшелігін айқындай түседі.

*Хасыл ету, ыспаттау, ыспат ету, иглан ету//иглан қылу* тіркестері де XX ғасыр басындағы әдеби тілге тән сипат.

Ғұмар Қараштың өлеңдері мен көсемсөзі бойынша жинақталып, талданып отырған тіл деректері қалам иесінің ғасыр басындағы қазақ әдеби тілінің қалыптасуына елеулі үлес қосқан өрнекті тұлғалар бірі екенін танытумен қатар, қаламгер шығармалары тілдің осыдан жүз жыл бұрынғы қалпын, одан бергі нормалану, өзгеру үрдісін де айқайтындайтын деректерге толы құнды әдеби мұра екенін де көрсетеді.

### Әдебиеттер

Әбілқасымов, Б. (1988). *XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің жазба нұсқалары*. Алматы: Ғылым баспасы.

Әбілқасымов, Б. (ред.). (1993). *Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер*. Алматы: Ғылым баспасы.

Әбілқасымов, Б. (ред.). (2000). *XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі*. Астана: Елорда.

Жұбаева, О. (кұраст.). (2013). *XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер*. Алматы: Қазығұрт баспасы.

Иманғалиев, А. (27 шілде, 2016 жыл). *Елдігімізді шыңдай түсетін кезең* <https://anatili.kazgazeta.kz/news/38235>

Кекілбаев, Ә. (1989). *Екі томдық таңдамалы шығармалар, 2-том*. Алматы: Жазушы.

Қалиев, Ғ., Нақысбеков, О., Сарыбаев, Ш., Үдербаев, А. және т.б. (2005). *Қазақ тілінің аймақтық сөздігі*. Алматы: Арыс баспасы.

Қараш, Ғ. (2018). *Поэзиялық шығармалары, I том*. Орал.

Қараш, Ғ. (2018). *Ойтолғамдар, мақалалар, II-III том*. Орал.

Құрманбайұлы, Ш. (2020). *Абай шығармаларындағы «қыл» етістігінің қолданысы*, ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы, 3 (179), 74-85 б.

Құрманбайұлы, Ш., Әділов, М. (2020). *Абай шығармаларындағы «тұғын» жұрнақты есімше қолданысы*, Абай атындағы Қазақ ұлттық

педагогикалық университетінің хабаршысы, Филология сериясы 2 (72), 21-33 б.

Құрманбайұлы, Ш., Әділов, М. (2024). *Абай тілі: көне сөздер мен сирек қолданыстар*. Алматы: Сардар баспасы.

Нұрмағамбетов, Ә. (1986). *Қазақ говорларының грамматикасы*. Алматы: Ғылым баспасы.

Сарыбаев, Ш. (1963). *1920-1930 жылдардағы әдеби тілдің тарихына қатысты кейбір мәселелер (мерзімді баспасөз материалдары негізінде)*. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, бесінші шығуы (б. 5-18). Алматы: Ғылым баспасы.

Тіл білімі институты (1967). *Қазақ тілінің грамматикасы I Морфология*. Алматы: Ғылым баспасы.

Уәли, Н., Құрманбайұлы, Ш., Малбақов, М. және т.б. (2013). *Қазақ сөздігі*. Алматы: Дәуір баспасы.

Тенишев, Э. (ред.) (1988). *Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков, Морфология*. Москва: Наука.

Бсмайылов, Е. (1990, 30 қаңтар). *Омар Қарашев*. Алматы ақшамы.

## References

Abilkasymov, B. (1988). *XVIII-XIX gasyrlardagy kazak adebi tilinin jazba nuskaalary*. (Written monuments of the Kazakh literary language of the 18th–19th centuries). Almaty: Gylym.

Abilkasymov, B. (Ed.). (1993). *Kazak tili jonindegi revolyuciyadan buryngy zertteuler*. (Pre-revolutionary studies on the Kazakh language). Almaty: Gylym.

Abilkasymov, B. (Ed.). (2000). *XX gasyrdagy kazak adebi tili*. (The Kazakh literary language of the 20th century). Astana: Elorda.

Zhubaeva, O. (Comp.). (2013). *XX gasyr basyndagy kazak tili jonindegi zertteuler*. (Studies on the Kazakh language at the beginning of the 20th century). Almaty: Qazygurt.

Imangaliev, A. (2016, July 27). *Eldigimizdi shyndai tusetin kezen*. (A period that strengthens our statehood). Retrieved from <https://anatili.kazgazeta.kz/news/38235>

Kekilbaev, A. (1989). *Eki tomdyk tandamaly shygarmalar, 2-tom*. (Selected works in two volumes, Vol. 2). Almaty: Zhazushy.

Kaliev, G., Nakysbekov, O., Sarybaev, Sh., Uderbaev, A., et al. (2005). *Kazak tilinin aimaktyk sozdigi*. (Regional dictionary of the Kazakh language). Almaty: Arys.

Karash, G. (2018). *Poeziyalyq shygarmalary, I tom*. (Poetical works, Vol. 1). Oral.

Karash, G. (2018). *Oitolgamdar, makalalar, II–III tom*. (Reflections and articles, Vols. 2–3). Oral.

Kurmanbaiuly, Sh. (2020). *Abai shygarmalaryndagy “qyl-” etistiginin koldanysy*. (The use of the verb “qyl” in Abai’s works). QazUU Khabarshysy. Philology series, 3(179), 74–85.

Kurmanbaiuly, Sh., & Adilov, M. (2020). *Abai shygarmalaryndagy “tugyn” zhurnakty esimshe koldanysy*. (The use of participles with the suffix “-tugyn” in Abai’s works). Abai Kazakh National Pedagogical University Bulletin. Philology series, 2(72), 21–33.

Kurmanbaiuly, Sh., & Adilov, M. (2024). *Abai tili: kone sozder men sirek koldanystar*. (The language of Abai: archaic and rare words). Almaty: Sardar.

Nurmagambetov, A. (1986). *Kazak govorlarynyn grammatikasy*. (Grammar of Kazakh dialects). Almaty: Gylym.

Sarybaev, Sh. (1963). *1920–1930 zhyldardagy adebi tildin tarihynda katysty keibir maseleler (merzimdi baspasoz materialdary negizinde)*. (Some issues related to the history of the literary language in the 1920–1930s based on periodical press materials). Kazak tili tarihy men dialektologiyasynyn maseleleri, Vol. 5, pp. 5–18. Almaty: Gylym.

Til bilimi instituty. (1967). *Kazak tilinin grammatikasy I. Morfologiya*. (Grammar of the Kazakh language I: Morphology). Almaty: Gylym.

Uali, N., Kurmanbaiuly, Sh., Malbakov, M., et al. (2013). *Kazak sozdigi*. (Kazakh dictionary). Almaty: Daur.

Tenishev, E. (Ed.). (1988). *Sravnitelno-istoricheskaya grammatika tyurkskikh yazykov. Morfologiya*. (Comparative-historical grammar of the Turkic languages: Morphology). Moscow: Nauka.

Ysmaiyllov, E. (1990, January 30). *Omar Qarashev*. Almaty aqshamy.

## GUMAR KARASH VE XX. YÜZYIL BAŞINDAKİ KAZAK EDEBİ DİLİ

**Öz:** Bu makalede XX. yüzyılın başlarında yaşamış olan şair, toplum adamı ve Kazak aydını Gumar Karash'ın eserlerinin dili ve söz kullanımını özellikleri incelenmektedir. Şairin şiirleri ve diğer eserlerinde geçen özel kullanımdaki isimler, sıfatlar, fiiller, zarflar ile yerel söz varlığı unsurları, günümüz Kazak edebî dilindeki karşılıklarıyla karşılaştırmalı olarak analiz edilmektedir. Bununla birlikte yazarın kullandığı özgün söz öbekleri, atasözleri ve benzetmeler de değerlendirilmiştir. Gumar Karash'ın eserlerinde günümüz dilinde kullanılmayan ya da çok nadir kullanılan eski ve verimsiz ekler de tespit edilmektedir. Şairin eserlerinde yer alan üşbu, lâkin, halbuki, ua, hem gibi Çağatayca dil unsurlarının yanı sıra, şairin dilinde rastlayan çağdaş Türk dillerine ait leksik birimler ve gramatikal yapılar, tarihî-karşılaştırmalı yöntem çerçevesinde incelenmektedir. Yazarın kullandığı atasözleri ve deyimler ile eserlerinde günümüz edebî dilinde nadiren rastlanan özgün ifadeler belirlenerek bunların anlamları açıklanmaktadır. XX. yüzyılın başındaki Kazak dilinin gelişim süreci, şairin dil özellikleriyle ilişkilendirilerek ortaya konmaktadır. Sonuç olarak üretken bir kalem sahibi ve tanınmış bir şair olan Gumar Karash'ın aktif edebî faaliyetleri ve bıraktığı miras aracılığıyla geçen yüzyılın başlarında Kazak edebiyatının ve yazı dilinin gelişimine önemli katkılar sağladığı sonucuna varılmaktadır.

**Anahtar Kelimeler:** Gumar Karash, Edebî dil, XX. Yüzyıl başı, Kitâbî dil, Dil özellikleri.

## ГУМАР КАРАШ И КАЗАХСКИЙ ЛИТЕРАТУРНЫЙ ЯЗЫК НАЧАЛА XX ВЕКА

**Аннотация:** В статье рассматриваются язык и особенности словоупотребления в произведениях поэта, общественного деятеля и казахского просветителя начала XX века Гумара Караша. Особое внимание уделяется существительным, прилагательным, глаголам, наречиям и местным словам, встречающимся в стихотворениях и других произведениях автора, которые анализируются в сравнении с их современными литературными вариантами. Наряду с этим исследуются своеобразные словосочетания, пословицы и сравнения, используемые автором. В произведениях Гумара Караша выявляются устаревшие и малопродуктивные аффиксы, которые в современном языке либо не употребляются, либо используются

крайне редко. Показано употребление элементов книжного языка, таких как ұшбу, ләкин, халбұқи, уа, һәм, а также рассматривается влияние родственных тюркских языков на лексические единицы и грамматические формы. Определяются пословицы и сравнения, использованные автором, а также своеобразные выражения, редко встречающиеся в современном литературном языке, и раскрывается их значение. Этапные особенности развития казахского языка начала ХХ века рассматриваются в связи с языковыми особенностями поэта. В результате делается вывод о том, что известный поэт и деятель культуры Г. Караш своей активной творческой деятельностью и литературным наследием внес значительный вклад в развитие казахской литературы и письменного литературного языка начала прошлого века.

**Ключевые слова:** Гумар Караш, Литературный язык, Начало ХХ века, Книжный язык, Языковые особенности.

### Extended Summary

This article examines the linguistic features of the works of Gumar Karash, a prominent Kazakh poet, public figure, and intellectual of the early twentieth century, and analyzes their role in the development of the Kazakh literary language during a transitional historical period. The beginning of the twentieth century represents a crucial stage in the formation and normalization of the Kazakh written literary language, characterized by the interaction of traditional written norms, spoken language elements, and external linguistic influences. In this context, the study of individual authors' language provides valuable insights into the processes of language development, standardization, and stylistic differentiation.

The main purpose of the study is to identify and describe the lexical, grammatical, and stylistic features of Gumar Karash's language and to determine their place within the broader evolution of the Kazakh literary language. The research focuses on specific linguistic phenomena found in the author's works, including archaic forms, bookish language elements, regional usages, and non-productive affixes. Through this analysis, the study aims to demonstrate that Karash's language reflects the continuity between earlier Turkic written traditions and the emerging norms of the modern Kazakh literary language.

The research material consists of Gumar Karash's collected works published in recent editions, as well as his earlier texts printed in Kazan and Ufa. These sources include poetry, prose, and publicistic writings, which together provide a comprehensive corpus for linguistic analysis. The study

employs a combination of methods, including the historical-comparative method, diachronic analysis, descriptive analysis, and structural-morphological analysis. These methods enable the identification of linguistic units, their comparison with earlier and modern forms, and the interpretation of their functional and stylistic roles.

The findings of the study reveal that Gumar Karash's language is characterized by a complex interaction of different linguistic layers. One of the most prominent features is the presence of archaic verb forms such as *esit-* (instead of the modern *esti-*), *qyl-* (instead of *et-*), and *mut-* (instead of *umyt-*). These forms demonstrate continuity with Old Turkic and medieval written traditions and were still actively used in the early twentieth century. In addition, the study identifies regionally marked forms, particularly those associated with the western dialects of the Kazakh language, such as *jumystanu*, *shaltau*, and *ornas-*, which reflect the influence of spoken language on written texts.

Another important aspect is the use of bookish language elements derived from Arabic, Persian, and Chagatai literary traditions. Words and particles such as *ushbu*, *lakin*, *halbuki*, *ua*, and *ham* are frequently encountered in Karash's texts, indicating the persistence of the traditional written language model. These elements were later reduced or eliminated during the process of language standardization in the Soviet period, when efforts were made to simplify and "purify" the literary language. However, in Karash's works, they function as integral components of the stylistic system and reflect the norms of his time.

The analysis also highlights the use of non-productive and archaic affixes, such as *-ashaq/-eshek*, which in Karash's texts often express future or modal meanings. These forms, while no longer productive in modern Kazakh, provide important evidence of historical morphological variation and the transitional nature of the language at that time. Furthermore, the study examines a range of phraseological units, proverbs, and similes used by the author. Many of these expressions differ from their modern equivalents in form and structure, demonstrating the ongoing process of linguistic normalization and simplification.

The comparative analysis of Karash's language with contemporary Kazakh literary norms shows that many of the forms used in the early twentieth century were later replaced, standardized, or eliminated. Nevertheless, these forms should not be regarded as deviations or anomalies but rather as natural elements of a dynamic linguistic system undergoing change. The presence of multiple variants, including archaic, regional, and

bookish forms, reflects the richness and diversity of the language during this formative period.

In conclusion, the study demonstrates that Gumar Karash's linguistic legacy represents an important stage in the development of the Kazakh literary language. His works embody the interaction between traditional and modern linguistic elements and provide valuable material for understanding the historical evolution of the language. The analysis confirms that the early twentieth century was a period of active linguistic transformation, during which the foundations of the modern Kazakh literary language were being established. Therefore, the study of Karash's language contributes not only to the understanding of an individual author's style but also to the broader field of historical linguistics and the history of the Kazakh literary language.

In this regard, further comprehensive studies of early twentieth-century Kazakh texts and individual authors' linguistic practices will contribute to a deeper understanding of the mechanisms of language change, standardization, and the preservation of historical linguistic layers within the modern Kazakh literary language.

---

**Yazar Katkı Oranı (Author Contributions):** Sherubay KURMANBAIULY (%100)

**Yazarların Etik Sorumlulukları (Ethical Responsibilities of Authors):** Bu çalışma bilimsel araştırma ve yayın etiği kurallarına uygun olarak hazırlanmıştır.

**Çıkar Çatışması (Conflicts of Interest):** Çalışmadan kaynaklı çıkar çatışması bulunmamaktadır.

**İntihal Denetimi (Plagiarism Checking):** Bu çalışma intihal tarama programı kullanılarak intihal taramasından geçirilmiştir.

**УДК 801.73 МҒТАР 16.21.33**

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ ПОСТ-ПОСТМОДЕРНИЗМ АЯСЫНДА

Anar ABDULLİNA \*

**Андатпа:** А. Кемелбаеваның шығармашылығы қазіргі қазақ прозасындағы постмодернизмнен кейінгі (пост-постмодернизм) кезеңнің айқын үлгісі болып танылады. Кейіпкерлердің экзистенциалды ізденістері, сонымен бірге фольклорлық, мифтік элементтердің суреттелуі символдық образдардың заманауи контексте жаңа мағынаға ие болуын көрсетеді. Бұл мақалада қазіргі қазақ прозасындағы «пост-постмодернизм» жаңа әдеби тенденция ретінде талданған. Мақаланың негізгі бағыттары қазіргі қазақ прозасындағы жаңашылдықты көрсету, әдеби үдерістегі Айгүл Кемелбаева прозасының маңыздылығын айқындаумен байланысты. Қаламгер А. Кемелбаева туындыларында ғаламдық контексті, атап айтар болсақ, урбанизм мен технологиялық даму, виртуализм сынды тақырыптарды ұлттық дүниетаным аясында интеграциялайды. Зерттеудің ғылыми маңызы қазіргі қазақ прозасындағы пост-постмодернизм құбылысын А. Кемелбаева прозасында талдап, әдеби таным аясында жаңа көзқарас қарастыру. Ал практикалық маңызы А. Кемелбаева прозасындағы жаһандық контекстегі ұлттық дүниетаным көріністерінің берілу ерекшеліктерін айқындауда көрінеді. Зерттеу әдістемесі ретінде интермәтінділік талдау, интерпретациялық талдау, салыстыру, жинақтау әдістері қолданылды. Зерттеу барысында А. Кемелбаева прозасындағы пост-постмодернизм белгілері: мәтін деконструкциясы, глокализация құбылысы, нарратор тақырыбы сынды ұғымдар анықталды. Негізгі нәтижелер ретінде қазіргі қазақ прозасындағы негізгі әдеби тенденцияның жаһандық контекстпен тікелей байланысы айқындалып, көркем прозаны кешенді талдау мүмкіндіктері беріледі. Мақала пост-постмодернизм теориясы мен практикасын А. Кемелбаева прозасы арқылы қарастыра отырып, қазіргі қазақ прозасындағы жаңа зерттеу арнасын қалыптастырады. Жүргізілген зерттеу қазіргі қазақ прозасындағы жаңашылдықты, жаһандану дәуіріндегі ұлттық дүниетанымның

---

Araştırma Makalesi / Kūnye: Abdullina, A. “Қазіргі Қазақ Прозасындағы Ұлттық Интеграция Пост-Постмодернизм Аясында”. Türkoloji, 126 (Haziran 2026), s. 39-62.

\*Dr., Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік Университеті, e-mail: anar.abdullina@rambler.ru, ORCID: 0000-0001-8695-7417

— Қазіргі Қазақ Прозасындағы Ұлттық Интеграция Пост-Постмодернизм Аясында)

маңызын, көркем прозада суреттелу ерекшеліктерін сипаттап, қазіргі қазақ прозасындағы тенденциялардың зерттелуіне теориялық, практикалық үлесін қосуды мақсат тұтады.

**Кілт сөздер:** Проза, Ұлттық интеграция, Пост-постмодернизм, Интермәтінділік, Глокализация

## NATIONAL INTEGRATION IN MODERN KAZAKH PROSE IN THE CONTEXT OF POST-POSTMODERNISM

**Abstract:** A. Kemelbayeva's work is recognized as a vivid example of the post-postmodern period in contemporary Kazakh prose. The existential quests of the characters, alongside the depiction of folklore and mythical elements, demonstrate how symbolic images acquire new meaning in a contemporary context. In this article, "post-postmodernism" is analyzed as a new literary trend in contemporary Kazakh prose. The main objectives of the article are to showcase the innovative features in modern Kazakh prose and to determine the significance of Aigul Kemelbayeva's prose. The writer A. Kemelbayeva integrates global contexts, specifically themes such as urbanism, technological development, and virtualism, within the framework of the national worldview in her works. The significance of the study lies in the analysis of post-postmodernism in contemporary Kazakh prose through a selection of A. Kemelbayeva's work with a new approach to our literary appreciation. The practical significance can be expressed as identifying the peculiarities in the manifestations of the national worldview in A. Kemelbayeva's prose. Intertextual analysis, interpretive analysis, comparison, and synthesis were used as research methods. The study identified the characteristics of post-postmodernism in A. Kemelbayeva's prose: textual deconstruction, the phenomenon of glocalization, and the author's thematic particularity. The main results establish a direct connection between the primary literary trend in modern Kazakh prose and the global context, and present opportunities for comprehensive analysis. The examination of post-postmodernism through A. Kemelbayeva's prose opens a new avenue for appreciating contemporary Kazakh prose. The article demonstrates the ingenuity of contemporary Kazakh prose, the significance of the national worldview in the era of globalization, and its specific features, thereby making a theoretical and practical contribution to the study of contemporary Kazakh literature.

**Keywords:** Prose, National Integration, Post-Postmodernism, Intertextuality, Glocalization

## Кіріспе

XXI ғасырдағы қазақ әдебиетінде постмодернизм жайлы зерттеулер тұрақталды. Алғашында жат болып естілетін постмодернизм қазақ прозасына еніп, бағыт ретінде өз алдына анықталады. Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиетінде постмодернизм бағытында жазылған туындылар жарыққа шықты. Г. Сәулембек постмодернизм белгілері ретінде автор «менінің» жойылуы, аласапыран әлемнен мән іздеуден бас тарту, туындыдағы ойын элементі, интермәтінділік, ирония сынды ерекшеліктерді ажыратады (Сәулембек, 2025, 177-б.). Әдебиетте постмодернизмнің қалыптасуы XX ғасырдың екінші жартысында белең алған. Зерттеуші М. Эпштейннің постмодернизмнің қалыптасуы жайлы пікірі құнды (Эпштейн, 1996, 171-б.). Себебі ол атап өткендей, постмодернизм қазақ прозасында модернизмнен кейін емес, кеңестік реализмнен кейін қалыптасты. XX ғасырдың II жартысында қазақ әдебиетінде кеңестік реализмнің жанданған уақытымен тұспа-тұс келді. XX ғасырдың соңғы ширегінде, XXI ғасырдың басында қазақ прозасында А. Жаксылыков, Д. Амантай, Т. Әсемқұлов, Ж. Қорғасбек, А. Алтай шығармалары жарық көрді. А. Кемелбаева туындылары қалың оқырман үшін өзінің жаңашылдығымен, батыл тақырыптарымен ерекшеленеді. Осы тұста қаламгердің шығармашылығындағы ерекшеліктерді ажырата отырып, *пост-постмодернизм* аясында қарастыру қажеттігі анықталады.

Пост-постмодернизм – шындық пен қиялдың тұтасқанын, гипершындықты негіздейтін бағыт. Мәтін теориясының, семиотиканың, философияның қарыштап дамуы постмодерндік бағыттың динамикасына алып келді. Пост-постмодернизм қалыптасуына мынадай ғылыми тұжырымдар әсер етті, анығырақ айтатын болсақ, В. Курицын еңбектеріндегі мәтін мағыналарының үнемі үздіксіз байланыста болуы (Курицын, 1994), У. Эко зерттеулеріндегі көркем шығармадағы «екіұдайлық» мағыналардың берілуі (Эко, 1976), Р. Барт көзқарастарындағы автордың көркем шығармада өлімі, скриптор аталуы (Барт, 1994), Ж. Деррида тұжырымдарындағы мәтін теориясының децентриясы (Деррида, 1992). Пост-постмодернизмнің XXI ғасырдағы белгілері ретінде Е. Чемезова кандидаттық диссертациясында атап өтеді, олар: виртуализм, технообраз, глокализация, транссентиментализм (Чемезова, 2017). Осылайша глокализация – пост-постмодернизмде анықталатын көркем прозаның басты белгілерінің бірі.

А. Кемелбаева – қазақтың ұлттық дүниетанымын, ата дәстүрін терең білетін әрі шығармашылығының өзегінде ұлттық кодты шебер орайластыра білетін қаламгер. Қаламгердің шығармашылық әлеміне назар аударатын болсақ, желілік байланысты кейіпкерлерінен көреміз. Биғайша, Тарбақ, Оразхан, Түсіпхан сынды кейіпкерлері «Әулиебұлақ», «Мұнара», «Әуе шарларына қонған көбелек», «Тұлпарбасқан», «Көкқия», «Ғибадат» шығармаларында кездеседі. «Мұнара» романында қаламгердің бүкіл шығармашылық әлемінің қуатына айналған кейіпкерлердің прототипі барын көреміз. Балалық естелікке құрылған туындыларында ұлттық бояу пост-постмодернизмнің элементтерімен сабақтасқан. Зерттеуші С. Алтыбаева қазақ прозасындағы жаңашылдықты эстетикалық-концептуалды қасиеті деп анықтап, көпқұрылымды психологизм, идеяны анықтаудағы философиялық аспект, тақырып аясының кеңеюі деген белгілермен ажыратады (Алтыбаева, 2018, 58-б.). Осы тұста А. Кемелбаеваның пост-постмодернизм элементтері кездесетін шығармаларына талдау жүргізіп, басты үш ерекшелігін ажыратамыз. Біріншіден, қаламгер шығармаларында шынайы оқиғалар желісі жатыр. Қарапайым ауыл тұрғындары, пейілі таза туыстар сынды кейіпкерлер қатары шынайы оқиғалық желіні құрайды. Дегенмен туындыларындағы ретроспекция шынайы оқиғалар желісін күрделендіріп, негізгі пост-постмодернизм белгісін көрсетеді. Сюжеттік-композициялық деңгейде оқиғалар желісінің хронологиясы біріздікпен емес, ретроспекциялық құрылымда баяндалады. Осылайша ретроспекциялық құрылым шындық пен қиялдың тоғысуы ғана емес, автор тарапынан қолданыс табатын көркемдік сипат түрінде көрініс табады. Екіншіден, символдық-мифологиялық ерекшелік кейіпкердің түс көруімен, сонымен бірге авторлық миф, мифологиялық арналар арқылы анықталады. Үшіншіден, философиялық-аксиологиялық ерекшелік қаламгер шығармаларының өзегі. Өмірдің тылсым құбылыстарын жеке адамның болмысында ашып көрсетуі автор-нарратор басымдығы болса керек.

### **Зерттеу әдістері мен материалдар**

Мақаланың зерттеу материалы ретінде қаламгердің «Есім», «Ангулоя», «Тырнақ», «Түтін», «Айдаһар», «Тырнарар», «Интуиция», «Мұнара» шығармалары пост-постмодернизм аясында қарастырылды. Себебі аталған туындыларда А. Кемелбаева мәтін деконструкциясы, глокализация, нарратор сынды пост-постмодернизм сипаттары қолданып, көркем прозада ұлттық интеграцияны айқындайды.

Зерттеуде қаламгердің ұлттық дүниетаным көріністерінің әдеби процестегі тенденциялармен тоғысуы пост-постмодернизм ұғымы аясында анықталады. Мақаланың мақсаты А. Кемелбаева прозасындағы ұлттық дүниетаным көріністерінің жаңа әдеби тенденцияда интеграциялануын көрсету. Пост-постмодернизмнің әлем әдебиетінде қалыптасуы және қазақ прозасындағы маңызын түсіну зерттеудің өзектілігін танытады.

Зерттеуде қолданыс тапқан әдіснамалық негіз – пост-постмодернизм теориясы мен интермәтінділік талдау. Бұл арқылы көркем мәтіндегі ұлттық дүниетаным көріністері (салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенім және т.б.) прозалық шығармаға енуі, ықпал етуі интеграция аясында жаңа қырынан танылады. Сонымен бірге А. Кемелбаева шығармаларында фольклорлық және мифологиялық элементтер, діни ұғымдар интертекстуалды бірігуі анықталады. Қазақтың ұлттық дүниетанымында сақталған салт пен дәстүрлер көркемдік аспектіде талданады. Сонымен бірге пост-постмодернизмнің қалыптасуы, постмодернизмнен айырмашылығын салыстыру, жинақтау, А. Кемелбаева прозасын талдау интерпретациялық әдістер негізінде жүзеге асты.

### Талдау мен нәтижелер

Пост-постмодернизмге тән басты белгілердің бірі – *глокализация*. Бұл дегеніміз көркем шығармада ұлттық бірегейлік пен дәстүрді сомдауға деген ұмтылысты білдіреді. Виртуалды шындықтың дамыған кезеңінде көркем прозадағы ұлттық дәстүрлердің интеграциялануы глокализация ұғымымен байланыстырамыз. «Есім» әңгімесінде білместікпен қатерге тап болған жас ұрпақ пен көпті көрген дана ұрпақтың арасындағы қайшылықтар көрінеді. Жасы 25-ке толған Ернияз егізді болып, есімдерін анасы Фатима «Фатима, Зухра» деп қояды. Ернияз болса анасының қойған есімдерін ескіліктің ізі деп, заманына лайық деп Эльмира, Гүлмира деп өзгертеді. Есімдерін өзгерткен соң сәбилердің маңдайына жазылған тағдыр да әп сәтте өзгеріп, Гүлмирасы шетінеп кетеді. Егіздер бір жұмыртқадан жаралған, екеуін былайғы жұрт ажырата да алмайтын. Дәрігерлер де ендігі Эльмираның оңалып кетуінің, адам болып кетуінің неғайбыл екенін айтып, дүрліктерді. Осы тұста көрінетін философиялық-аксиологиялық ерекшелік өткеннің салт-дәстүрін, ырымын «қалдық» көрмеу. Азан шақырылып ат қойғанда маңдайына жазылған тағдыр жазылып қояды деген діни түсінік бар. Бұны аяқ асты еткен Ернияз егіздерінің есімдерін өзгертіп жібердім дегенмен, олардың маңдайына жазылған

тағдырды өзгертіп жібергенін анық түсінбейді. Десе де Фатима ана қауіптен сақтану үшін қамданып, амалын тауып, рәсім жасаудың қамын істейді. Қазы молданы ертіп келіп, сатып алған қуыршағын Эльмираның жөргеніне бөлеп, бейіт басына аттанды. Бұндағы негізгі діни философиялық мотив – «Жамандық адамнан өтпей, құдайға жетпесін ол анық түсінді» (Кемелбаева, 2023), - деген Ернияздың ішкі диалогынан көрінеді. Молданың «Сенің сыңарың осы. Енді оны іздеме. Бауырың жұбы жазылмай өзіңмен бірге кетті» (Кемелбаева, 2023), - деуінен Фатима ананың рәсімді не үшін атқарғаны белгілі болады. Шетінеген Гүлмираның бір кіндіктен жаралған егізін өзіне шақырып, Эльмирадан да айырылып қалмау үшін жасалған еді. Әңгімеде ислам діні мен бақсылық, сөз магиясы байланысып жатыр. Молданың сөзі мен құраннан аят келтіру қазақтың мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан ұлттық дүниетанымының даму кезеңін көрсетсе керек. Рәсімнің негізінде ислам дінінің, бақсылықтың, магияның Эльмираны аман сақтап қалу үшін жасалғаны белгілі. Осылайша әжесі Фатиманың отбасы тұтастығын, атасы Диханның әпкесінің білместігінен соқыр болғанына қарамастан туыстық қатынасын сақтауы қазақтың дархан мінезінің көрінісі. Қазақтың ұлттық дүниетанымында әженің қызметі жас отбасының шаңырағының биік болуын қамтамасыз ету. Фатима әже осылайша жас отбасын құлдыраудан сақтап қалды. Фатима образы – жиынтық бейне, өйткені қазақтың әр шаңырағында бес намазын қаза қылмайтын, абыройлы, адуын әже бар. Қазақ әжесінің басты функциясы – отбасы тұтастығын, татулығын сақтап, салт-дәстүр мен ырым-тыйымды берік ұстану. Әңгімедегі сюжеттік желі, тақырып аясы отбасының татулығына, туыстық қатынастардың берік сақталуына негізделген.

«Ангулоя» әңгімесінде пост-постмодернизмге тән басты белгілердің бірі – мәтіндегі *деконструкция*. Бұл дегеніміз туындыдағы негізгі ойдан бөлек, басқа да мағыналардың, ойлардың болуын білдіреді. Әңгімеде екі бөлімді композиция бар. Бірінші бөлімде әңгіменің басталуы мен аяқталуындағы қосалқы сюжет, екінші бөлімде оқиғалардың дамуы мен кульминациясы бар негізгі сюжет. Екінші бөлімдегі оқиғалар бастапқы да қосалқы сюжет тәрізді көрінгенімен, әңгімедегі негізгі арна, сюжеттік негіз аталған бөлімде баяндалады. Бірінші бөлімде Ташкент – Иркутск бағытындағы пойызда орын алған таныстық беріледі. Баспаға материал тапсыруы үшін бара жатқан кейіпкеріміздің жолы болып, жанына орналасқан сапарласы үзік ойдың шетін тартқан. Жолдағы серігі Үржар балалар үйінің жетекшісі, екі баланы Стамбулға шығарып салуға келе жатқан Иманбек боп шықты. Осылайша екінші бөлімде көрінетін негізгі сюжет Иманбектің

әңгімесімен баяндалады. Кеңес одағы ыдыраған соң Мәскеудегі балалар үйі Қазақстанға хабарласып, тастанды балаларды алып кету керектігін хабарлап, оған Иманбек жолға аттанған. Балалар үйіндегі Айна деген баланың әкесі нашақор, кейіннен сотталып кеткен, анасы болса есінен адасып, баласын вокзалға тастап, қаңғып кеткен екен. Әңгімедегі балалар үйінің суреттелуі ауыр мұңға толы эпизодтар. Олардың жасқанған көзқарастары, ұялы көздеріндегі мұң ересек Иманбекті бейжай қалдырмады. «Ана сүтін ембеген, уызынан жарымаған жетім балалар еркелік пен қыңырлықты есте білмейді» (Кемелбаева, 2023), - деп жетім балалардың ішкі күйін дәл суреттегенін көреміз. Дегенмен Иманбек мемлекеттің жетім балаларға осылай қамқорлық қылғанын дұрыс көреді. Осы тұста мынадай параллель бар. Мәскеулік әріптесі Иманбектен тастанды балалардың көптігін сұраған. Иманбек болса қазақта жетім бала болса, оларды туыстары бауырына салып өсіретінін айтты. Бұндағы шағын деталь қазақтың жетімін жатқа бермейтінін, бөтеннің есігінде жауаңдатпайтынын білдіреді. Жанашырлық, бауырын өзінен алыстатпау қазақтың бауырмалдығын көрсетсе керек. Дегенмен Иманбектің келер күннен үміті зор. Өзі Қазақстанға алып келген Айнаның есейіп үлкен азамат боларына, болмаса әкесі түрмеден босап, анасы емханадан жазылса артынан іздеп келеріне сенеді. Әңгімедегі бұл деталь қазақтың мейірімділігін көрсетуге бағытталған. Иманбекпен қош айтысқан соң, автор Иманбектің оқиғасына әсерленуінен түсінде ангулоя өсімдігін көреді. Қауызында шақалақ нәресте сыйып кеткендей көрінетін ангулоя өсімдігі әңгіменің символдық астарын шегелей түсетіндей. Алматы сапарынан оралған сәт бейнелетін бөлік қосалқы сюжеттің жалғасы. Қосалқы сюжет десек те, әңгіменің негізгі бастауы болғандықтан бұл бөлік те маңызды деталь. Автордың Мерғали ақынмен диалогы өзбектерді кемсіту емес, олардың ашкөздігін сынаған. Дана, көпті көргені бар Мерғали ақын өзі танитын өзбектердің ойы биік сұңғыла екенін айтты. Арада бір ай өтпей Мерғали ақынның дүниеден өтуі де әңгіменің сюжеттік дамуында маңызды. Осылайша бірнеше ойдың ағыны шағын әңгіме жанрына сыйып кеткенін көреміз. Дегенмен әңгімедегі глокализацияны да атап өткеніміз жөн. Қазақтың жетімді бауырына салу дәстүрі аталып, дүниеден өтер жанның алдын ала арыздасу Мерғали ақынның Алматыдан ақындарын қайта-қайта сұрау беруінен көрініс тапқан. Сонымен бірге ұлт жайлы біртұтас ойды бірден шығаруға болмайтыны «Мен сол мезет бірен-саран кісі озбырлық қылғаны үшін туыс халықты жазғыра сөйлегендей, бекер қаралағандай қатты ұялдым» (Кемелбаева, 2023), - деген үзіндіден түсінікті.

Деконструкцияға құрылған әңгімелер қатарында «Тырнақ», «Түтін» әңгімелері бар. Жалпы аталған туындылар бірнеше жанрлық белгілер де кездеседі. Детективтік, постмодерндік бағыттардың сомдалуы, симулякр образдар әңгіменің жанрын күрделендіре түседі. Зерттеуші Ұ. Сәменқызы докторлық диссертациясында «Тырнақ» әңгімесін талдау келе, тұлға концепциясының негізінде түп дүниетанымды мансұқтамау деген ұстаным жатқанын анықтайды (Сәменқызы, 2018). Зерттеушінің пікірін негізге ала отырып, А. Кемелбаева шығармаларында ұлттық менталитетті, оның белгілерін суреттеуі жас ұрпақтың өз негізін ұмытпауы керек деген ұстанымы жатқанын көреміз. Шығармасының барлығында дерлік ұлттық болмыс көріністері кездесіп, қазіргі қазақ прозасында қайта жаңғыруы сомдалған. «Тырнақ» әңгімесінде негізгі ой «Жазмыштан озмыш» жоқ болса да, қарама-қарсы ойлар да, жаңашыл көзқарастар да кездеседі. Сонымен бірге тырнақтың символдық мәнге болуы діни-мистикалық астарда анықталып, детективтік жанрға ұласқан. Дегенмен әңгіменің негізгі мәні – ұлттық жадты ұмытпау. Тырнақ жайлы діни-мистикалық пікірлердің әңгімедегі негізгі функциясы ұлттық жадта мындаған жылдар бойы қалыптасқан көзқарастарды беру. Студент деген бөлімде жаңашылдықтың лебі сезіліп, тырнақ жайлы ғылыми пікірлер молынан берілген. «Түтін» әңгімесінде «Тырнақ» әңгімесіне қарама-қарсы көзқарас бар. «Тырнақ» әңгімесінде үлкендер жағы ұлттық танымға қанық, үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсететін кейіпкерлерден құралса, «Түтін» әңгімесінде «Жұтқыншақ» атанған кейіпкеріміз ашкөздікке тойынған Жексеннің образы қайшылыққа толы. «Түтінде» суреттелген оқиға баланың жоғалып кетуімен басталады. Отбасындағы мүшелері де, достары да ештеңе білмейтін боп шықты. Әңгімедегі ұлттық дүниетаным көріністері жатсынудан көрінеді. Өйткені Жексеннің бірінші әйелінен баласы болмай, қайтыс болған соң екінші рет баласы бар әйелге үйленген, балалары да, немерелері де туған емес. Әңгімеде: «Қасқыр өз күшігін өзі жемейді. Қаны бөтен екенін көрсетті» (Кемелбаева, 2023), - деген үзінді Жексеннің жаттығын айқын көрсетеді. Жалпы әңгімедегі туыстық қатынас Еркеш пен Жексен, Арлан мен Жексен арасында көрінеді. Еркеш те, Арлан да Жексенді құрмет тұтып, қадірлесе де, Жексеннің іші жылымайтыны көрінді. Жалпы әңгімедегі тақырып қазақ прозасындағы А. Алтайдың «Киллер-сауысқан» әңгімесімен тақырыптас, сарындас. Өйткені А. Алтай шығармасында ашкөздіктің салдары соқыр немересінің туылуымен берілген. Осылайша А. Кемелбаева ашкөздік, тойымсыздық сынды жағымсыз қасиеттер ұрпағына кесірін тигізбей қоймайтынын жеткізеді. Суреткер шығармашылығында кейіпкерлерінің болмыс-бітіміне,

табиғатына тереңдей еніп, ішкі психологиялық күйін беруі жиі кездеседі. Өйткені қаламгер туындыларында күрделі тақырыптарды негіздеп, кейіпкерлері арқылы жеткізеді. Мәселен «Түтін» әңгімесіндегі Жексен қазіргі замандағы ашкөздіктің, пайдакүнемдіктің көрінісін беріп тұрған образ. Философиялық-эстетикалық мәнге ие кейіпкерлер әлемі қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді айқындауда үлкен қызмет атқарады. Адамдар арасындағы күрделі қатынастың бір көрінісі туыстардың жатқа айналуы «Түтінде» сомдалған. Тіпті Жексеннің өз жақынынан жаттанған болмысы адам жанының тереңдігін сомдаудың талпынысы болмақ. Қаламгер қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерді бейжай қалдырмайтыны белгілі, сол себептен Жексен образының бойындағы қарама-қайшылықтарда қоғамдағы өзекті мәселелердің ықпалы жатыр. Туындыда орын алған жаға ұстатарлық сұмдық оқиға қоғамдағы әлеуметтік мәселелердің тереңдегенін көрсетеді. Қазақтың атасының немересіне деген ыстық ықыласы, қайырымдылығы, қамқорлығы сынды қасиеттері ашкөздікпен, пайдакүнемдікпен ауысып кеткендей. Мәселен А. Кемелбаева «Көкқия», «Тұлпарбасқан», «Әулиебұлақ», «Мұнара» шығармаларында сомдайтын Тарбақ образы соның дәлелі. Тарбақтың қайырымдылығы, Баялыш кемпірге қамқорлығы, немерелеріне деген ыстық ықыласы әр шығармасында өзекті саналады. Суреткер «Айдаһар» әңгімесін деконструкция тәртібінде жазғанын бірнеше ойлардың тоғысынан көреміз. Сюжеттік-композициялық жағынан қарағанда әңгімеде ретроспекциялық құрылым қолданыс тапқан. Дегенмен бұндағы әңгіменің ерекшелігі қазіргі заман мен өткен заманның тұтастыққа суреттелуі. Сайлаудың Марқакөлге арнайылап келуі Мергел әйелдің айдаһарды өлтіру оқиғасына ұласады. Осылайша пост-постмодернизмге тән ерекшелік әңгімедегі оқиғалар желісіне, құрылымына әсер етіп отыр. Әңгіме екі бөлікте құралған. Біріншісі Сайлаудың Марқакөлге арнайылап келуі мен айдаһар жайлы ақпараттарды жинастыруы, Сағдолла қартпен (Мергелдің немересі) кездесуі – әңгіменің басталуы мен аяқталуы. Екінші бөлік Марқакөлде болған Мергелдің айдаһарды өлтірген оқиғасы суреттеледі. Әңгімеде фольклорлық кейіпкерлер тәрізді қаһармандар жоқ, оның орнына балаларын қорғауға ұмтылған жанкешті ана образы бар. Әңгіме ана архетипі бойынша бірінші бөлімде талданды. Сюжеттік желі, оқиғалардың даму тенденциясы Мерген бөлімінде жүзеге асқан. Қазақтың саяқ болмыста тұрмыста да көрінеді. Мергел отбасымен Қойтүбек қыстағында жалғыз қос тігіп, баласы жаяу жеті шақырымдық ауылдағы мектепке жаяу қатынайды. Қамқор ана баласының сөмкесіне қамшы салып, дұға жаттатып қоюы, аталған детальдар берілуі кездейсоқтық емес. Бұл арқылы қаламгер

оқырманды алдын ала қауіптің барын сездіргендей әсер қалдырады. Әңгімеде «ана айбаты» (Кемелбаева, 2023) тіркесі қауіпті жаудан балалары үшін қорғанған Мергелдің жанкештілігін анық суреттейді. Әңгімедегі салт-дәстүрлердің бірі ат қою. Мергелдің есімін елде жоқ қылып қою жалпы қазақ дәстүріндегі азан шақырып ат қою дәстүрін көрсетеді. Қаламгердің Мергел образын беруде фольклорлық образды қайталаудан ада, керісінше ту жыланды өлтіру деталін қосу арқылы қазақ әйелінің батырлығын жеткізіп отыр. Оқиғаның кеңес заманында болғаны әңгіме басынан белгілі. Кеңестік әдебиет өкілдерінде қазақ әйелінің болмысы көбіне бұлдыр, нақтылық ада боп суреттеледі. Осы тұста қаламгерлік суреткерлік шеберлігін қолдана отырып қазақ әйелінің батылдығын, батырлығын, сонымен бірге оның еркіндігін бейнелейді. Бұрынғы кезеңдерде ерлермен бірге жаумен қатар шайқасқан Ботагөз, Ақбота батырлардың соңғы тұяғындай. Осы арқылы қазақ әйелінің ештеңеден қаймықпайтын батыр бейнесі алдыға шығады. М. Оразбек зерттеуінде кейіпкерден бөлек, «қаһарман» терминін қолданып, автордың идеялық мақсатын жүзеге асыратын көркем тұлға екенін анықтайды (Оразбек, 2003). Әңгімедегі терең философиялық ой-толғамдар Мергелдің батылдығын дәріптеу арқылы қаһарманға жан бітіре суреттеуде тиімді қолданыс тапқан. Кейіпкердің ұлттық сипаты әңгімеде аталған салт-дәстүрлер, тарихи оқиғалар, өңірдегі жер-су атауларымен тығыз байланысты. Аталған детальдарсыз кейіпкердің, жалпы шығарманың ұлттық сипаты көрінбейді. Жазушы шеберлігі қаламгерлік шеберханасынан, идеялық ізденісінен, образ жасау ерекшелігінен тұрады. Осы тұста Мергел образы еркін әрі батыл қазақ әйелінің көрінісі ретінде көрінеді.

Қаламгер шындық пен қиялдың тұтасуын «Жер кіндігі» әңгімесінде, түс ішіндегі түс сипатында анық суреттейді. Басты кейіпкер Қазбектің жер асты әлеміне түсуі фольклорлық негізбен байланысты. Әңгіме «Елес қала» туралы баяндайды. Қазбек түсінде көрген қаладан, ұйқыда көрген қаладан бөлек. Арман әлемінде болып жатқан оқиғалар артқы жағындағы оқиғалармен бірдей. Қазбектің сатып алған тауарының ақысын төлей алатынына және жүз жылдан кейін қаланы сақтап қалу мүмкіндігіне жергілікті тұрғындардың қуанышы әңгіменің мифологиялық желісін күшейте түседі. Бір қызығы, «Елес қалашық» жер астында орналасқан. Бұған үш жүз жыл бұрын болған оқиға себеп болды. Құтты қала жер астына батып, қарғысқа ұшырады. Уақыты келгенде құдай таңдаған «таңдаулы» осы жердің тұрғыны екі затты сатып алып, үшіншісіне ақша таппай, қала елес болып кеткен. Бірнеше жылдар бойы қала тұрғындары қайғы мен қайғыдан арыла алмады. Жүз жылдан кейін қарғыс атқан қаланың

сиқырдан құтылуға мүмкіндігі бар. Жүз жылдан кейін қала толық ай кезінде жер бетіне шығады. Осы уақыт ішінде осы жердің тұрғыны дүкеннен үш тауар сатып алса, қарғыс атқан қала бірнеше жыл бойы оның сиқырынан құтылады. Аруақтар тыныштық тауып, жер асты патшалығының кейінгі ұрпағына жер бетінде бақытты ел болу, ұлы ел болу жазылды. Алайда шығармадағы басты элемент – шытырман оқиғаның түсте орын алуы. Ұлттық түсініктер қатарында түс, белдік, жайлау бар. Жайлау жер астына баруға мүмкіндік беретін өткел қызметін атқарып тұр. Қазбектің образы көп нәрсені білуге құштар, ізденімпаз баланың жиынтық бейнесі. Әңгімеде автордың әлем туралы түсініктері де көрініс тапқан. Шығарма Түнгі мезет, Елес шаһар деген екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде күнделікті тұрмыс, туыстар жайлы сөз етілсе, екінші бөлімде түс ішіндегі түс баяндалады. Әңгімедегі тағы бір ерекшелік эпистолярлық жанр кездеседі. Өйткені Қазбектің басынан өткенін күнделігіне жазып, баян етеді. Осылайша Қазбектің басынан өткен оқиғалар желісі хат түрінде көрініс тапқан. Бастапқыда түсіне бір баба кіріп, белгі береді. Тіпті Қазбектің жайлауға баруына да осы көрген түс себеп. Енді бір жағынан әңгімеде мынадай деталь бар: «...Қарғыс атты. Мыңжылдықтар өтіп барады. Үш жүз жыл бұрын болған трагедия жадтан өшер емес» (Кемелбаева, 2024) - дегенде астарлы мән көрінеді. Тарихи контекст тұрғысынан отаршылдықтың қамыты киіліп, тәуелсіздігін алғанда толықтай үш жүз отар болғаны аян. Осы тұстағы ертегілік мотив арқылы суреттелген оқиғалардың барлығы, ондағы Қазбектің елес шаһарды құтқаруы автордың ішкі интенциясын көрсетеді. Болашақ үміттің жастарда екенін Қазбек образы арқылы, ата-баба аруағының қолдауы Қазбектің атасынан мирас болған күміс белдік арқылы символдық суреттеуден анық белгілі. Бұл әңгімеде Қазбек жер астына саяхат жасайды. Мифологиялық ұғымдар бойынша жер асты әлемі айдаһарлар, жыландар, тікенді бұталар, тіпті өлілер әлемі болып саналады. Осылайша, Қазбек дүниенің кеңістік үлгісіне сәйкес бір әлемнен екінші әлемге өтеді. Қауіп пен қатерге толы жер асты әлемінде атасынан қалған күміс белбеудің арқасында үш заттың да ақысын төлеп үлгерді. Осылайша Қазбек жер асты сынынан аман өтеді. Бұл бір жағынан Қазбекті елең еткізген, жер астына қамалған ата-баба рухына байланысты еді. Бір дүниеден екінші дүниеге өтіп бара жатқан Қазбек өзі таңдаған үш дүниенің ақысын төлей алмай қалса, ол да түс патшалығының құрсауында қалар еді. Сондықтан жоғары дүниенің өкілдері саналатын рухтар Қазбекті қауіп-қатерден қорғап, дұрыс таңдау жасауға мүмкіндік берді. Екінші жағынан, Қазбектің арманы да мифтік желіні білдіреді. Оның түсінде көрінген діни қызметкердің соңынан еріп, шалғында оның орнын алуы мифтік

желінің бейнесін айқын көрсетеді. Аянның дәл түстегідей болуы және оның діни қызметкерден қолжазба алуы бұл өлкенің тұрғындарының ішінде Қазбектің «таңдаулы» екенін, ескі қаланы құтқару миссиясын өз мойнына алғанын анық көрсетеді. Бұл ретте әңгімеде айтылған оң аяқпен қадам басу, оң қолмен қасық ұстау сияқты қағидалардың іске асуы да мәнді. Неге десеңіз, халқымыз игілікке игі бастама болсын деп, оң жақта болып жатқан жағдайға мән беріп, оңнан бастағанды жөн көреді. Әйтсе де автор мифтік желі арқылы үш жүз жыл бойы отаршылдық саясаттың езгісінде болған еліміздің болашағы жастарда деп болжайды. Қарғыс пен сиқырлы елес қала метафора ретінде қабылданып, өткенді айтады. Әңгімедегі пост-постмодернизмнің көрінісі мәтін мен шынайылық арасындағы шекараның болмауы. Бұл жөнінде Н. Маньковская атап өтіп (Маньковская, 2000), әңгімедегі шындық пен қиял арасы эпистолярлық жанрда көрініс тапқанын анықтаймыз.

«Тырналар» әңгімесінде глокализация айқын сомдалған. Қазақтың киік мінезді болуы «...жетімек лақтарын ана киіктер бауырына басып, жатырқамай емізе береді» (Кемелбаева, 2024), - деп қазақтың кең пейіл дархандығын, жетімін далаға тастамай бауырына басатынымен байланысты. Балаға ырымдап ат қою, ата-баба аруағының қолдауы, баланы қырқынан шығарғанда қарын шашын алмау тәрізді детальдар әңгімедегі ұлттық код элементтерінің көркем мәтінмен интеграцияланғанын көрсетеді. Әңгімедегі Ақұштап, Қатира, Ақзила кейіпкерлері ана, келін, бала үштігінде анықталады. Ақзиланың енесіне қарсылық танытпай, үнемі сыйлауы, Қатираның келінін қадірлеп отыруы қазақтың келін мен ене арасындағы керемет сыйластықтың үлгісі. Әлеуметтік-адамгершілік байланыс Қатира мен Ақзила арасындағы қатынастың тереңде екенін көрсетеді. Қаламгердің эстетикалық идеалы отбасындағы татулық, бауырлар арасындағы ауызбіршілік, әулет арасындағы бірлікке құрылған. Бұл арқылы экзистенциалды дағдарысқа, адамның жалғыздығы жайлы ойларына қарсы шығатыны әңгімелер желісіндегі оқиғалардан көрініс табады. Қаламгерде жалғыздық тақырыбы Майяның құлықсыздығы, Айжанның киноға әуестігімен көрінсе де, отбасы және ұрпақ құндылығын бірінші орынға қояды. Суреткердің өзін-өзі танытуы «Әуе шарларына қонған көбелек» повесіндегі Айжан, «Майя» повесіндегі студент қыз, «Мұнара» романындағы Айжан кейіпкерлерінің болмысында жатыр. Ф. Кафка, Ж.П. Сартр, А. Камю сынды қаламгердің экзистенциалды көзқарастарына А. Кемелбаева шежірелік дәстүрді қарсы қояды. Аталған қаламгерлер адамның жалғыздығын шығармаларына желеу етіп, адамзаттың саяқ болмысын паш етеді. А. Кемелбаева болса өзінің

аксиологиялық, діни, философиялық құндылықтарын рулық байланыс, отбасындағы татулықпен Түсіпхан, Тарбақ, Нұрғаным образдарымен келтіреді. Қоғамдағы рулық байланыстың үзілуін, әулет арасындағы салқындықтың әлеуметтік астарларын анықтауға талпыныс жасайды. Өйткені автор үшін әулет арасындағы салқындық тіпті болмауы тиіс құбылыс тәрізді. Тарбақ (Әбдіхамит) атасының образы арқылы, оның әр шығармадағы сомдалу ерекшеліктері әулет татулығындағы рөлін көрсетеді. Мәселен аңшылықпен айналысуы, әулет, ру ішіндегі қазада бас көрсетіп, жақынынан айырылған туысына демеу болуы, тірегі жоқ Баялыш кемпірге қамқорлық танытуы қазақтың ұмытылып бара жатқан дархан мінезін көрсетеді. Осылайша қаламгер батыс философиясындағы экзистенциализмге прозасындағы глокализация арқылы қарсылық танытады.

Пост-постмодернизмдегі автор-нарратор көркем туындыдағы негізгі баяндау инстанциясында анықталады. Автор-нарратордың көркем шығармада көрінуі «көзқарастардың», «бірнеше ой ағыны» ұғымымен байланысты. Ж. Женет ғылыми қолданысқа енгізген фокализация автор-нарратордың бас кейіпкермен қатынасына негізделген. Фокализацияның үш деңгейі бар: 1) нөлдік – баяндау жалпы түрде, нарратор тарапынан жүзеге асады; 2) ішкі фокализация – нарратор кейіпкерден аса алмайтын образда; 3) сыртқы фокализация – кейіпкердің санасынан тыс, объективті нарратор (Васинева, 2015). Нарративті инстанция баяндау концепциясына жаңашыл көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Автор-нарратор басты кейіпкердің ішкі әлемін танытуда маңызды рөл атқарады. А. Кемелбаева шығармаларында автор-нарратор нөлдік деңгей мен ішкі деңгейде сомдалған. Нөлдік баяндау «Майя» повесінде жүзеге асуы көркем өнер туындыларын жіктеуден, мүсіншімен арадағы диалогтан айқын көрінеді. Автордың білімі басты кейіпкердің монолог, диалогтарында ажыратылады. «Мұнара» романында автор-нарратор бірінші бөлімде жазушы болуды армандайтын студент болса, екінші бөлімде ойы толысқаны көрінеді. Романда автор-нарратор өзінің өмірлік тәжірибесі бүкіл шығармашылығына арқау болғанын жеткізеді. Бұл бір жағынан авторлық рефлексия болып көрінсе де, автордың басты кейіпкерден үстемдігін айқындай түседі. «Әуе шарлары қонған көбелек» повесінде де автор-нарратор Айжаннан үстемдік танытып, киносюжеттердің автордың танымымен байланысты анықталады. Керісінше «Тұлпарбасқан», «Әулиебұлақ» шығармаларында ішкі фокализатор ретінде көрініс табады. Осылайша А.Кемелбаева шығармаларындағы автор-нарратор жүйесі, берілуі постпостмодернистік тенденцияны көрсетеді. Нарратордың оқиғалар жүйесінде бой көрсетіп, кейіпкерден

бірде басым түсіп, кейде аса алмауы А. Кемелбаева прозасының ерекшелігі болса керек.

Мәтіндегі деконструкция «Интуиция» әңгімесінде көрінеді. Әңгімедегі шытырман оқиғалардың легі қоғамның өзекті мәселелерін қамтудан туған. Өйткені әңгіме басында сөз болатын ХХ ғасыр соңындағы орган ұрлау мәселесін, ұяттан безген, барлығын ақшаға сатып алуға болады деген көр соқыр сенім көрінеді. Әңгіме басында Ұлданайдың құрбысымен диалогы, Адина, Гүлниса образдары ертегілердегі жезтырнақтың қазіргі көрінісі тәрізді. Адамды алдап, арбап, ақша буына мастанған Гүлниса қазіргі заманның «жезтырнағы» тәрізді әсер қалдырады. Өйткені Гүлнисаның автор-нарраторды алдап жігітпен таныстыруға апаруының түп негізі алдау мен арбау. Әңгіме Маңдайдағы көз, Қабылан, Кесіртке, Бастырық, Татировка, Официант, Түйреуіш бөлімдерінен тұрады. Әңгімедегі сюжеттік арна Ұлданайдың інісінің қатерге ұрынуынан басталып, інісінің нендей бәлеге тап болған табуымен көркем шығармадағы динамика көрінеді.

Автор-нарратор Гүлнисаның өзінің қайда алып келгенін досының көзінен ұқты. Жалпы «Көз – адамның айнасы» екені белгілі. Қазақтың ұлттық дүниетанымында көз арқылы адамның ішкі жан дүниесі ақтарылып, пейілі мен ниеті көрінеді. Адам өзінің ішіндегісін қанша жасырам десе де, көзінен бәрі білініп қояды. Бұндай деталь «Мұнара» романында Лиляның ашкөздігі көзінің бір орында қозғалмай үнемі жан-жаққа алақтауынан анық болады. Гүлнисаның да ойлағаны тек ақша болуы, ашкөздік болмысы көз жанарының ақиқатынан белгілі. Автор-нарратордың қауіптен құтылуы да адам жанарындағы шындықты лезде біліп қоюынан. Десек те, әңгімедегі берілген қысқа диалог негізгі оқиғаға кіріспе. Негізгі оқиға желісі Ұлданайдың інісі жайлы сыбыстан басталады. Шығармада детективтік сарын бар, Ұлданай өзінің інісі жайлы сыбыстың анық-қанығын тексеруге Қабыланнан сұрайды. Қабылан образы өзге шығармаларындағы Айбек, Қазбек, Биғайша тәрізді жаңа нәрсені білуге құштар. Автор-нарратор аталған шығармада ішкі фокализацияда көрінеді. Қабыланның жаңашыл ойлары әңгіменің негізгі қазығы тәрізді. Аңдудың нәтижесінде Бектайдың өзінен үлкен әйелдің жанында жүретіні белгілі болды. Ұлданай жек көріп кеткен әйелді «кесіртке» деп атап, бауырының басын шыр айналдырып жүргенінен қорықты. Өйткені эзотерика гүлденген дәуірде адамның пейілі де өзгерді. Әңгімеде виртуализм аталады. Әлеуметтік желінің дамыған заманында әр адамның пікірлерін жариялауы таңсық емес. Десе де жанрлық, құрылымдық жағынан әңгіме виртуалды шындыққа негізделгенін

көреміз. «Өлімнен соң бір емес, қос энергия қалады, оның бірі рух, бұл адамның энергетикалық егізі, дәлірегі, өзінен аумайтын көшірмесі, құдды өзі, міне ол мәңгілік сақталатын сұлба, ал екіншісі оның жаны, жан өлмейді, тән өлген соң жаңа денеге барып енеді» (Кемелбаева, 2023), - деген жазба осы түрінде берілсе де, әңгімеде фотокошірме деп аталады. Қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі суицид екені, оның кесепат деп анықталуы автордың әлеуметтік мәселеден алшақ еместігін көрсетеді. Әңгімедегі сәуегейлік дәстүр Гүлшаттың (Бекарыстың анасы) құмалақ аштыртуынан, балгерлерге баруын анықталады. Шығарманың негізінде интуиция (ішкі дауыс) жатыр. Ұлданаидың рухани көзі алмайтынына сенеді, бауыры адалдықтан айнымайтын азамат. Десе де әңгіменің астарында қазіргі заманның өзекті тақырыбы – материалистік бәсекелестік. Жастардың тез табысқа кенелуге құмартуы, материалды заттарға тәуелді болуы ХХІ ғасырдағы өзекті тақырып еді. Автор-нарратор интенциясынан, Бекарысқа қатысты оқиғалардан осы материалдық бәсекелестік анық көрініс тапқан. «Үйге таксилетіп келе жатқанда түнгі қаланың жарқ-жүрқ еткен неон оттарынан сырты сұлу, сыры жұмбақ қым-қуат өмірде не болмайды деп ойладым» (Кемелбаева, 2023), - дегенде автор-нарратордың басым түскенін, басты кейіпкердің өмір жайлы топшылауынан көреміз. Интуицияның күші, адамның ішіндегі дауыстың ешқашан алдамайтыны әңгіменің өзегі болғанымен, глокализация элементтері де аз ұшыраспайды. Сәуегейлік, тұзбен аластау, жаман энергия (эзотерика) мұның бәрі де ұлттық дүниетанымның көріністері. Дегенмен автор қоғамдағы өзекті мәселелерді қалыс қалдырмаған. Жастар арасындағы суицид, материалистік бәсекелестікті тап басып көрсетеді. Осыдан қаламгердің авторлық ұстанымы азаматтық ұстанымымен байланысып, қоғамдағы өзекті мәселелерді шығармасына өзек етеді. Пост-постмодернизм теориясы тұрғысынан қарағанда әңгімеде бірнеше ой ағыны: Ұлданаидың досымен диалогы; Бекарыстың қауіпке ұшырап, оны құтқаруы; қоғамдағы жастардың мәселелері. Жан-жақты мәселелердің барлығы дерлік шағын әңгіме жанрында үйлесім табуы қаламгердің шеберлігін көрсетеді. Ұлттық дүниетаным элементтерін тиімді әрі ұтымды қолдану автордың ұлттық жадыдағы сақталған негізгі ақпараттарды нанымды суреттеу нәтижесі. Автор үшін қазақтың ұлттық түсінігі, танымы басты арна. Сонымен қатар Ұлданаидың образы арқылы материалистік қоғамда ұмыт болып бара жатқан қамқорлық, мейірімділіктің маңыздылығын түсіндіреді. Отбасының әр мүшесінің амандығын тілеп, қауіпке ұшыраған бауырын құтқарудың басты мақсаты санау – бүгінгі қоғамда аз кездесетін қасиет. Автор әр шығармасында туыстық татулықты басшылыққа алу арқылы

экзистенциалды дағдарысты және материалистік қоғамдағы бәсекелестіктің түкке тұрмайтынын жеткізгісі келетіндей. Қаламгер шығармашылығын талқылай келе, пост-постмодернизм бағытында ұлттық кодты интеграциялауда асқан шеберлік көрсетеді. Сюжеттік құрылым, оқиғалардың мазмұндық ерекшелігі әр кейіпкерінің болмысынан көрінеді. Автор ретінде кейіпкерінің ішкі әлемін танытып, бірде басты кейіпкерді көлеңкесінде, енді бірде басым түсіп, сапалы қазақ прозасының дамуына үлес қосуда. Айгүл Кемелбаеваның ұлттық дүниетанымды терең білуі, отбасылық құндылықтарды басшылыққа алуы қазақы болмысты жоғары деңгейде суреттеуінен де аңғарылады. Сонымен бірге қаламгер шетелдік әдебиет өкілдерінің шығармаларымен жете таныс екені бірден біледі. Оларға еліктеуден гөрі, өзіндік стиль, бағытты қалыптастыра білгені әр кейіпкерінің болмысынан айқын көрінеді. Оразхан, Тарбақ, Түсіпхан, Биғайша образдарын беру арқылы ұлттық негізден айырылмау қажеттігін, мистикалық-детективтік, мифологиялық-философиялық бағыттағы шығармаларында ұлттық код элементтерін айқара қолданған. Көркем прозада тың көзқарасымен танылмал А.Кемелбаева терең философиялық шешімге, оқырманға берер тың байламы этнографиялық деректермен толығып отырады. Зерттеуші Ұ. Сәменқызы А.Кемелбаеваның «Тырнақ», «Шашты», «Көкқия», «Қоңырқаз» әңгімелерін талдай келе, ауыз әдебиеті үлгілерін қайта жаңғыртуын жоғары бағалайды (Сәменқызы, 2025). Осылайша қазақ әдебиетінде өзіндік бағыт-бағдарымен, стильдік, философиялық-эстетикалық ерекшеліктерімен Айгүл Кемелбаева шығармашылығы жоғары бағаға ие. Қаламгер халқымыздың игі салт-дәстүрлерін, фольклорлық кейіпкерлерін, ұлттық дүниетанымдағы сенімдерді, ұлттық ұғымдарын көркем прозасының негізі етіп, ұлттық код ретінде үйлестіре білген.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, Айгүл Кемелбаева прозасындағы пост-постмодернизмнің берілуі ұлттық дүниетанымның интеграциялануынан көрінеді. Қазіргі қазақ әдебиетінің, прозасының элем әдебиетімен үндестік табуы аталған ұғыммен тікелей байланысты. Зерттеуімізде жаһандық контекстегі ұлттық дүниетанымның көркем прозада суреттелуіне назар аударып, маңызын айқындауға талпыныс жасалды. Постмодернизмнен кейін қалыптасқан бағыттың белгілері, атап айтар болсақ, мәтін деконструкциясы, глокализация, нарратор бейнесі дәлел бола алады.

— Қазіргі Қазақ Прозасындағы Ұлттық Интеграция Пост-Постмодернизм Аясында)

«Есім», «Интуиция» әңгімелеріндегі ұлттық дәстүрлер, танымдар асқан шынайылықпен суреттеліп, кейіпкерлердің ішкі әлемдері берілген. «Айдаһар», «Тырналар» шығармаларында халыққа жете таныс мифтерді жаңа заманауи контексте символдық образдарды суреттейді. Терең философиялық мәселелерді қамтыған «Тырнақ», «Түтін» туындыларында мистикалық сипат басым. Постмодерндік ойын элементінен гөрі символдық әлемнің прагматикалық қырын суреттей отырып, екі туындыдағы «тырнақ», «түтін» адам жанының тереңдігін берудің элементі ретінде жүзеге асады. Осылайша, Айгүл Кемелбаева прозасында жаһандық контекстегі маңызды тақырыптарды қамтып, ұлттық дүниетаныммен ұштастыра жаңа әдеби ағымды ұтымды қолдана білгенін көреміз.

#### Әдебиеттер тізімі

- Алтыбаева, С. М. (2018). *Казахская проза периода независимости: традиция, новаторство, перспективы*: монография (2-е изд., доп. и изм.). Алматы.
- Барт, Р. (1994). *Смерть автора*. Избранные работы: Семиотика. Поэтика. Москва.
- Васинева, П.А. (2015). Проблема одиночества в духовном измерении романтизма. *Гуманитарные и общественные науки*, 4(232), 93–97.
- Деррида, Ж. (1992). Письмо японскому другу. *Вопросы философии*, (4), 53–58.
- Кемелбаева, А. (2023). *Мұнара*. Астана.
Ясауи ғасырлар бойы халық жадында «пір» атауымен ұлықталып келе жатқан әйгілі тұлға. Бұл ұғым, негізінен сопылық дәстүрде қолданылғанымен, түркі дүниесі үшін әлдеқайда кең әрі терең мағынаға ие. Түркі халқы үшін «пір» сөзі адамзатты Алла жолында Пайғамбарлардың ізімен ақиқатқа, махаббатқа бастаушы кемеңгердің бейнесін білдіреді. Ясауи ілім алып, жетіліп, үгіт насихатын бастаған уақыт, Түркістанда, әсіресе Жетісу өңірінде, ислам діні кеңінен тараған әрі сопылық ілімнің өркен жайған уақыты еді. Бұл кезеңде медреселермен қатар ашылған сопылық орталықтар рухани тәрбиенің басты ошақтарына айналды. Араб және парсы тілдерін жетік білген, ислам ілімінің негіздерін терең игерген Ясауи өз айналасына шәкірттер мен ізбасарлар жинап, оларға шарифат қағидаларын, сопылық әдебін және тәртібін үйретті. Осы тұста ескерте кетсек, хикметтердің мазмұнында Ясауидің өмір жолына қатысты бірқатар деректер кездеседі. Алайда олардың тарихи шындыққа қаншалықты сәйкес келетінін анықтау қиын. Бірақ Ясауидің шығармаларында кездесетін басқа деректер, оның өмірі, алған білімі, рухани тәрбиесі, сонымен қатар рухани дәрежелері жөнінде бірқатар мәліметтер береді (Erarslan, 1989, 161-б).

Мысалы, мына бір қарастырылған мәліметтерде, Ясауидің он екі мыңдай шәкірті өз өңірінде, ал тоқсан тоғыз мыңнан астамы алыстағы елдерде болғаны көрсетілген (Özköze, 2006, 293-б). Ясауи ислам дінін түркі даласына жаю тұсында да діни және әлеуметтік тұрақсыздықтар орын алған. Ол дәуірде де әртүрлі сенімдер мен дүниетанымдар өз ықпалын жүргізуге тырысқан. Осындай алмағайып заманда Ясауи рухани тұтастық пен ізгілік идеясын алға тартып, қоғамды бірлікке, мейірімге және имандылыққа үндеген. Мұндағы ескеретін бір ерекшелік, Ясауи исламды жазу-сызу білмейтін көшпелі түркілерге насихаттау үшін, дінді олардың ұғатын тілімен және дәстүрлі поэзиялық құрылымымен үйлестірген. Ол өз хикметтерін қарапайым түркі тілінде, халыққа таныс өлеңдер өлшемі арқылы жазған. Осы арқылы діннің сенім мен ғибадатқа қатысты негізгі қағидаларын

халыққа тікелей, жеңіл түсінікті әрі әсерлі түрде жеткізген (Körpürlü, 1976, 147-148-б).

Ясауидің шығармаларында жақсылық жасау, шындыққа ұмтылу және адамгершілік құндылықтарын сақтау ұстанымдары негізгі рухани бағдар ретінде көрініс табады. Осы тұрғыдан Ясауи тек сопылық педагог немесе діни теолог ретінде ғана емес, сонымен қатар түркі халықтарының рухани мәдениетінің қалыптасуына және қоғымдағы этикалық нормалардың орнығуына қомақты үлес қосқан ойшыл ретінде қарастырылса болады. Оның қарапайым әрі түсінікті тілмен жеткізген хикметтері, сондай-ақ исламды насихаттау тәсілдері нәсілден нәсілге беріліп отырған тұрақты рухани мұра ретінде бағаланады (Genç, 1993, 565-566-б).

Ясауи тариқатына назар аударсақ, онда барлық сопылық дәстүрлердегідей шәкірттерге міндетті тәртіп пен әдеп нормалары жан-жақты қарастырылған. Бұл қағидалар негізінен басқа сопылық мектептерімен ұқсас болса да, олардың нақты орындалу ерекшеліктеріне ерекше мән берілген. Олардың тәртіп нормаларында да шәкірт ешкімді өз шейхінен биік санауға болмайды және оған толық сенім мен бағынушылық көрсетуі қажет. Сонымен қатар шәкірт зерек, ақылды және сақ болуға тиісті; ол шейхтің барлық ишараттарын түсініп, оның сөздері мен әрекеттеріне ризашылық танытуы шарт.

Шәкірт шейхтің берген тапсырмаларын жауапкершілікпен және ынтымақпен орындап, немқұрайлылыққа жол бермеуі және шейхтің кереметі мен қасиеттеріне күмәнданбауы, оның жеке сырларын сақтап, қоғам алдында жария етпеуі аса маңызды. Себебі бұл әрекеттердің басты мақсаты шәкірттердің шейхқа бағынуын қамтамасыз ету (Körpürlü, 1976, 98-б). Ясауи тариқатында жалғыздық тәжірибесі (қылуатке отыру) маңызды рөл атқарады. Бұл процесс барысында шәкірттің жан дүниесі яғни нәпсінің қалауынан және оғаш мінез-құлықтардан арылып, рухани кемелденуге жету арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыдан, Ясауи шәкірттері үшін әдеп пен тәртіп тек формальды нормалар емес, рухани даму, шейхқа бағыну және жанды тазарту бағытындағы өмірлік принциптер болып саналады. Ясауидің хикметтері осы бағыттағы негізгі ұстанымдар мен практикалық нұсқаулар ретінде қалыптасып, ғасырлар бойы түркі халықтарының рухани мәдениетінде тұрақты құндылық ретінде сақталған (Körpürlü, 1976, 102-103-б).

### **Тақырыптың өзектілігі:**

Ахмет Ясауи шығармашылығы мен Ясауи тариқаты түркі халықтарының рухани мәдениеті мен исламдық философиясының қалыптасуына елеулі үлес қосқан. XX-XXI ғасырдағы жаһандану мен мәдениетаралық қарым-қатынастың өркендеуі түркі әлемінің тарихи және рухани мұраларын қайта зерделеуді талап етеді. Ясауи тағлымын тек сопылық мектеп тарапынан емес, қоғамның мәдени, моральдық және әлеуметтік құрылымына ықпал ететін тұтас жүйе ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар Ясауидің еңбектері қазіргі заманғы рухани тәрбие, этика және адамгершілік мәселелерін зерттеуде маңызды дереккөз. Осы тұрғыдан қарағанда, оның шығармашылығын кешенді талдау қазіргі мәдениеттану, дінтану және философиялық зерттеулер үшін маңызды.

#### **Зерттеу мақсаты:**

Ахмет Ясауи мұрасын философиялық, діни және этикалық қырларынан тұтас талдау арқылы оның ілімінің тарихи-мәдени контекстін, рухани-танымдық мазмұнын және өркениеттік маңызын ғылыми негізде айқындау. Осыған орай Ясауи ілімінің сопылық дүниетаным жүйесіндегі өзіндік ерекшеліктері, оның түркілік рухани дәстүрімен тарихи және мәдени сабақтастығы, сондай-ақ исламдық мораль философиясымен идеялық үндестігі жан-жақты ғылыми тұрғыдан зерттеледі.

Зерттеу барысында Ясауидің дүниетанымдық тұғырлары, адам кемелдігі (инсан-и камил) концепциясы, рухани тазару мен нәпсіні тәрбиелеу қағидалары теориялық-методологиялық негізде талданады. Оның негізгі шығармасы “Диуани хикмет” мәтіндік және тарихи-философиялық әдістер арқылы зерделеніп, ондағы этикалық ұстанымдардың мазмұны айқындалады.

Сонымен қатар Ясауи ілімінің қоғамның рухани өміріне ықпалы, тұлғаның моральдық-этикалық тәрбиесіндегі рөлі және түркі мәдениетінің қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі ғылыми тұрғыдан негізделеді. Қорыта айтқанда, Ахмет Ясауи тағлымы түркі өркениетінің рухани-мәдени дамуына негіз болған тұтас философиялық-этикалық жүйе ретінде қарастырылады.

#### **Зерттеу әдістері:**

Бұл зерттеуде философиялық-этикалық талдау тәсілдері қолданылады. Яғни Ясауидің нәпсі, ықылас, рия, таухид сияқты рухани ұғымдарындағы тәжірибесі мен моральдық қағидалары жан-жақты зерттелді. Бұл зерттеу барысында әрбір ұғымның – адамның ішкі дүниесі мен сыртқы әрекетіне әсері және рухани даму процесіндегі рөлі

терең талданды. Осы әдіс арқылы Ясауи тағлымы тек жеке адамның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда ғана емес, сонымен бірге рухани кемелдену жолында және қоғамдағы этикалық нормаларды сақтау мен нығайтуға тигізген ықпалын нақты көрсетуге мүмкіндік береді.

#### **Ғылыми жаңалығы:**

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымындағы негізгі сопылық ұғымдарды (таухид, рия, тәубе, ықылас, нәпсі, иршад, Аллаға махаббат) философия аясында онтологиялық, гносеологиялық және аксиологиялық қырлардан кешенді түрде қайта пайымдаумен айқындалады. Бұл ұғымдар алғаш рет тек діни-тәжірибелік категориялар ретінде емес, адам болмысы, танымы мен құндылықтық бағдарын айқындайтын тұтас философиялық-антропологиялық жүйе ретінде негізделді. Зерттеу барысында сопылық ілім бомыс пен сана бірлігін жүзеге асыратын рухани трансформация формасы ретінде қарастырылып, нәпсіні тәрбиелеу мен иләһи махаббатқа ұмтылу үдерісі экзистенциалдық кемелденудің жалпыадамзаттық үлгісі ретінде тұжырымдалды. Сонымен қатар рухани сатылар жүйесі негізінде кемел адам концепциясы қайта интерпретацияланып, адам еркіндігі, жауапкершілігі және мән іздеу мәселелерімен байланыстырылған философиялық тұжырымдама ретінде ұсынылды. Осылай Ясауи мұрасы сопылық дәстүр шеңбері аясында қазіргі философия мен философиялық антропология, сондай-ақ рухани-этикалық ілімдер контекстінде де жалпыадамзаттық теориялық мәнге ие ілім ретінде негізделді.

#### **Ясауи дүниетанымында таухид мәселесі**

Алланы бірлеу ұғымы-исламдық дүниетанымдағы ең басты, негізгі теологиялық қағида. Бұл ұғым Жаратушыны бір, дара және абсолюттік шындық иесі ретінде тануды білдіреді. Басқаша айтқанда, Алланы бірлеу-барша жаратылыстың түптөркіні мен мәнін біртұтас жүйе ретінде қабылдап, бүкіл болмысты Жаратушыға қатысты түсіндіруді талап ететін рухани-метафизикалық басты ереже. Алла Тағала Құранда бұл жөнінде былай баяндайды: «Сендердің Жаратушыларың тек бір ғана Алла. Одан басқа Жаратушы жоқ. Ол Мейрімді, Рақымды.» (وَاللَّهُمَّ إِلَهٌ وَاحِدٌ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الرَّحْمَنُ الرَّحِيمُ) (Бақара сүресі, 163-аят) Ясауи осындай аят-хадистерді қағида етіп ұстанып, хикметтерінде Алланы бірлеу идеясы тек сенімдік деңгейде ғана емес, рухани тәжірибе мен жүректік хәлді қалыптастыратын негізгі өзек ретінде көрсетеді. Ол Алланы бір деп тануды, Оның есімдерін зікір

арқылы жүректе жаңғыртуды, Жаратушымен рухани байланыс орнатуды сопылық кемелденудің басты шарты ретінде қарастырады. Ясауи жырларындағы Алланы бірлеу идеясы адамның ішкі дүниесін тазартып, жүректі хақиқат нұрына бағыттауға негізделген. Осы жолдың түпкі мұраты ретінде ол Бір Жаратушының дидарын (дидарға қауышу) көруді, яғни рухани кемелдіктің соңғы сатысына жетуді аңсағанын былайша өрнектейді:

Құлһу Аллах, Субхан Аллах айта берсем,

Бір уа Барым дидарынды көрермін бе?

Бастан-аяқ қасіретінде еңіреп жүрсем,

Бір уа Барым дидарынды көрермін бе? (Кенжетай & Бөкебаев, 2010, 242 -б).

Бұл өлең жолдары Ясауидің «бірлік» ұғымына тән дүниетанымдық өзегін айқын көрсетеді. Ясауи үшін рухани кемелдікке жетудің аса маңызды шарты Алланы бір деп тану, Оның құдіретін мадақтау және адамның бүкіл болмысын Хаққа деген сағынышпен тазарту арқылы Жаратушының дидарына қауышуға талпыну. Мұндағы «бірлік» ұғымы қарапайым сенімдік декларация ғана емес, рухани тәжірбие мен жүрек күйін қамтитын тұтас метафизикалық тұғыр ретінде көрініс табады.

Ясауи хикметтерінде өзінің өмір жолында жіберген күнә, қателік және нәпсілік әлсіздіктеріне терең өкініш білдіреді. Бұл өкінішпенденің рухани сергектігін арттыратын, жүректі тазартуға бағытталған ішкі есеп-қисап жағдайы. Ясауи үшін тәубе мен тақуалық -Хаққа жақындаудың қажетті баспалдақтары. Ол күнәдан арылуды тек этикалық ұстаным ретінде емес, рухани жаңғыру мен Алла дидарына ұмтылудың негізгі шарты ретінде түсіндіреді. Ясауидің хикметтерінде оның Жаратушыға деген терең сағынышын, рухани күйін және хақиқатқа жетуге деген ыстық ықыласын мына жолдарда айқын бейнеленгенін көре аламыз:

Көз жұмып-ашқанымша жетті алпыс,

Белім байлап мен қылмадым бір тәуір іс.

Күндіз түні қамсыз жүрдім жаз бенен қыс,

Бір уа Барым дидарынды көрермін бе?

Алпыс бірде шермендемін күнәһымнан,

Ей, достар, көп қорқамын Илаһымнан,

Жаннан кешіп, пана тілейін Құдайымнан,

Бір уа Барым дидарынды көрермін бе? (Кенжетаев & Бөкебаев, 2010, 243-б).

Өмірінің соңғы кезеңінде Ясауи өз хикметтерінде терең тәубе мен рухани тазару жолына толық бет бұрғанын баяндайды. Ол қалған ғұмырын құлшылыққа, зікір салуға және ізгі амалдарды орындауға арнап, нәпсіні тәрбиелеудің сопылық қағидаларына сай өмір сүргенін көрсетеді. Бұл рухани бағыт оның ішкі әлеміндегі өзгерісті пенделік күйден Хаққа жақындау жолындағы кемелдікке ұмтылуды айқын аңғартады. Сонымен қатар оның тәубесі, тұрақты зікірі мен тақуалық өмірі сопылық тәжірибенің шыңы болып табылатын «рухани кемелдік» деңгейіне жеткенінің айғағы ретінде көрініс табады.

Елу бесте дидар үшін тіленші болдым,

Жанып, күйіп, күл болғандай жоқтыққа жеттім.

Аллаға шүкір, дидар іздеп кемелдендім,

Жалғыз Иемнің дидарын көрер ме екем? (Вісе, 2019, 54-б).

Ясауидің хикметтерінен оның рухани жолының негізгі кезеңдері айқын көрінеді. Алғашқы саты күнәдан арылу және ішкі нәпсіні тәрбиелеу; одан кейінгі кезең шынайы тәубе ету, яғни өткен қателіктерге өкіну арқылы рухани тазару. Бұдан әрі Ясауи өз өмірін толық құлшылыққа, зікірге және ізгі амалдарға арнауды басшылыққа алады. Рухани тәжірибенің соңғы сатысы «дидарға қауышу», яғни Жаратушының ілтипатына бөлену және Оның шексіз мейірімін сезіну. Сондай-ақ Ясауидің хикметтері рухани кемелдікке жетудің логикалық және моральдық құрылымын бейнелейді, әрі ол адамгершілік пен діни жетілуге арналған сабақтар ретінде қарастырылады.

### **Ясауи дүниетанымындағы рия мәселесі**

Ислам теологиясы мен этикасында рия ұғымы адамның сөзінде немесе іс-әрекетінде шынайылықтан айрылып, құлшылық пен ізгі амалдарды Алланың разылығы үшін емес, адамдардың мақтауын, қошеметін немесе қоғамдағы беделін арттыруды мақсат етіп орындауы ретінде түсіндіріледі. Мұндай ниет исламның негізгі құндылықтарына қайшы келеді және діни ілімде қатаң түрде айыпталады. Шынайы иман иесі үшін құлшылықтың мәні тек Алланың разылығына ұмтылу, ал адамдардың бағасы, мақтауы немесе кез келген дүниелік мүдде маңызы көрінбеу тиіс.

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) хадистерінде рияның рухани тұрғыдан аса қауіпті екендігі бірнеше рет ескертілген. Мәселен, Ибн Аббастан риуаят етілген мына хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деген: « مَنْ سَمِعَ سَمِعَ اللَّهُ بِهِ، وَمَنْ رَأَى رَأَى اللَّهُ بِهِ » яғни, « Кімде-кім жасаған ізгі амалын даңққа ие болу үшін халыққа жария етсе, Алла оның жасырын істерін әшкерелейді. Ал кім жасаған жақсылығын адамдардың мақтауын алу үшін өзгелерге көрсетсе, Алла оның риякерлігін жұртшылыққа жария етеді.» (Muslim, 2013, 539-б).

Сонымен қатар өзге де хадистерде ақырет күні кейбір адамдардың сырттай ізгі амалға ұқсаған әрекеттері, мысалы, «батыр атасын» деп соғысуы, «жомарт атасын» деп садақа беруі, «ғалым атасын» деп білім үйретуі немесе «әдемі оқиды» деген мақтау алу үшін Құран оқу ниетінің бұзылғандығына байланысты қабыл болмайтыны баяндалады. Мұндай амалдар ақыреттегі қатаң жазаның себебі болатыны да айтылады. Бұл рияның ең ауыр рухани зардаптарының бірі екенін көрсететін маңызды пайым. Ясауи шығармаларында да рия мәселесі ерекше мәнге ие. Ол Алланың аяттарына және Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистеріне сүйене отырып, рияның кез келген түрі адамды рухани азғындауға жетелейтінін, ал құлшылықтағы жасандылық иманның әлсіреуіне, тіпті одан айырылуға дейін апаратын аса қауіпті рухани дерт екенін қатаң түрде ескертеді. Ясауи хикметтерінде рияны жүректің кірленуіне, яғни Хаққа жақындауға кедергі болатын ең үлкен рухани тосқауылдардың бірі ретінде сипаттайды. Оның мына бір өлең жолдарында, рия үшін жасалған кез-келген амал, Алла тарапынан жазаландырылатыны жайында айтылған:

Ораза ұстап, халыққа рия қылғандарды,

Шейхпін деп өзгені пана қылғандарды

Нәпсі хауаменен дайым жүргендерді,

Ахир демде иманынан жұда қылдым (Нұрахметұлы, 2016, 102-б).

Бұл шумақтарында рияның тек материалдық ғана емес, адамның ішкі рухани дүниесіне де тікелей әсер ететіндігін көрсетеді, яғни, рия тек материалдық тұрғыда ғана емес, рухани тұрғыда да адамға зиян тудыратындығы сипатталған. Сондай-ақ Аллаға шынайы ықыласпен бағытталмаған кез-келген ізгі амал, яғни олардың формасы сақталғанымен, ішкі мәні мен ниеті ауытқыған жағдайда, адамның құлшылыққа деген ықыласын төмендетіп, ақыретте рухани зиянға ұшыратуы мүмкін. Мұндай түсінік ислам этикасы мен сопылық философияда рияның қауіптілігін және оның адам өміріндегі

кемелдікке жету жолындағы тосқауыл ретіндегі маңызын айқын көрсетеді. Ясауи өзінің хикметтерінде құлшылықтың шынайылығы мен ниет тазалығына ерекше мән береді. Ол орын мен жағдайдың маңызды еместігін атап көрсетіп, адамның рухани іс-әрекетінің түпкі мәні мен мәнділігі оның ниетіне тәуелді екенін дәлелдейді. Ясауи ұғымында, шынайы ықыласпен ибадат ететін адам қай жерде болса да, Алла оның әрбір іс-әрекетіне куә болып, оларды қабыл ететініне сенімі кәміл. Бұл тұжырым адамды сырқы көрініске, мақтынышқа және рияға берілмеуге, ішкі тазалық пен шынайылыққа бейімделуге бағытталған рухани және этикалық бағдар ретінде сипаттайды. Сондай-ақ ол мына бір өлең шумағында адамды риядан сақтануға шақырады:

Дәруіш болсаң сыйынғын қылма рия,

Қайда болса тағат қылсаң Құдайым куә.

Жалған дәруіш дертіне таппас дауа,

Әділ Патша тағатын асырып қылар.

Уа Хақ, сондай бір дәруіштерден сақтай көргін,

Олардан ұзақ жайда ажал бергін (Оспанұлы & Айнабекұлы, 2001, 121-б).

Ясауи еңбектерінде риядан сақтануды ерекше насихаттайды. Ол өлең жолдары арқылы рия батпағында жүрген адамдардан Алланың қаһарынан қорғануды ескертеді, тіпті рияқор адамдармен бірге болудан гөрі, өз өмірін, жанын құрбан етуге дайын екенін білдіреді. Сонымен қатар рияқор адамдардың психологиялық және моральдық ерекшеліктерін нақты суреттеп, олардың сыртқы бейнесі әсем, бірақ ішкі дүниесінің бұзылғандығын, қиямет күнінен қорықпайтындығын, күнелардан сақтанбайтындығын айқын бейнелейді. Оның көзқарасында мұндай рияқорлар, дұға құралдарын немесе тасбихты өздерін көрсету үшін ұстаса да, шынайы жүректің тазалығы мен тәубеге келу сезімін көрсете алмайды. Ол осы ойларын мына шумақтарында білдіреді:

Сұраттары пәк көрініп, қияметтен қорықпайды,

Күнә жасап, бұзақылықтан жаны шошып үрікпейді,

Тасбих ұстап, рия қылып, көзден жас та төкпейді,

Арыстан Бадам, сөздерін естісеңіз берекет! (Үілмаз, 1999, 69-б).

Ясауи еңбектерінде рияқорлық қатты сыналған. Оның тағы бір хикметінде махаббатты саудаға айналдырып, өзін көрнекті етіп көрсетпекші болғандарды сынға алған. Мұндай әрекеттерді Ясауи

рухани тұрғыдан опасыздық және иманнан алыстау деп бағалаған. Себебі, олар жүректің тазалығын жойып, шынайы құлшылық пен ізгілікке кедергі жасайды. Ол мына шумақтарында рияқорлықтың моральдық және рухани зардаптарын көрсеткен:

Рия тасбихы қолдарында, белде белбеу білсеңіз,  
Хақ разылығы осы деп махаббат саудасын қылсаңыз  
Махшарда сол махаббат, нұр боп бірге жүрсеңіз,  
Арыстан Бабам, сөздерін естісеңіз берекет (Abul, 2017, 155-

б).

Тағы да ол мына хикметінде рияқор адам мен шынайы дәруіш арасындағы нәзік, бірақ мәнді айырмашылықты бейнелейді. Осы арқылы шынайы жүректің тазалығы мен ықыластың, сыртқы көрінісі мен адамның ниетінің арасындағы алшақтықты көрсетеді:

Дәруішпін деп момақансыр ел алдында,  
Рия жасап шапқылайда анда-мұнда  
Алла үшін тағат қылған дәруіш қайда?

Шын ғашықтар тау мен шөлді мекен қылар  
(Мұхаммеджанұлы, 2007, 95-б).

Бұл өлең жолдары арқылы Ясауи шынайы дәруіштің құлшылығын сыртқы көрінісі арқылы емес, жүректің тазалығы мен Алла алдындағы шынайы ниеті арқылы бағалайтынын сипаттайды. Сонымен қатар рияқорлық рухани кемелдікке елеулі кедергі келтіретінін, ал шынайы ғибадат пен рухани өмірдің табиғи ортасы тыныштық пен жалғыздық екенін ғылыми тұрғыдан көрсетеді. Бұл тұжырым Ясауи түсінігіне тән рухани тәжірибе мен моральдық қағидалардың үйлесімін, адамның ішкі жан дүниесінің тазалығы мен иман беріктігін, басты өлшем ретінде қарастыратынын дәлелдейді.

### **Ясауидің түсінігінде ықылас мәселесі**

Жалпы «ықылас» сөзіне тоқталатын болсақ, ол жүректің кіршіксіз адалдығы мен ниеттің түзулігін көрсететін айна іспетті. Бір сөзбен айтқанда ықылас ең әуелі адамзатты жоқтан бар еткен, құдіреті күшті, мейрімді Алла Тағалаға деген шынайылық. Ықыластың ең маңыздысы адамға деген қарым-қатынаста адал, ниетінің риясыз болуы және пенденің Жаратушы Алла Тағалаға деген ықыласының бекем болуы.

Ислам шариғатында ықылас ұғымының мағынасы: Алла Тағала ешбір мақлұқатты ортақ етпей, әрбір ісінде жалғыз Оған ғана шынайы берілуімен құлшылық ету деген сөз. Алла Тағала Құранда былай бейнелейді:

إِلَّا الَّذِينَ تَابُوا وَأَصْلَحُوا وَاعْتَصَمُوا بِاللَّهِ وَأَخْلَصُوا دِينَهُمْ لِلَّهِ فَأُولَٰئِكَ مَعَ الْمُؤْمِنِينَ وَسَوْفَ يُؤْتِ اللَّهُ  
الْمُؤْمِنِينَ أَجْرًا عَظِيمًا

«Алайда шынымен тәубеге келіп, Аллаға бет бұрып, толық түзеліп, Алланың дінін шынайы ықыласпен ұстағандардың жөні бөлек. Міне, солар мүміндермен бірге. Алла күндердің күнінде мүміндерді үлкен сый-сияпатқа бөлейді.» (Ниса сүресі, 146-аят)

Имам Табари бұл аятты өзінің тәфсир кітабында «Аллаға берген иман уәделеріне шын беріліп, оған бекем түрде жабысқан, әрі діннің талаптарын адамдарға көрсету үшін емес, тек Алланың разылығы үшін орындайтындар ғана (бұл ескертуден) тыс қалады» деп түсіндірген (Taberі, 1996, 154-б).

Ал, Әбу Умәmə Бәһили (р.а.) жеткізген хадисте Алла Елшісі(с.а.с.) былай деп бұйырған:  
عَنْ أَبِي أُمَامَةَ الْبَاهِلِيِّ قَالَ: ... فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِنَّ اللَّهَ عَزَّ وَجَلَّ لَا يَقْبَلُ مِنَ الْعَمَلِ إِلَّا مَا كَانَ لَهُ خَالِصًا وَابْتِغَى بِهِ وَجْهَهُ

«Алла Тағала, тек шынайы ықыласпен, оның разылығы үшін жасалған амалды ғана қабыл етеді.» (URL-1)

Ясауиде осы аят-хадистерді негізге ала отырып ықылас ұғымын жүректің тазалығы мен шынайылықтың басты өлшемі ретінде қарастырады. Ол үшін ықылас дегеніміз адамның іс-әрекеті мен ғибадатында рия мен көрініске жол бермеу, жүректегі тазалыққа кедергі келтіретін ойлар мен алаңдаушылықтардан аулақ болу. Бұл қасиет пенденің рухани беріктігі мен иман тазалығының нақты көрсеткіші болып саналады. Ол ықылассыздықтың рухани қауіптілігін айқын бейнелейді. Сондай-ақ ықылассыздық, адамның құлшылықтарында шынайы ықыласқа мән бермеуіне және оның ақыретте зардаптарға әкелетінін қатаң ескерткен. Мұндай тұжырымдар Ясауи шығармаларында жүректің тазалығы мен ықыластың рухани кемелдікке жетудегі рөлін ғылыми тұрғыдан негіздейді. Ол ықылассыздықтың қауіптілігін өлеңдерінде былай суреттейді:

Махаббат терең теңіз, түбі беймәлім, сыр жасырын,

Жанынан кешіп, сол сырды тапқандар ғана шын ғашық.

Ғашықпын деп күпінген көп жол үстінде адасып,

Діндерін құнсыз ақшаға сатады достар (Çetinkaya, 2017, 157-б).

Ясауи бұл өлең жолдарында жүректегі шынайылық пен ықыластың болмауын, адамның рухани дамуындағы негізгі кедергі ретінде сипаттайды. Ол шынайы сезім мен таза ниетсіз амалдардың адамды рухани жолдан тайдыруға, иман мен ғибадаттың мәнін жоғалтуға жетелейтінін көрсетеді. Ясауи өзінің өмірлік тәжірибесінде ықыластың мәнін және шынайы жүрекпен өмір сүру жолын терең философиялық-психологиялық тұрғыдан талдайды. Ол ықыласқа жетуді, сыртқы көріністер мен адамдардың пікірінен тәуелсіз, тек Алланың разылығы мен жүректің шынайы ниеті арқылы жүзеге асатын процесс ретінде сипаттайды.

Қырық бірінде ықылас қылдым, жол табу үшін,

Әулиелерден көрген құпияның бәрін жасыру үшін;

Пір-Муған ізін алып сүйейін деп,

Сыйынып, патша Құдай, келдім саған

Қырық екімде ізденуші болып жолға шықтым,

Жүрегімді ықыласпен тек Хаққа арнадым

Аршы, Күрсі, Лаухтан өтіп, Ғаласды кездім,

Сыйынып, патша Құдай, келдім саған (Жармұхаммедұлы & Дәуітұлы, 1998, 50-б).

Бұл өлең жолдары Ясауидің рухани тәжірибесінде ықылас ұғымының орталық рөлін айқындайды. Ықылас бұл жүректің тазалығы, тек Аллаға бағытталған шынайы махаббат және рухани кемелдікке жетудің негізгі жолы ретінде қарастырылады. Ясауи көзқарасында ықылас адамды сыртқы көрініске тәуелділіктен арылтып, оның ішкі дүниесін тазалыққа бағыттайды. Сол арқылы шынайы дәруіштің ең маңызды сипаты жүректің шынайылығы мен ықыласқа берілуі тұрғысынан сипатталады.

### Ясауидің түсінігіндегі «нәпсі» мәселесі

Ислам философиясында нәпсі ұғымы адамның тек биологиялық немесе тәндік болмысын ғана білдірмейді сонымен қатар ол адамның көзге көрінбейтін рухани табиғатын, ішкі психологиялық құрлымын қамтитын көпқабатты категория ретінде қарастырылады. Нәпсі адамның жақсылық пен жамандыққа бірдей бейім, ерік-жігері мен

құмарлықтары тоғысқан ішкі әлеуетінің көрінісі. Құран Кәрімде нәпсіге қатысты көптеген аяттар бар, олар адамның ішкі әлеміндегі арман, құштарлық, талап және ерік тетіктерінің шешуші рөл атқаратынын айқындайды. Мәселен, Жүсіп пайғамбардың (а.с.) «Юсуф» сүресінде: وَمَا أَرَىٰ نَفْسِي إِلَّا النَّفْسَ لَأْمَازَةً بِالسُّوءِ «Нәпсімді ақтамаймын. Расында нәпсі жамандыққа бұйырады.» деген (Юсуф сүресі, 53-аят) Бұл аятта нәпсінің адамды зұлымдыққа итермелейтін, өз қалауы мен нәпсілік құмары жолында Құдайдың бұйрықтарына қарсы әрекет жасауға бейімдейтін күш екендігі атап өтіледі. Ясауида Құран мен хадис жолын ұстанып хикметінде нәпсі туралы көзқарастарын дәл осы мағынада түсіндіреді. Яғни нәпсі адамды адастыруға, рухани кемелдік жолынан тайдыруға ұмтылатын, жүрекке азғыру салатын ішкі күш. Сондай-ақ оны пенденің рухани жетілуіне кедергі келтіретін басты тосқауыл ретінде былай сипаттайды:

Нәпсім мені жолдан бұрып қор етеді,

Телміртіп халайыққа зар етеді.

Зікір салдырмай, шайтанға жар етеді,

Дайынмын деп нәпсі басын жаныштым міне (Әлібекұлы & Дәуітұлы, 2008, 12-б).

Бұл өлең жолдары арқылы Ясауи нәпсінің адамға төндіретін қауіпін, оның ішкі жан дүниеге әсерін және рухани тазалыққа кедергі келтіретінін көрсетеді. Сонымен қатар нәпсімен күресу адамның рухани дамуы мен кемелдікке жетудегі негізі міндеттердің бірі ретінде сипатталады. Ол нәпсімен күресті өз өмірінде күнделікті тәжірибемен дәлелдеп, оны нақты әрі көрнекті түрде бейнелейді. Сондай-ақ бұл күресті тек жеке ішкі талпыныс емес, Аллаға жақындау жолындағы міндет ретінде қарастырады. Ясауи нәпсімен күрестің ең күрделі сәттерінде оңашалықты таңдап, Хаққа сиынудың бір жолы ретінде жеткізеді:

Елуімде ермін дедім іс дәрменсіз

Қан төкпедім көздерімнен бауырымды езіп

Нәпсім үшін жүрер едім иттей кезіп

Заты лық ием, сиынып келдім саған (Сәрсенбеков, 2021, 46-б).

Ясауи шығармаларында нәпсімен күрес кейде сыртқы, нақты қарсыласпен шайқасқа түсу образы арқылы метафоралық тұрғыда сипатталады. Мұндай бейнелеу тәсілі нәпсінің адам үшін тек ішкі психологиялық құбылыс қана емес, сонымен қатар шынайы қауіп

төндіретін күш ретінде қабылданғанын көрсетеді. Осы метафоралық ұқсастық арқылы Ясауи нәпсімен күрестің күрделі екендігін анықтап, оған қарсы сабырлық танытып, табандылық пен тік тұру керектігін айқындайды. Бұл тәсіл «үлкен жиһад» түсінігімен де сабақтас. Адамның өз ішкі дүниесіндегі құмарлықтар мен бейімділіктерге қарсы тұруы рухани жетілудің ең жоғарғы деңгейдегі күресі ретінде талданады. Ясауидің нәпсіні «нақты жау» бейнесінде көрсетуі рухани күрестің маңызын күшейтіп, оның антропологиялық және этикалық мазмұнын тереңдете түседі.

Отыз үште шәкірт болып шарап тараттым,

Кесемді алып Хақ нұрынан ләззат таптым.

Әскер жинап шайтанмен талай арпаластым

Аллаға шүкір, екі нәпсімді жеңдім достар (Öksüz, 2018, 34-б).

Ясауи нәпсімен күресті Алланың әмірі деп есептейді, сонымен бірге рухани жеңісін Жаратушының көмегіне сеніп, дұға арқылы іздейді:

Елу сегіз жасқа кірдім, мен бейхабар,

Қаһар Ием қу нәпсімнің құлқын доғар.

Пейіл берсең сұм нәпсіме ұрсам томар,

Жалғыз Ием дидарын көрермін бе (Мұхаммеджанұлы, 2007, 169-б).

Өмірінің соңғы кезеңінде Ясауи нәпсімен күресті жалғастыру мақсатында қоғам өмірінен алыстап, аскетизмге бет бұрады. Ол дүниелік құндылықтардан ерте бас тарту арқылы өзін ізгілік пен рухани тазалыққа арнап, зікір, дұға және құлшылыққа негізделген өмір салтын ұстанады. Бұл кезеңде Ясауи нәпсімен күресті тек сыртқы әрекеттер арқылы емес, ішкі жан дүниесін тәртіпке келтіріп, рухани кемелдікке жетудің маңызды жолы ретінде нақтылайды. Оны мына хикмет шумақтарынан көре аламыз:

Алпыс үште хабар келді, құл жерге кір,

Һәм жаныңмен, жананыңа көңліңді бер.

Семсерді қолға алып нәпсінді қыр,

Пәруэр жарым, дидарыңды көрермін бе? (Нұрахметұлы, 2016, 26-б).

Нәпсім мені көп жүргізді Хаққа бой бұрмай,

Күндіз-түні жүрдім мен қайғырмай.

Құмар, нәпсі, менмендік оты сөнбей,

Қайғыға толып, жер астына кірдім бойсұнған құлдай (Tatci, 2016, 78-б).

Айтылған өлең жолдары арқылы Ясауи нәпсімен күресті тек адамның ішкі психологиялық қақтығысы ретінде емес, рухани жолдағы міндетті әрі жүйелі тәжірибе ретінде ескергені аңғарылады. Оның түсінігінде бұл күрес Аллаға жақындаудың басты шарты, ал оны жеңудің негізгі тетігі шынайы ықылас, түзу ниет және тұрақты құлшылық. Мұндай рухани тәжірибе Ясауи өмірінде дербес жан тазалығымен ғана шектелмей, адамды кемелдікке жеткізетін іргелі қағида деңгейіне айналған.

### Ясауидің түсінігіндегі иршад (рухани жетекшілік ету, тура жолға бағыттау) мәселесі

Ислам дәстүрінде «иршад» сөзі – адамдарды тура жолға бағыттау, дұрыс іс-әрекет жасауға шақыру және рухани жетекшілік ету дегенді білдіретін маңызды ұғым. Құран Кәрімде Пайғамбарлардың міндеті халыққа тура жол көрсету, Алла разылығын табу арқылы олардың рухани кемелдігіне ықпал ету екені айқын баяндалады. Мысалы, «Шура» сүресінің 52-аятында:

وَكَذَلِكَ أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ رُوحًا مِّنْ أَمْرِنَا مَا كُنْتَ تَدْرِي مَا الْكِتَابُ وَلَا الْإِيمَانُ وَلَكِنْ جَعَلْنَاهُ نُورًا  
«Міне, Біз саған Өз әмірімізден бір рухты уахи еттік. Әлбетте, сен адамдарды тура жолға бастайсың», - деп Пайғамбарымыздың с.а.с. адамдарға тура жолды көрсетуі, яғни иршад қызметі көрініс табады.

Бұл ұғым Ясауи еңбектерінде де маңызды рөл атқарған. Ол жоғарғыдағы аятқа сүйеніп, өзінің білімін және рухани тәжірибесін тек жеке өмірінде сақтап қалмай, оны қоғамға жеткізу арқылы халықты ағартуға және дұрыс жолға шақыруға қызмет еткен. Ол қарапайым да түсінікті түркі тілін пайдаланып, білім деңгейі төмен қауымның сезімдері мен түсінік дүниесін өзімен бірдей қабылдап, олармен ортақ тіл табыса білген. Мұндай тәсілі арқылы Ясауи дәстүрі ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа, елден елге ауысып, кең әлеуметтік, мәдени және рухани ықпалын сақтап қалған.

Сонымен қатар Ясауи уағыздарында кішіпейілділікті басты қағида ретінде қолданады. Иршад пен алғашқы ескерту алдымен өзіне бағыттталып, ол өзінің рухани тәртібі мен жауапкершілігін алдымен өзінен бастайтынын көрсетеді. Бұл қағида Ясауидің діни-этикалық философиясында адамның өзін-өзі тәрбиелуі мен рухани кемелденудің орталық элементі. Ол бұл туралы мына шумағында былай дейді:

Құл Қожа Ахмет, қырыққа келдің нәпсіңді тый,

Жылап қазір, ақыретте есіңді жый.

Иман діннің тірегі, тариқат түсін негізін,

Тариқатқа кірген Хақтан үлесін алар достар  
(Жармұхаммедұлы & Дәуітұлы, 1998, 50-б).

Ясауи көзқарасында шарифат, тариқаттың негізін құрайтын басты компонент. Ол үшін шарифатсыз тариқат өзінің мақсатына жетпейтін, бағытынан ауытқитын, рухани мәні жоқ жолға айналады. Бұл жөнінде Ясауи былай дейді:

Тариқатқа шарифатсыз кіргендерді

Шайтан келіп, иманын алады екен (Saifunov, 2025, 241-б).

деген қағидасы арқылы Ясауи тариқат жолының негізінде дінді дұрыс түсіну мен жетекші ұстаздың маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. Ясауи шарифатқа берік, Құдайға деген махаббатына сенген мистик ретінде ерекшеленеді. Ол сыртқы сән-салтанатқа немесе өнерге алаңдамай, өзіне жиналған қауымға Исламның мәнін түсінікті, қарапайым тілмен жеткізіп, рухани жетекші ретінде рөл атқарады. Мұндай таза жүректі сопылық жолдағы адамның өз замандастарына иршад көрсетуі табиғи құбылыс. Ясауидің хикметтерінде бұл туралы былай делінеді:

Шарифатта дүниеден бойды аулақ ұстау қажет

Хақты сүйу үшін дүниені тастау қажет

Тариқатта жан мен тәнді таза ұстау қажет

Жан мен тәнді таза ұстамай тежрид болдым демесін

Хақиқатта Хақтан басқа бәрі харам,

Олай етпей ғашық жүрек, дидарға құмар болмау қажет (Tosun & Eraslan, 2019, 251-б).

Ясауи көзқарасы бойынша, тариқат жолы - әдебі мен тәртібі арқылы жүзеге асады. Ол оны мына шумақтарда сипаттап көрсетеді:

Мұхаммедтің болмысы араб екенін біл

Тариқаттың жолы әдеп екенін біл (Татси, 2016, 114-б).

Сонымен қатар, Ясауидің түсінігінде адамның тариқат жолына өз бетінше емес, белгілі бір рухани тәртіп пен жетекшілік арқылы енуі талқыланады. Ол рухани кемелдікке апаратын бұл жолдың табиғатынан күрделі, сынаққа толы екенін және дұрыс бағыт таппайынша түрлі адасуларға тап болатынын ерекше ескертеді. Ол бұл туралы шумақтарында былай ескертеді:

Дидар үшін жанды құрбан қылмайынша,

Ысмайылдай дидар іздеп тұрмаңдар достар,

Жаннан кешіп тариқатқа кірмейінше,

Ғашықпын деп жалған сөзді айтпаңдар достар (Eraslan, 1991, 47-б).

Бұл тұжырымдар арқылы Ясауи тариқат жолының негізінде тәлім, тәртіп және ұстаздың жетекшілігінің маңыздылығын көрсетеді. Тариқатқа тек сыртқы тәжірибе үшін емес, жанның толық берілуі арқылы ғана кіру қажет екендігін ерекше атап өтеді. Ол хикметтерінде тариқат жолына пірсіз кірудің қауіптілігін және жолдың сәтті өтуі үшін белгілі бір тәртіптің сақталуы керектігін баса айтады:

Менменсіп, тариқатқа кірмеді олар,

Жаннан кешпей, жолға аяқ ілмеді олар.

Нәпсісін жеңбей, фәнаға ермеді олар,

Арам тілекпен жолға түспеңдер достар (Dermirci, 1994, 70-б).

Оның тағы бір хикметінде рухани жолдың күрделілігі мен құрылымдық талаптары терең ашылып, мүршиттің жетекшілігінсіз рухани мақсатына жету мүмкін еместігі баяндалады. Ясауи бұл тұжырым арқылы сопылық тәжірибенің жүйелі рухани иерархияға сүйенетінін, ал мүршиттің осы иерархиядағы шешуші рөлін айқындайды. Мүршит жолды дұрыс түсіндіретін, рухани тәрбие мен ішкі бақылауды қамтамасыз ететін, адасулардан сақтайтын негізгі көшбасшы ретінде сипатталады. Сондықтан Ясауи еңбектерінде мүршитсіз жүргізілетін рухани ізденіс толыққанды нәтижеге

жеткізбейтін, әдістемелік негізі жоқ және қауіп-қатерге толы әрекет ретінде ескеріледі. Ол туралы мына өлең жолдарында былай делінеді:

Мүршитсіз олар мұратқа жетпес,  
Қызмет қылмай, Хақ дидарын көрмес.

Түн жылаумен көзін ілмес,

Көп жыламай, Хақ дидарын көрмес достар (Dermirci, 1994, 69-б).

Ясауи мүршит пен мүридтің болмысын сипаттағанда, олардың сопылық жолдағы орны мен өзара байланысын нақты әдіснамалық негізде түсіндіреді. Оның көзқарасы бойынша, мүршит рухани тәрбиенің негізгі субъектісі, хақиқатқа жетелейтін жолбасшы, шариғат пен тариқат талаптарын тәжірибеде көрсететін тұлға. Ал мүрид осы жолды саналы түрде таңдаған, рухани тәрбиеге мойынсұнып, ішкі өзгеріске ұмтылған ізденуші. Ясауи бұл қатынасты тек жеке тұлғалық байланыс емес, сопылық институттың ішкі құрылымына тән қажетті тетік ретінде нақтылайды. Оның пайымдауынша, мүршиттің жетекшілігі рухани білімнің дұрыс берілуін, нәпсімен күресу тәжірибесінің реттелуін және адасушылықтан сақтандыруды қамтамасыз ететін негізгі шарт. Сондықтан Ясауи тұжырымында мүршит пен мүрид қатынасы сопылық жолдың іргетасы әрі рухани кемелдікке жеткізетін жүйелі тәрбие моделі ретінде сипатталады. Ол шариғатты толық білмей тариқат жолына кіргендерді былай сынайды:

Тариқатқа шариғатсыз кіргендерді,

Шайтан келіп, иманын алады екен.

Бұл жолды пірсіз дағуа қылғандарды,

Сарсаң болып орта жолда қалады екен (Кенжетай & Бөкебаев, 2010, 164-б).

Ясауидің түсінігінде пірдің шәкіртке разы болуын рухани дамудың негізгі шарты ретінде атап көрсетеді. Оның пікірі бойынша, мүридтің пірге қызмет етуі және оның нұсқауларын орындауы арқылы ғана пенде Хаққа жақындай алады. Пірдің разы болуын тікелей Құдайдың разылығының көрінісі ретінде талқылайды. Бұл рухани тәлім мен тәрбие процесінде шешуші рөл атқарады. Осы байланыс арқылы мүридтің ішкі тазалығы мен нәпсіге қарсы күресі кәміл мәнін тауып, Хақтың рақымына қол жеткізуі мүмкін болады. Ясауи тұжырымында пір мен мүрид арасындағы осындай этикалық-рухани тәуелділік,

сопылық жолдағы кемелдікке апаратын негізгі механизм болып саналады. Бұл жөнінде оның хикметтерінде былай делінеді:

Пір разылығы Хақ разылығы болар достар,  
Хақ Тағала рақымына алар достар,  
Риязатта сырлы сөзден білер достар,  
Сондай құлдар Хаққа жақын болар екен.

Ей бауырым бұл жолға пірсіз кірме,  
Хақты еске алмай, бір сәт бейғам жүрме  
Ақылың болса, дүниеге көңіл берме,  
Лағнеті шайтан өз жолына ертер екен (Tosun & Eraslan, 2019, 285-б).

Берілген хикмет шумағы сопылық ілімнің негізгі ұстанымдарын, яғни пірге мойынсұну, нәпсіні тәрбиелеу және рухани ояну күйін терең мазмұнда бейнелейді. Алғашқы жолдарда пір разылығының Хақ разылығымен сабақтастығы көрсетіледі. Бұл сопылық дүниетанымдағы мүршиттің ерекше мәртебесін айқындайды, сондай-ақ пір – мүридті рухани кемелдікке жетелейтін жетекші. Осы тұрғыдан пірге адалдық таныту, Хаққа жақындаудың бір жолы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар «Хақ Тағала рақымына алар» деген тұжырым мүридтің рухани жетістігі илаһи мейіріммен тікелей байланысты екенін білдіреді. «Риязатта сырлы сөзден білер» тармағы нәпсіні тыю мен рухани жаттығулар арқылы ішкі танымның ашылатынын меңзейді. Бұл сопылықтағы тәжірибелік таным (тәжірибеге негізделген рухани білім) қағидасының көрінісі. Яғни мүрид тек теориялық біліммен шектелмей, ішкі тәжірибе арқылы ақиқатқа жақындайды. Екінші шумақта «бұл жолға пірсіз кірме» деген ой сопылық жолдың міндетті шарты ретінде мүршиттің қажеттілігін айқындайды. Себебі мүршит – рухани бағдар беруші, ал онсыз адам нәпсі мен шайтанның ықпалына түсуі мүмкін. «Хақты еске алмай, бір сәт бейғам жүрме» тіркесі Аллаға зікір етудің үздіксіз жалғасуын талап етеді, бұл рухани сергектіктің басты шарты. Соңғы жолдар дүниеге шектен тыс берілудің қауіптілігін ескертіп, адамның рухани әлсіреуіне әкелетін факторларды көрсетеді. Яғни шайтанның азғыруы арқылы адам тура жолдан тайып кетуі мүмкін екені атап өтіледі. Қысқасы бұл шумақтар сопылықтағы мүршит пен мүрид қатынасын, риязат пен зікірдің маңызын, сондай-ақ рухани

тәртіп пен сергектіктің қажеттілігін ғылыми тұрғыда тұжырымдайтын мазмұнға ие.

### Ясауидің “Аллаға деген махаббат” түсінігі

Аллаға деген махаббат Құран Кәрімдегі Бақара сүресінің 165-ші аятында «وَالَّذِينَ آمَنُوا أَشَدُّ حُبًّا لِلَّهِ» яғни «Шынайы имандылардың Аллаға деген махаббаты бәрінен мықты және берік болады», - деп иман еткендердің Аллаға деген махаббатының тереңдігі мен маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл махаббат тек сезімдік сүйіспеншілік емес, ол адамның жүрегін, ниетін, іс-әрекетін және өмірлік таңдауларын толық Аллаға арнау арқылы көрсетеді. Имандылар үшін Аллаға деген махаббат барлық дүниелік құмарлықтан, нәпсіге берілуден, өзге адамдарға немесе заттарға тым қатты бағынудан жоғары тұратын сезім. Ол жүректің тазалығы мен рухани кемелдіктің өлшемі. Аллаға шынайы махаббат адамның тек Құдайға берілген адалдығы мен берілгендігінің айқын көрінісі. Сопылық дәстүрде махаббат адамның бүкіл болмысын қалыптастыратын және бағыттайтын негізгі күш ретінде талданады. Мұнда махаббат ол эмоциялық сезім емес, рухани кемелдікке апаратын құрал, жаратылыстың түпкі себебі және болмыстың мәнін айқындайтын ұстаным. Алланы тану мен білу процесі тек махаббат арқылы жүзеге асады. Шынайы Алланың махаббатына ие адам, Оның жаратқан барлық болмысын да сүйіп, қамқорлық көрсетуге ұмтылады. Сонымен қатар махаббат сопылық тәжірибеде рухани кемелдікке, ішкі тазалыққа және әлемдік үйлесімге қол жеткізудің басты философиялық және этикалық негізі болып бағаланады. Бұл жөнінде Ясауи былай дейді:

Бисмиллә деп баян еттім хикмет айтып,

Шәкірттерге дүр мен гәуһар шаштым, міне.

Жанды жалдап, қайғы шегіп, қандар жұтып,

Мен дәптер сәни сөзін аштым міне (Өлібекұлы & Дәуітұлы, 2008, 10-б).

Ясауи өзінің рухани жолда қалай жетілгенін үнемі баяндайды. Ол жиі зікір арқылы Алланы еске алып, Раббысынан келген әрбір нығметке шүкіршілік етеді және дүниелік құндылықтар алдында өзін төмен қойып, ішкі болмысын шамасы келгенше тәрбиелейді. Бұл тәжірибе арқылы Ясауи өз-өзін түзей отырып, рухани тазалыққа жетуге және Аллаға жақын болуға ұмтылады. Ол бұл туралы мына шумақтарында былай келтіреді:

Зікір етіп, шүкір етіп Хақты таптым,  
Дүниені харам санап, таптап өттім  
Диуана болып, қор болып жаннан қаштым,  
Уайымсыз болып жер қойнына кірдім ақыр (URL-2).

Ясауи хикметінде «риязет» ұғымы бұл Аллаға жақындау мақсатында жасалатын жүйелі өзіндік құрбандықтар жиынтығы болып саналады. Осы тәжірибе барысында адам барлық құмарлықтарынан, мақсаттарынан, нәпсінің қалауларынан бас тартады. Егер адамның жүрегінде Алладан басқа нәрсе қалса, онда шынайы махаббат пайда болмайды. Алладан басқаға құмар болған, дүниеқұмарлыққа берілген пенде шынайы ғашық бола алмайды. Ясауи осындай жалған ғашықтарға, яғни шынайы махаббаты сезіне алмайтын адамдарға назар аударады. Ол жөнінде төмендегі шумақтарында былай айтады:

Ғашықтықты маған айтып, дауға салма, жалған ғашық,  
Шын ғашықтың жүрегінде қан жылау анық.  
Махаббатың шерімен жанын қимаса егер,  
Өмірі өтіп бос кетеді өтірік жоқ анық.

Мехнат шегіп, махаббаттың бағын өсірмесен  
Нәпсінді қор көріп, оны жеңіп, өлтірмесен,  
Алланы айтып, жүрек түбін нұрға толтырмасаң,

Уаллаһи, биллаһи сенде ғашықтықтың белгісі жоқ (Eraslan, 1991, 110-111-б).

Ясауи осы мәтіндер арқылы махаббат жолында ішкі тазалықтың, нәпсіні бағындыру мен шынайы жан берудің маңыздылығын анық көрсетеді. Оның тұжырымында шынайы махаббат тек Аллаға берілу және Одан басқа барлық дүниелік байланыстардан толық айырылу арқылы туындайды.

Исламдық мистикалық дәстүрде махаббат жолы, жан мен рухтың тексерілуі, сүйгенге адалдық пен беріктіктің сынақтан өту жолы ретінде түсіндіріледі. Бұл жағдайда ғашық пенде барлық қиындықтар мен сынақтарға төтеп беруі тиіс, себебі Құдай сүйгеніне азаптар мен қиындықтар, бәле-жалаларды жіберу арқылы оның шынайы

махаббатын тексереді. Махаббат жолындағы бұл сынақтар ғашықтың махаббатының адалдығы мен беріктігін айқындау үшін қажет.

Осынған орай Ясауида өмірінде осындай рухани және ішкі сынақтарды бастан өткергені және сабырлық сақтап, шағымданбағаны мына өлеңдерінен байқалады:

Ғашық дертін дертсіздерге деуге болмас,

Бұл жолдардың қиындығы көп, оңай өтуге болмас.

Ғашықтықтың асыл сырын әр наданға сатуға болмас

Хабары жоқтың ғашық қадірін біле қоймас (Ögke, 2016, 104-б).

Алайда сопыдық дәстүрде рухани сынақтардың өзі кейде ғашықтықтың шынайылығын толық айқындауға жеткіліксіз болуы мүмкін. Құдай, абсолюттік махаббат иесі ретінде, сүйген құлын одан да ауыр талаптарға жанын құрбан етуге немесе отқа түсу іспетті символдық әрі экзистенциялық сынақтарға шақыруы мүмкін. Мұндай ауыр сынақтар шынайы ғашықтың жүрегінде қорқыныш немесе әлсіздік тудырмайды, өйткені ол үшін махаббат бүкіл болмысты анықтайтын түпкі мән.

Сопылық дүниетанымда махаббат адам өмірін өзгеше түспен өрнектеп, әлемді жаңа мағыналық қабатта танытады. Махаббаттың ізі ғашықтың әр қадамынан, әр құбылысты қабылдауынан көрініс табады. Ол жүректе жалындап жанып, Алладан басқа барлық пендешілік байланыстарды күйрететін ішкі рухани от. Ясауи шығармаларында бұл от адамды толық тазартып, рухани кемелдікке бастайтын трансформациялық күш ретінде сипатталады. Ясауи бұл шынайы махаббатты былай сипаттайды:

Ғашық болып, отқа түсіп жанып күйдін,

Ғашық болып жаннан өтіп, нұрға айналдың

Мұңға баттың, ғамға толдың, ақылдан бездің,

Ғашық дертіне дауа сұрасаң, ешқандай ем жоқ (URL-3).

Ясауи шынайы махаббат құпиясын түсіндіру барысында, нағыз ғашықтың рухани беріктігін ерекше атап өтеді. Оның пайымдауынша, Аллаға шексіз берілген пенде Хазіреті Ибраһимнің сынағы сияқты ең ауыр әрі асқан ерлік талап еткен жағдайлардан да тайсалмайды. Сопылық дәстүрде Ибраһим пайғамбардың отқа түсу оқиғасы Құдайға толық тәуекел мен шынайы махаббаттың көзі. Ясауи осы оқиғаны алға

тарта отырып, рухани жолдың ең биік шыңына жеткен ғашықтың жүрегінде қорқынышқа орын қалмайтынын меңзейді. Өйткені махаббатқа берілген жан үшін Алла разылығын табу, бүкіл болмыстың мәні, ал басқа барлық нәрсе өткінші.

Құмарлық, ләззәт махаббаттан айқын қыл сен,

Ғашықтарға ғашық отынан жария қыл сен,

Қайғы, зар мен машақатты нышан қыл сен,

Шын ғашықтар оттан не үшін қорықсын (Eraslan, 1983, 150-б).

Осы мәтіндерге сүйене отырып, Ясауи махаббат жолын рухани кемелденудің ең биік сатысы ретінде түсіндіреді. Оның пайымдануынша, бұл жолға тек толық берілу, жанның шынайы ықыласы және Хаққа деген терең сүйіспеншілік арқылы ғана қол жеткізуге болады. Ясауи үшін махаббат жай ғана сезімдік немесе эмоциялық хал емес, керісінше, адам болмысының ішкі құрылымын түбегейлі өзгертетін, нәпсіні тәрбиелеп, рухты тазалыққа жетелейтін күшті эволюциялық құбылыс болып саналады. Сопылық ілім шеңберінде махаббат ұғымы жан мен рухтың тазалығының, рухани төзімділіктің және ішкі тұрақтылықтың негізі өлшеміне айналады. Осы тұрғыдан алғанда, махаббат Ясауи дүниетанымында адамды кемелдікке жеткізетін, рухани жолдың өзегін құрайтын басты қағида ретінде көрініс табады.

Махаббатқа негізделген өмір, адам болмысының мәнін тереңдетіп, оны жоғары рухани деңгейге көтеретін құндылықтық жағдай ретінде сипатталады. Мұндай дәрежеге жеткен шынайы ғашықтар өмір жолындағы қиындықтар мен сынақтарды кемшілік немесе кедергі деп емес, рухани жетілудің заңды әрі табиғи құрамдас бөлігі ретінде қабылдайды. Осы тұрғыдан қарағанда, махаббат адам өмірінің негізі өзегі, ал иман сол махаббат арқылы өзінің ішкі мәнін ашып, шынайы рухани мазмұнға ие болады. Ахмет Ясауи бұл тұжырымын хикметінде былай жеткізеді:

Құл қожа Ахмет, махаббаттан ауыр сынақ болмас,

Мәрһәм жағу, махаббат дертіне дауа болмас,

Жылаудан басқа ешкім куә болмас,

Не істесең де, өзіңе ғашық қыл, Уа Раббым!» (Ögke, 2016, 93-б).

Сонымен қатар Ясауи махаббат жолын іздеу мен оны табуға деген үмітін үнемі білдіреді. Ол рухани жолды іздеу барысында Жаратушыдан өзіне дұрыс бағыт көрсетуін сұрайды. Яғни ол Алладан шынайы махаббатқа, рухани кемелдікке жетелейтін тура жолды нәсіп етуін тілеп, шын жүрекпен берілуге дайын тұрады.

Шибли сияқты ғашық болып сама соқсам,

Баязидше күн-түн тынбай Қағбаға жол тартсам,

Қағбаға бетті сүйкеп, жылап зар қылсам

Осы амалмен, Уа Раббым, Сені көрермін бе?» (Eraslan, 1991, 15-б).

Ясауи өзінің өсиеттері арқылы махаббат өмірін тек азап пен сынақ жолы ретінде емес, рухани жетілу мен Құдайға жақындаудың ерекше, қуанышты және татымды жолы ретінде сипаттайды. Махаббат арқылы адам иманның терең мәнін түсініп, өмірдің шынайы мәнін сезіне бастайды. Осы рухани жолда шынайы ғашық тек Аллаға берілу арқылы өз жанын толық тазартып, ішкі кемелдікке қол жеткізеді. Ясауидің түсінігінде махаббат рухани дамудың басты өлшемі. Ол адамды біртіндеп өзгертіп, жүрегін, нәпсісін және ішкі әлемін толықтай Аллаға қарай бұратын терең рухани жаңару үдерісі болып нақтыланады.

### Қорытынды

Ясауи тұлғасы түркі мәдениеті мен исламдық сопылық дәстүрде ерекше орын алады. Оның рухани мұрасы ғасырлар бойы сақталып, кейінгі зерттеулерде және мәдени тәжірибеде маңызды рөл атқарған. Ясауидің үгіт насихаты, құрған жолы Түркістаннан басталып, бүкіл түркі әлемінде таралған және сопылық тәжірибенің негізін қалаған. Ол қоғамдағы рухани тәртіп, шәкірт пен шейх арасындағы этикалық өзара байланыстар мен моральдық - адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға үлес қосқан. Ясауи тарикаты қарапайым дәруиштік топтан әлдеқайда кең, ол қоғамның рухани және мәдени өміріне айтарлықтай ықпал еткен. Сопылық дәстүрдің қалыптасу кезеңіндегі ұлы ойшылдар мен хазіреттердің тәжірибесі Ясауи дәстүріне негіз болған. Бұл дәстүрде шәкірттің шейхке сенімі, оның өсиеттерін орындауы, сондай-ақ ішкі тәртіп пен рухани әдепті сақтау басты назарда болған. Ясауи дәстүрі шәкірттердің тәртібі мен әдебін басты принцип ретінде қарастырады. Шәкірт шейхке толық сенім білдіріп, оның ишараттарын (меңзеу, белгі) түсініп, жауапкершілікпен орындауы тиіс. Жалғыздық тәжірибесі (қылуette отыру) зікір және құлшылық

арқылы нәпсі мен жанның тазалануы, рухани кемелдікке жету жолындағы негізгі әдістер ретінде ұсынылған.

Ясауи еңбектерінде таухид ұғымы Алланың бірлігін терең танып-білуге, Оның есімін жүрекпен зікір етуге және адам рухының тұтастығына жетуге бағытталған негізгі қағида ретінде түсіндіріледі. Рухани кемелдікке қол жеткізу үшін адам нәпсісін тазартып, күнәдан арылуы, шынайы тәубе жасап, ықыласпен құлшылыққа бет бұруы тиіс. Ал рия, яғни амалдарды Алла разылығы үшін емес, адамдардың мақтауын көздеп жасау рухани жолдағы ең қауіпті кедергілердің бірі саналады. Өйткені мұндай ниет адамның ішкі әлемін әлсіретіп, оны шынайы рухани дамудан алыстатады.

Ал ықылас адамның іс-әрекеті мен құлшылығында риядан арылып, шынайы ниетпен, таза жүрекпен Аллаға бағытталуын білдіретін негізгі рухани қағида. Ясауи түсінігінде ықыласқа жету адамның бар болмысымен Аллаға берілуі, амалдарының тек Оның разылығын көздеуі арқылы жүзеге асады. Бұл жолда нәпсімен күрес айрықша мәнге ие, өйткені ол адамның ішкі әлсіздіктері мен жамаң әдеттерін жеңуге бағытталған рухани тәрбие үдерісі. Ясауи түсінігінде мұндай рухани күрес жалғыздыққа бойсұну, үздіксіз зікір айту және тұрақты құлшылық ету арқылы іске асады.

Ясауи дәстүрінде шарифат пен тариқат бір-бірінен бөлек қарастырылмайды, керісінше өзара тығыз байланысты, тұтас рухани жүйе ретінде түсіндіріледі. Тариқат жолының нәтижелі болуы шынайы тәлімге, қатаң рухани тәртіпке және пірдің жетекшілігіне байланысты. Мүридтің пірге бағынуы Аллаға жақындаудың маңызды шарты деп есептеледі. Сонымен қатар махаббат Ясауи шығармаларында рухани өмірдің өзегі саналады. Ол Аллаға деген сүйіспеншіліктің ең жоғары көрінісі ретінде бағаланады. Алайда бұл ғашықтық тек шынайы ықыласқа негізделуі тиіс. Рияға сыртқы көрініске немесе жалған сезімге құрылған махаббат адамды рухани кемелдікке жеткізбейді. Ясауи үшін нағыз махаббат жүректің тазалығы мен Аллаға толық берілуінен туындайтын рухани хәл. Ясауи сопылық ілімін өкілі ғана емес, түркі халықтарының рухани дүниетанымын қалыптастыруда ерекше орын алған ірі ойшыл тұлға болып саналады. Оның хикметтерінде жүрек тазалығы, риядан сақтану, нәпсімен күрес, тариқат тәртібін сақтау және Аллаға деген махаббат секілді негізгі рухани ұстанымдар жүйелі түрде насихатталады. Бұл қағидалар өте келе түркі дүниесінің рухани мәдениетінде берік орнығып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тұрақты мұраға айналды.

## Әдебиеттер

- Abul, L. (2017). Ahmed Yesevi'nin Divani Hikmet'inde sembolik dil. *Diyanet İlmî Dergi*. Cilt-53. Sayı 1, 155-177.
- Aydar H. (2022). *Hicri ikinci asırda islami ilimler*. Ankara: İksad Uluslar Arası Yayınevi.
- Әлібекұлы, А, Дәуітұлы, С & Сағындықұлы, Б. (2008). *Әдеби жәдігерлер (20 томдық, 6-шы том. Қожа Ахмет Ясауи. Даналық кітабы)*. Алматы: Таймас баспасы.
- Bice, H. (2019). *Divan Hikmet'ten seçmeler. Hoca Ahmed Yesevi*. Ankara: MEB Yayınevi.
- Çetinkaya, B. (2017). Hoca Ahmed irfanında aşk yolunda/kapısında aşk. *Akademiar Dergisi*. (Haziran), Sayı 2, 157-225.
